

«ULY DALA MURASY»

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

«НАСЛЕДИЕ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»

научно-популярный журнал

«HERITAGE OF THE GREAT STEPPE»

science-popular journal

Құрылтайшысы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі
Архив, құжаттама және кітап
ісі комитетінің
«Қолжазбалар және сирек
кітаптар ұлттық орталығы»
республикалық мемлекеттік
мекемесі

Учредитель:

Республиканское
государственное учреждение
«Национальный центр
рукописей и редких книг»
Комитета архивов,
документации и
книжного дела
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан

Founder:

Republican State Institution
«National Center of Manuscripts
and Rare Books» Committee of
Archives, Documentation and
Book Business
Ministry of Culture and
Information of the Republic
of Kazakhstan

Бас редактор:

Жандос БОЛДЫКОВ, Қолжазбалар және сирек
кітаптар ұлттық орталығының директоры, PhD.

Редакция алқасы:

Рустам АЛИ, ҚР МАМ Архив, құжаттама және
кітап ісі комитетінің төрағасы, PhD;

ӘБЖАНОВ Ханкелді, тарихшы, ҚР ҰҒА
академигі;

ДҮКЕНБАЕВА Зада, тарих ғылымдарының
докторы, профессор;

КӨМЕКОВ Болат, шығыстанушы-арабтанушы,
ҚР ҰҒА академигі;

ҚАРА Әбдіуақап, Стамбул қаласы Мимар
Синан көркем өнер университетінің
профессоры (Түркия), тарих ғылымының
докторы;

ҚЫДЫРӘЛІ Дархан, ҚР Парламенті
Сенатының депутаты, ҚР ҰҒА академигі, тарих
ғылымдарының докторы, профессор;

МАТЫЖАНОВ Кенжехан, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі,
филол.ғ.д.;

МУМИНОВ Әшірбек, Ислам мәдениеті,
тарихы мен өнерін зерттеу орталығының
үйлестірушісі, т.ғ.д., (IRCICA);

ӨТЕПОВА Гүлфира, тарих ғылымдарының
докторы, профессор;

ПАЛТӨРЕ Ықтияр, Нұр-Мұбарак Египет
ислам мәдениеті университеті Ғылым және
инновация департаментінің директоры PhD,
доцент, шығыстанушы.



Главный редактор:

Жандос БОЛДЫКОВ, Директор
Национального центра рукописей и
редких книг, PhD.

Редакционная коллегия:

Рустам АЛИ, Председатель Комитета
архивов, документации и книжного
дела МКИ РК, PhD;

АБЖАНОВ Ханкелди, историк,
академик НАН РК;

ДУКЕНБАЕВА Зада, доктор
исторических наук, профессор;

КОМЕКОВ Булат, востоковед-арабист,
академик НАН РК;

КАРА Абдуакап, профессор
Университета искусств Мимар
Синан в Стамбуле (Турция), доктор
исторических наук;

КЫДЫРАЛИ Дархан, депутат
Сената Парламента РК, академик
Национальной академии наук
Казахстана, доктор исторических
наук, профессор;

МАТЫЖАНОВ Кенжехан, д. филол. н.,
член-корр. НАН РК;

МУМИНОВ Аширбек, координатор
Центра изучения исламской
культуры, истории и искусства,
доктор исторических наук,
профессор (IRCICA);

ӨТЕПОВА Гульфира, доктор
исторических наук, профессор;

ПАЛТӨРЕ Ыхтияр, директор
департамента науки и инноваций
Египетского университета исламской
культуры Нур-Мубарак, PhD, доцент,
востоковед.

Editor in Chief:

Zhandos BOLDYKOV, Director of the
National Center for Manuscripts and Rare
Books, PhD.

Editorial Board:

Rustam ALI, Chairman of the Committee of
archives, documentation and book affairs
of the ISS, PhD;

ABZHANOV Khankeldy, historian,
Academician of the National Academy of
Sciences of the Republic of Kazakhstan;

DUKENBAYEVA Zada, doctor of historical
sciences, professor;

KUMEKOV Bulat, orientalist-arabist,
Academician of the National Academy of
Sciences of the Republic of Kazakhstan;

KARA Abdulvahap, Doctor of Historical
Sciences, Professor at Mimar Sinan
University of Arts in Istanbul (Turkey);

QYDYRÁLI Darhan, academician of
the National Academy of Sciences of
Kazakhstan, Deputy of the Senate of the
Parliament of the Republic of Kazakhstan,
doctor of historical sciences, professor;

MATYZHANOV Kenzhehan, doctor of
Philology, corresponding member, National
Academy of Sciences of the Republic of
Kazakhstan;

MUMINOV Ashirbek, Coordinator of the
Center for the Study of Islamic Culture,
History and Art, etc. (IRCICA);

ÖTEPOVA Gulfira, doctor of historical
sciences, professor;

PALTORE Ytiyar, director of the Department
of Science and Innovation of the Egyptian
University of Islamic Culture Nur-Mubarak,
PhD, orientalist.



МАЗМҰНЫ

Қ.И. СӘТПАЕВҚА 125 ЖЫЛ

<i>Садықов Тілеген</i>	
Қаныш Сәтбаев – қазақ ғылымының атасы	7
<i>Өтепова Гүлфира</i>	
Сәтбаевтың Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі	14

СИРЕК ҚОЛЖАЗБА – РУХАНИ МҰРА

<i>Пәрімбекова Кәмшат</i>	
Ұлы дала тарихының жазба мұралары	19
«Шетелдік қорлардағы құнды жазба мұралар» Каталог-альбомы	24
<i>Бисенова Гүлсім</i>	
Британия ұлттық архив қорларындағы қазақ тарихы	28
<i>Ботабеков Сырым</i>	
«Құжат реставрациясы: консерватизм және инновация» VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинары жайлы	35
<i>Баймағамбетова Анар</i>	
Өркениеттің ордасы болған көне Тараз шаһарынан табылған жазба мұралар	40

ҰЛЫ ЕСІМДЕР: ТАРИХ, ТҰЛҒА, ТАҒЫЛЫМ

<i>Дүйсен Сейітқали, Жабай Қалиев</i>	
«Ұлық ұлыс» және Жошы тұлғасы туралы зерттеулер	45
<i>Абсаликов Алмат</i>	
Личность Кет-Буки в исторических источниках	52
<i>Орынбасар Бағлан</i>	
Мұхаммед Хайдар Дулати – Кашмир билеушісі	64

ТАРИХИ ТАЛДАУЛАР

<i>Жабықбай Әділәлі</i>	
Тыныбай мешіті – еліміздегі тарихи нысандардың бірі	68
<i>Игорь Прохоров</i>	
Загадки древних коневодов Казахстана	73
<i>Иманбекова Гулшат</i>	
Орта ғасырлық қалалар мәдениетінің өркендеуі	81

ҒЫЛЫМИ АҚПАРАТ

<i>Таукелова Жанна</i>	
Қолжазба – ғасырлар мұрасы	87
<i>Жақан Назерке</i>	
Тарихы бай, тағылымы терең Түркістан	91
<i>Омарова Бақытжан</i>	
Ғасырлар руханияты Астана төрінде	95





«Бүгінде алпауыт елдердің арасында барлық салада бақталастық өршіп тұр. Біз осы күрделі кезеңде экономиканың жаңа үлгісіне көше бастадық. Әділ, инклюзивті әрі бәсекеге қабілетті экономика құруға кірістік. Ғылым мен инновация оның басты тірегі болуға тиіс. Біз көшке ілесетін емес, көшті бастайтын елдердің қатарында болуымыз керек. Бір сөзбен, ғылыми әлеуетімізді арттыру қажет. Жалпы, осы бағытта біраз шаруа атқарылып жатыр. Мен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында бір-қатар нақты тапсырма бердім. Барлық мәселе менің тікелей бақылауымда. Қазір «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заң жобасы Парламентте қаралып жатыр. Кеше Сенат оны бірінші оқылымда мақұлдады. Бұл – өте маңызды әрі көптен күткен құжат. Ғылымды басқару жүйесін жетілдіру керек. Ғалымдарға әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі де маңызды. Сондықтан Заңда ғылыми қауымдастықтың мүддесі барынша ескерілетін болады. »

**Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаевтың
Ұлттық ғылым академиясында
жас ғалымдармен кездесуінен**





ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

1992 жылдың 4 маусымында Қазақстанның жаңа Мемлекеттік рәміздері туралы заң қабылданып, алғаш рет бекітілді. Бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады. Қазақстан халқы осы мерекені 32 жылдан бері атап өтіп келеді.

Мемлекеттік рәміздеріміз – Ту, Елтаңба және Әнұран – біздің ұлттық мақтанышымыз, тарихымыздың, мәдениетіміздің және болашаққа деген сеніміміздің көрінісі. Еліміздің тәуелсіздігінің, егемендігі мен бірлігінің нышаны ретінде әрбір азаматтың жүрегінде ерекше орын алады.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев қазақстандықтарды Мемлекеттік рәміздер күнімен құттықтап, Елтаңба, Ту, Әнұран – Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі екендігін айтты.

Туымыздың көгілдір түсі ашық аспанымыз бен бейбітшіліктің белгісі болса, күн мен қыран құс біздің тәуелсіздігіміздің, биікке ұмтылған болашақтың және жарқын күндердің символы. Елтаңбамыздағы шаңырақ – ортақ үйіміздің, отбасылық құндылықтардың бейнесі, ал Әнұранымыздың әрбір сөзі – ұлттың рухын көтеретін, жүрегімізді елжірететін қасиетті әуен.

Мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу – әрбір қазақстандықтың парызы. Оларды биік ұстау, қадірлеу арқылы біз бірлігімізді, тәуелсіздігімізді және болашаққа деген сенімімізді нығайтамыз. Бұл күн әрқайсымызға елімізге деген мақтаныш сезімін сыйлап, ұлтжандылық рухын арттырады.

Баршаңызға амандық пен береке тілеймін! Қазақстанның тәуелсіздігі мәңгілік болып, көк туымыздың мәртебесі биік болсын!

**Құрметпен,
Бас редактор, PhD Ж. Болдыков**





« Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен, лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді танумен, еңбек адамының жасампаз ісін танумен кең өрісін табады. »

**Академик
Қаныш Имантайұлы Сәтпаев**





Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті,
Тарих факультеті, Қазақстан тарихы
кафедрасының профессоры,
тарих ғылымдарының докторы
Садықов Тілеген

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АТАСЫ

Түйіндеме. Мақалада Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың Жезқазған өнеркәсібінің алғашқы ұйымдастырушысы ретінде сіңірген қажырлы еңбегі жөнінде айтылады.

Кілт сөздер: Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Жезқазған, өнеркәсіп, мыс, шахта, геолог.

Сарыарқаның кіндігі Жезқазған жерінде ғасырлар бойы тұнып жатқан мол қазына байлығы адамзатқа сонау көне заманнан белгілі болған. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, көне қола дәуірдің өзінде-ақ ертедегі адамдар осы өңірде бір миллиондай бай мыс кенін өндірген.

Біздің дәуірімізге дейін 5 ғасырда өмір сүрген Геродотқа жүгінсек, қазіргі Жезқазған жерін жайлаған сақтардың үлкен тайпасы массагеттер – мыс пен алтын өндіруді игеріп, қару-жарақты мыстан дайындаған. Бірақ одан өндіріс мәдениетінің әрі қарай дамуы туралы деректер кездеспейді.

Мысты өңірдің табиғи байлығы жөніндегі көлемді деректер 18 ғасырдың екінші жартысында Қазақстан жеріне жіберілген Ресейдің ғылыми экспедициялық зерттеулері арқылы алынды. Мысалы, 1771-1772 жылда-

ры Ресейдің императорлық Ғылыми Академиясының арнаулы экспедициясын басқарып Қазақстан жеріне келген Н. Рычков өзінің «Күнделік жазбаларында» Ұлытаудан басталатын өзендер Ұлықарағай, Жыланшық, Кеңгір, Сарыкеңгір, Жездікеңгір бойында ертедегі адамдардың қазған кендерінен алтын мен күмістің белгілері табылды, – деп жазды. Көне кеншілердің іздерін зерттей отырып, ол: «зерттеу жұмыстарының барысы бұл жерде кеннің барлығын көрсетеді, яғни ізденіс өзі ақтайды» – деп көрсетті.

Жезқазған мысын өндірістік жолмен өндіру жөніндегі алғашқы талпыныс орыс капитализмінің алпауыттары Н. Ушаков пен А. Рязанов және оның мұрагерлері Жезқазған жеріндегі бай кен орындарын өздеріне қаратып, иеліктеріне алғанымен, ХХ ғасырдың басына дейін өлкеде мыс өндіру да-





1 сурет. Академик Қ.И. Сәтбаев

мыған жоқ. Тек, 1906 жылы Лондонда құрылған ағылшын, француз «Атбасар мыс кеніші» акционерлік қоғамының қолына көшкеннен кейін Жезқазған мыс кенін игерудің алғашқы қадамы басталды. Он жылдың (1907-1917 жж.) ішінде ағылшындар кен орындарында 235 бұрғылау жұмысын жүргізіп, ұзындығы 3500 м болатын 19 шахта қазды. Балқытуға 37500 т мыс кені дайындалды. Сол кез үшін бұл қор көп болып көрінгенімен, Жезқазғанның кейіннен зерттелген байлығы оның теңіздегі тамшыдай ғана екенін көрсетті. Ағылшындардың жалпы атқарған жұмысы 3500 сомға бағаланды.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін тоқтап қалған Қарсақпай зауытын қалпына келтіріп, мыс өндірісін жолға қою мақсатында 1925 жылы «Атбасартүстіметалл» тресі құрылды. Міне, осы треске Томск технологиялық институтын сәтті аяқтаған қазақтан шыққан тұңғыш инженер-геолог Қ.Сәтбаев ҚазССР Халық шаруашылығы Орталық Кеңесінің жолдамасымен қызметке жіберілді. 1926-1929 жж. трестің геологиялық тобының жетекшісі, ал 1929 жылы трест Қарсақпайға көшірілгеннен бастап

комбинаттың геологиялық-барлау партиясының бастығы болып, Қ. Сәтбаев 1941 жылдың шілде айына дейін Қарсақпайда тынымсыз еңбек етті. «Үлкен Жезқазған» деп аталған алып мыс комбинаттың дүниеге келуі, мысты өлкенің ен байлығы жан-жақты зерттеліп, игеріле бастауы Қ.Сәтбаевтың есімімен тікелей байланысты. Енді сол жайында дәлел болатын деректерге жүгінейік. Мақалаға негізгі арқау болған деректер, құжаттар Орталық Мемлекеттік

архивте сақталған, әлі көп жарияланбаған Қ.И. Сәтбаевтың № 2057 жеке қорынан алынды.

1928 жылдың өзінде-ақ «Атбасартүстіметалл» тресінің 1928/29-1932/33 жж. кен орындарын барлауға арналған жоспарын талқылау кезінде, Қ. Сәтбаев сол кезде белгілі болған Жезқазған аймағындағы 195 мың т мыс қоры жөндеуден өткен Қарсақпай зауытын ғана емес, жылдық өнімділігі 25 мың т мыс балқытуға жететін жаңа Жезқазған комбинатына да жеті тұжырым айтқан еді. Бұл тұжырым ұшантеңіз байлықты анықтаудың басы ғана болды. Одан кейінгі геологиялық барлаулар, ғылыми зерттеулер мен ойлар мыс қорының мұнан әлдеқайда мол екенін көрсетті.

Қ. Сәтбаев басқарған геологтардың қажырлы, тынымсыз еңбегінің арқасында 1933 жылы, яғни бірінші бесжылдықтың аяғында, өндіруге дайын мыстың көлемі 1033 мың тоннаға, ал жалпы есепке алынған кеннің қоры 2300 мың т жетті. Кен қоры жөнінен Жезқазған сол кезде «мыс алыбы» атанған Қоңырат кенін (Балқаш), Орал, Башқұртстан, Орта Азиядағы мыс кен орындарын артқа тастап, КСРО бойынша бірінші орынға, ал дүниежүзі бо-



йынша Африкадағы Родезия, Катанги, Америка континентіндегі Чилиден кейінгі төртінші орынға шықты.

1934 жылы «Үлкен Жезқазған» атты мысты өңірдің өзекті мәселелеріне арналған арнаулы ғылыми жинақта жарияланған мақаласында Қ.Сәтбаев Жезқазған комбинатын салудың тек экономикалық ғана емес, үлкен стратегиялық саяси маңызы бар екенін негіздеп берді. Қаныш Имантайұлының ғылыми тұжырымдамасына сүйенсек, 1932 жылы КСРО-да мыс өндіру мен ауыр өнеркәсіпте мысты пайдалану арасындағы айырмашылық, яғни мыстың жетімсіздігі 23 мың тоннаға жеткен. Болашақта бұл жетімсіздік өсе түспек: егер де ол 1937 жылы 41 мың т жетсе, ал 1942 жылы, яғни үшінші бесжылдықтың аяғында, елдің барлық зауыттары 259 мың т мыс өндіреді деп күткеннің өзінде де, мыстың жетімсіздігі 160 мың тоннаға жетпек. Ал оның өзі ауыр өнеркәсіптің басты салалары – электр және машина жасау өнеркәсібіне кедергі келтіреді. Міне, осы фактілерді саралай келіп, Қ.Сәтбаев екінші бесжылдықтың аяғында тағы да бір үлкен мыс өндіретін кәсіпорын салуды бастаудың қажеттігін дәлелдеді.

КСРО көлемінде басқа да игерілуге тиісті мыс кен орындарының барын есептей отырып, Қ.Сәтбаев дұрыс шешім қабылдануы үшін үш негізгі алғышартты ескерудің қажеттігін айтты. Біріншіден, мыс кен орындарының қорының көлемін ескеру керек, әрі ол нақты және дәл зерттеліп, анықталған болуы керек, екіншіден, ол кәсіпорын ешқандай қауіпсіз, әрі күмәнсіз кен өндіру мен өңдеудің нақты технологиясы айқындалғанда ғана салыну керек, үшіншіден, жаңа құрылыс жөніндегі шешім сол аймақтағы мыс қорының әрі қарай өсу болашағын және табиғи өндірістік күштің жалпы байлығын ескере отырып, қабылдануы керек.

Одақ көлеміндегі мыс кен орындарының болашағын болжауға құрылған КСРО Ғылым Академиясының арнаулы комиссиясына Қ.Сәтбаев КСРО-дағы ең үлкен мыс аймақтарының мүмкіндігі жөніндегі салыстырмалы мәліметтерді ұсынды.

Мәліметтер бойынша, Қ.Сәтбаев жаңа мыс алыбын салуға сипат жағынан сәйкес келетін Жезқазған мен Алмалықты салыстырады. Анықтап айтқанда: а) Жезқазғанның кен байлығы Алмалыққа қарағанда екі еседен артық көп; б) барланған кендегі мыстың құрамы Жезқазғанда 1,91% көрсетсе, Алмалықта ол көрсеткіш 0,84% қана; в) Жезқазғанда 1 тонна таза мыс алу үшін 60 т кен балқыту керек болса, Алмалықта 133 т қажет; г) Жезқазғандағы барланған кеннің көлемі Одақ бойынша ең нақты көрсеткіш болып есептеледі; д) Жезқазғаннан басқа бірде-бір кен орындарында бүгінге дейін А2 категориясына жататын таза мыс құрамы анықталған жоқ. Аталған дәлдемелер тек Жезқазғанда ғана екінші бесжылдықтың аяғында ірі мыс өндіру комбинатының құрылысын бастау қажеттігін растады.

1934 ж. қараша айында Большевиктер партиясы Қазақстан Өлкелік Комитетіне және ҚазССР Халық Комиссарлары Кеңесіне жазған хатында Қ.Сәтбаев жоғарыда көрсетілген негіздемелерді айта келіп, Жезқазған өңірінде мыстан басқа бай марганец кенінің барын дәлелдеді. Қаныш Имантайұлының пікірінше, жоғары сотты Жезқазған марганеці тек Қарағандыдағы металлургия зауытына ғана емес, Оралдағы Магнитогорск зауытын да қамтамасыз етеді. Қ.Сәтбаевтың көрегендігі Ұлы Отан соғысы кезінде дәлелденді. 1942 жылы қорғаныс ісіне аса қажетті марганец кенін Жездіде өндіру басталып, ол темір жол арқылы Оралға,



Магнитогорск металлургия зауытына жеткізілді.

Айтылған хатта Қ. Сәтбаев Жезқазған өндірісінің игерілуі тек өнеркәсіп үшін ғана тиімді емес, сонымен қатар, Сарысу өзенінің ауыл шаруашылығы үшін қолайлы бай бағасын өркендетуге мүмкіндік беретінін көрсетті. «Орталық Қазақстанды қақ бөліп өтетін темір жол салынса, табиғи өндіргіш күштері мол, бірақ осы уақытқа дейін игерілмеген өлкенің экономикалық-мәдени өмірінің күрт өркендеуіне әкелер еді», – деп жазды.

Үлкен Жезқазған құрылысын бастаудың әлеуметтік-экономикалық және саяси маңызын дәлелдей отырып, Қ. Сәтбаев оны жүзеге асырудың кезек күттірмейтін негізгі үш міндетін айқындап берді. Біріншіден, Үлкен Жезқазған құрылысын 1937 жылы бастап, 1941 жылы өндірілген мыстың

алғашқы кезегін алу үшін 1935 жылдан қалдырмай қажетті дайындық жұмыстарын бастау керек, яғни комбинат құрылысын жобалау, азық-түлік базасын, қосымша кәсіпорындарды, тұрғын үй, тұрмыстық құрылыстарды комбинат құрылысы басталғанға дейін аяқтап, дайындау; екіншіден, комбинат құрылысына өте қажетті темір жол салу ісін жолға қою, яғни 1935 жылдан қалдырмай жобалау, техникалық дайындық жұмыстарын жүзеге асырып, жол қатынастары Халық Комиссариатын (НКПС) 1938 жылдың ортасына дейін осы жолы арқылы уақытша қозғалысты қамтамасыз етуге міндеттеу; үшіншіден, Ауыр Өнеркәсіп Халық Комиссариатына (НКТП) 1932 жылдың 1 қаңтарына дейін Үлкен Жезқазған құрылысын жобалауға, салуға жауапты «Жезқазғанқұрылыс» жобалау-құрылыс ұйымын құруды тапсыру.



2 сурет. Академик Қ. Сәтбаев геологиялық ғылымдар институты қызметкерлерімен бірге, 1960 жыл



Қаныш Имантайұлы ұсынған бұл негізгі міндеттердің дұрыстығын кейін құрылыстың барысы толық дәлелдеп берді. Құрылысты дер кезінде бастауға қажетті басты міндеттерді айқындай келіп, Қ.Сәтбаев дұрыс шешімін табуды қажет ететін мәселелерге ерекше назар аударады. Бірінші орында, әрине Жезқазғанды сыртқы өмірмен байланыстыратын темір жол құрылысының тиімді жобасын табу міндеті тұрды. Бұл ретте Қ. Сәтбаев Балқаш комбинатын салу кезінде жіберілген кемшілікті, яғни темір жол құрылысын алдымен аяқтамай, тек Балқаш көлі арқылы қатынасқа сеніп, комбинат құрылысының қиындық көргенін еске алды. 20 жылдардың аяғында-ақ Жезқазғанға теміржол салудың төрт түрлі жобасы қаралған болатын. 1931 жылы жол қатынастары Халық Комиссариаты Жезқазған үшін ең тиімдісі – салынып жатқан Қарағанды-Балқаш желісіне Өспен кенішінің тұсынан қосу деп тапты. Бұл жоба өзінің қысқалығы жағынан (429 км), темір жол желісі өтетін аймақтың экономикасына тиімділігі жағынан, басқаларымен салыстырғанда қолайлы деп есептеледі. Осы орайда Қ.Сәтбаевтың «егер 1936 жылы Қарағанды-Балқаш желісі алынып, аяқталса, құрылыстан босаған маман кадрлары, қажетті техникалық жабдықтар мен құралдарды Жезқазған темір жол құрылысына пайдалануға болады» деген пікірі де үлкен рөл атқарады. КСРО Жоспарлау комитеті құрылыстың көлемін 108 млн. сомға бағалады.

1935 жылды аяғында, немесе 1936 жылдың басында басталатын құрылыс екі жылда аяқталуы тиіс болды. Қаныш Имантайұлының «Жаңа темір жол арқылы Қарағанды көмірін тиеген алғашқы поезд өткеннен кейін екі жылдан кейін ғана Үлкен Жезқазғанды іске қосуға болады» деген сөзі бұл мәселенің шешілуінің қаншалықты маңызы болғанын көрсеткен сияқты.

Темір жол желісінің іске қосылуы Үлкен Жезқазған комбинатына қажетті тағы бір мәселесін шешер еді. Ол – Қаныш Имантайұлы айтқандай, Қарағанды көмірінің темір жол арқылы Жезқазғанға жеткізілуі. Егер де бұл шараны жүзеге асыруда кездейсоқ қиындықтар кездесіп қалса, Қ. Сәтбаев, қосымша шешім ретінде, Жезқазғаннан 170 км қашықтықтағы барланған қоры 40 млн т тас көмір болатын Қияқты кенін игеруді ұсынды.

Қ. Сәтбаевтың Жезқазған мыс өнеркәсібінің болашағын болжау кезінде ерекше көңіл аударған мәселелерінің бірі – болашақ ірі өнеркәсіпті, онда қызмет ететін адамдарды сумен қамтамасыз ету болды. Үлкен байыту фабрикасын салу үшін ауқымды су қорын жасау қажет еді. Қ.Сәтбаев осыған байланысты, Балқаш комбинатын салу кезеңіндегі судың жетіспеуі және оның сапасының нашар болуының нәтижесіндегі қиыншылықтарды қайталамауды еске салды.

Ауыр өнеркәсіп Халық Комиссариаты Су құрылысы Одағының зерттеулеріне сүйене отырып, ол су қоймасын Жезқазғаннан 25 км жерде Кеңгір өзенінің жағасында салуды ұсынды. Қаныш Имантайұлы қоймадағы судың жылдық қоры 42 млн куб.м болатынын, ал күші 100 мың тонна мыс балқытатын комбинатқа жыл сайын тек 25-30 млн куб.м су кететінін есептеп, болашақ комбинат үшін су қорының толық жететінін дәлелдеп берді.

Үлкен Жезқазған сияқты алып құрылыстың болашағын айқындайтын маңызды факторлардың бірі кадр мәселесі еді. Білікті жұмысшы және инженер-техник кадрларды даярлаудың жан-жақты, терең ойластырылған ауқымды жүйесін қалыптастырмайынша, бұл мәселені түбегейлі шешу қиын болды. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстанның тек тау-кен өнеркәсібінде ғана емес, жалпы



өнеркәсібінде білікті маман кадрлар жоқтың қасы болды.

«Атбасартүстіметалл» тресіне қызметке келген күннен бастап-ақ Қ. Сәтбаев осы өзекті мәселеге талдау жасап, тығырықтан шығу жолдарын табуға тырысты. Шешімнің бір жолы ретінде Ресейдің өнеркәсіп орталықтарынан, Оралдан Қазақстанның басқа қалалары мен аудандарынан жалдамалы жұмысшылар шақыру ойластырылды. Бірақ бұл ойдың да өз қиындығы болды. Көп жағдайда жұмысқа жалданғандардың төлем шығыны олардың жұмысынан келетін пайдадан асып кетті. Мысалы, Қазан қаласынан Байқоңыр көмір кенішіне шақырылған 1 адамның жол ақысы төлемі, жолдағы күндеріне төленген қаражат 37 сом 25 тиын болды. Кенішке шақырылған 112 адамға 4172 сом қаржы кеткен. Ал Қарсақпайда маусымдық құрылыс жұмысына әкелінген әрбір жалдамалы жұмыскерге кеткен шығын орта есеппен 100 сомнан болған.

Орталықтан әкелген жалданбалы қызметкерлерге көп қаржы жұмсалғанымен өзін-өзі ақтамады. Жұмысшылардың, инженер-техниктердің тұрақтануы әлсіз, ағымы өте жоғары болды.

Әсіресе, өндіріс ісін басқаруға өте қажетті инженер-техник мамандарының тұрақсыздығы күшті болды. Олардың қызмет мерзімінің бір жылғы орта есеппен ұзақтығы төмендегідей болды: инженер-техниктер – 5 ай 9 күн, бақылау есеп қызметкерлері – 5 ай 12 күн, десятниктер – 3 ай 7 күн, кеңсе қызметкерлері – 3 ай 8 күн, табельшілер – 2 ай 9 күн, басқа категориядағы қызметкерлер – 4 ай 2 күн. Бұл мәліметтен көретініміз, олардың өндірісте істеген мерзімдерінің жарты жылға да жетпеуі. Әрине, мамандардың ішіндегі мұндай ағым өнеркәсіптің жандануына өзінің кері әсерін тигізді.

«Қарсақпай ауданы және оның өндірісі» деген мақаласында Қ.Сәтбаев басшы мамандардың ішіндегі тұрақсыздықты төмендегі себептермен түсіндірді: а) жалпы КСРО бойынша, әсіресе түсті металды өндіру, өңдеу саласында, білікті техникалық мамандардың жетімсіздігі; б) жергілікті ерекшеліктерді (ауа райы, тұрмыстық) білетін мамандардың мүлдем болмауы; в) өнеркәсіпке енді ене бастаған тау-кен жұмыстарының жаңа әдістері бойынша КСРО-да мамандардың әлі дайын болмауы; г) жергілікті жерде әлі толық шешілмеген әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер, атап айтқанда, тұрғын үйлердің жетіспеуі, қажетті азық-түлікпен толық қамтамасыз етілмеу, медициналық жәрдемнің жетімсіздігі, мәдени ошақтардың (театр, кітапхана) болмауы т.б.; д) жергілікті басшы ұйымдарының шақырылған маман кадрлармен дұрыс жүргізе алмауы; е) шақырылып әкелінген мамандардың еңбек ақыларының мардымсыз болуы, көп жағдайда, Донбасск, Орал, Сібір сияқты аймақтардан төмен болуы т.б.

Осы айтылған себептерді сараптай келіп, Қ. Сәтбаев жұмыс күшінің болашақ қорын толтырудың жолы ретінде өндіріс орындарынан 100 шақырым жерде орналасқан Ұлытау ауданын, совхоздар ұйымдастыру арқылы, отырықшы халықпен қоныстандыруды ұсынды. Ол кісінің пікірінше, бұл шара өнеркәсіпке жұмыс күшін, жергілікті халыққа нан берер еді, ал аз қонысты Ұлытау ауданы экономикасы өркендеген аймаққа айналар еді. Мысал ретінде, Қ. Сәтбаев кезінде бос жатқан өнеркәсіптің дамуы нәтижесінде, адамдар жиі қоныстанған, тұрақты елді мекенге айналған Спасск аймағын келтірді.

Қаныш Имантайұлының ерекше назар аударғаны – білікті инженер-тех-



ник мамандарын даярлау мәселесі еді. Қарсақпай комбинаты құрылысының алғашқы кезеңі бұл мәселенің қаншалықты күрделі екенін көрсетті. 1926 /27 жылы комбинат бойынша техникалық мамандар жалпы жұмыскерлердің 1/5 пайызын құрады. Олардың ішінде революцияға дейінгі кезеңнен жұмыс тәжірбиесі балалардың саны тек 5 пайыз ғана болды. Осы жағдайды ескеріп Қ. Сәтбаев өндіріске аса қажетті инженер-техник мамандарды тұрғылықты адамдардан, әсіресе жастарынан дайындау мәселесін қойды. Кіші техникалық мамандарды даярлау мақсатымен, Қаныш Имантайұлының ұсынысымен, Қарсақпайда алғашқы оқу орындары ашылды. 1927 жылы тәжірибе алмасып, біліктілігін жетілдіру үшін Оралдағы мыс өнеркәсіп орындарына алғашқы 15 қазақ мамандары жіберілді.

1927 жылдың 7 маусымында «Атбасартүстіметалл» тресінің Қ. Сәтбаев қол қойған хаты Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетіне (ВЦИК) жіберілді. Хатта Жезқазған өнеркәсібіне қажетті маман кадрларды даярлау мақсатында үш адамға Сібір техноло-

гиялық институтына жолдама беру сұралған.

Міне, кенді аймақтың келешегі үшін Қаныш Имантайұлы және оның серіктері жүргізген тынымсыз тірлік өз нәтижесін берді. 30-шы жылдардың ортасында, яғни Үлкен Жезқазған құрылысы басталардың алдында, Қарсақпай комбинатында 3000-ға жуық білікті маман кадрлар жұмыс істеді. Бірақ, екіншке орай, осы бір сәтті басталған жұмыс 30-шы жылдардың аяғына қарай тоқырап қалды. Себебі, сол кездегі ресми басшылық ірі құрылыстарға қажетті мыңдаған жұмыс күшінің ақысыз, сұраусыз тегін табылатын жаңа жолы – ГУЛАГ жүйесін құрған еді. 1940 жылдың 1 сәуірінде Үлкен Жезқазған құрылысы осы ГУЛАГ жүйесіне берілді. Алып құрылыс негізінен, солардың қолымен салынды.

Дегенмен де, Қаныш Имантайұлының қажымас еңбегі зая кеткен жоқ. Ол кісінің көптеген шәкірттері осы уақытқа дейін мысты өңірде жемісті еңбек етіп жүр. Олар Қаныш Имантайұлын Жезқазған өнеркәсібінің алғашқы ұйымдастырушысы деп зор мақтанышпен естеріне алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия. / Бас ред. Б.О. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011.
2. Сәтбаев Қ.И. Ежелгі Жезқазған // Қазақстан правдасы. 1936. №143
3. Сәтбаев Қ.И. Қазақстан мыс қоры // Таңдамалы. 5 томдық. Шымкент. «Оңтүстік полиграфия», 2007. Т.3
4. Сәтбаев Қ.И. Қарағанды бассейнінің түсті және қара металлургиясының дамуы // Таңдамалы. 5 томдық. Шымкент. «Оңтүстік полиграфия», 2007. Т.5
5. Сәтбаев Қ.И. Жезқазған өңірінің тарихи-археологиялық деректері // Таңдамалы. 5 томдық. Шымкент. «Оңтүстік полиграфия», 2007. Т.5
6. ҚР. ОММ. № 2057 – қ. Қ.И. Сәтбаевтың жеке қоры бойынша мәліметтер.

Резюме. В статье рассказывается о нелегком труде Каныша Имантайұлы Сатбаева как первого организатора Жезказганской промышленности.

Summary. The article discusses about the challenging work of Kanys Imantaiuly Satbayev as the first organizer of the industrial sector in Zhezkazgan.





Ә. Марғұлан атындағы
ППУ профессоры,
тарих ғылымдарының докторы
Өтепова Гульфира Елубайқызы

СӘТБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Түйіндеме. Мақалада қазақ даласының ұлы перзенті Қ.И.Сәтбаевтың ғылымның көптеген саласына, соның ішінде тарих ғылымының дамуына қосқан зор үлесі туралы айтылады.

Кілт сөздер: Қ.И. Сәтбаев, ғалым, тарих, этнография, Қазақстан Ғылым академиясы, газет.

Биыл қазақ даласының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толып отыр. Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы 12 сәуір – Ғылым күніне орай «Қазақстандағы ғылымның дамуындағы Қ. Сәтбаевтың рөлі» атты ғылыми-танымдық дөңгелек үстелі мен «Қазақ ғылымының негізін қалаушы» атты көрмесін ұйымдастырды. Іс-шара Қазақстан ғылымының жетекші салаларының өркендеу сатылары және оны қалыптастыру ісіндегі Сәтбаевтың рөлін жан-жақты дәріптеу және жас ұрпаққа насихаттау мақсатымен өткізілді. Ұлы ғалымның тарихта қалдырған өшпес ізі туралы баяндамалар тыңдалды. Дөңгелек үстелге А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

және Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің оқытушы-профессорлар құрамы, қоғам қайраткерлері, студенттер және мектеп оқушылары қатысты. Еліміздегі ғылымның қазіргі кездегі дамуының маңыздылығы, осы бағыттағы жас ғалымдардың үлесі және бүгінгі жетістіктері туралы мәселелер талқыланды.

Қаныш Сәтбаев – белгілі ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақстан Ғылым академиясының тұңғыш президенті. Оның негізгі еңбектері тау-кен геологиясы бойынша зерттеулерге және Қазақстандағы пайдалы қазбалар кен орындарын барлауға арналған.

Бұл тарихи деректердің барлығы белгілі, бірақ тарихшы Қ. Сәтбаевты бәрі бірдей біле бермейді. Барлық ұлы адамдар сияқты ол нағыз энциклопед-





1 сурет. О. Оспанов, Р. Мұхамеджанова, Ә. Марғұлан, Қ. Сәтпаев, Н. Сауранбаев, А. Машани

диялық білімге ие болды, ол математиканы, музыканы, жаратылыстануды, өнерді және тарихты жақсы меңгерген. Туған жерінің тарихына деген сүйіспеншілігін ата-анасы, жақындары, Баянауылдың ерекше табиғаты қалыптастырды.

Павлодар орыс-қырғыз училищесінде және Семей мұғалімдер семинариясында оқуы оған тарих пен этнографиядан жүйелі білім берді. 20 ғасырдың 20-шы жылдарының басында жас Сәтбаев қазақтың ауызша халық шығармашылығын, жазба дереккөздерін, туған өлкесінің тарихын зерттеуге құштар болды. Көптеген тілдерді (араб, шағатай, парсы, орыс) білу оған Шығыстың, Еуропаның және Ресейдің тарихы мен мәдениетімен танысуға мүмкіндік берді.

Студенттік шағында-ақ Сәтбаевтың «Қазақ тілі» газетінде «Обаған» (1923) атты мақаласы жарияланып, онда

ұмыт болған әннің тарихы туралы сөз болады. 1924 жылы Ташкентте оның «Қазақтың жұмбақтары мен тіл сырлары», «Ежелгі қазақ ойындары» атты мақалалары жарық көрді.

Қаныштың геологиялық қызмет кезеңінде фольклорды, этнографияны, тарихты зерделеуге деген қызығушылығы бұрын-соңды болмаған қызығушылықпен арта түсті, өйткені ол қазақ даласындағы көп ғасырлық тарихтың қалдықтарын анық көре білді. Нәтижесінде Сәтбаевтың қазақ жауынгерлері туралы «Қанапия», «Ер-Едіге» атты мақалалары шығады, онда ол олардың ерліктерін дәріптейді. Сондай-ақ тарихи тұлғалар Темір, Тоқтамыс, Едіге арасындағы күрделі қарым-қатынастар, тарихи шындық пен көркем әдебиет туралы, халықтық ой-пікірлердің маңызы туралы жазған. Автор «Ер-Едіге» қаһармандық эпопеясының жарыққа шығуына арналған



алғысөзінде нақты тарихи тұлға туралы эпостың зерттелу тарихына тоқталып, жарияланған мәтінге көптеген түсініктемелер берген. «Ер-Едіге» шығармасын басқа дереккөздермен салыстыра отырып, ондағы анықталған қателіктерді көрсеткен.

Қаныш Имантайұлы қазақ халқының тарихын зерттеудің маңызды дереккөздері ретінде ауызша халық шығармашылығы туындыларын жинақтап, басып шығару, ғылыми айналымға енгізу арқылы сақтауға бар күш-жігерін салды. Ол Затаевичке қайталанбас қазақ әндерін жинауға көмектесіп, оған домбырамен өзінің сүйемелдеуімен 25 бірегей әнді орындап берді.

Орталық Қазақстанда (Ұлытау, Жезқазған және Амангелді аймақтары) геологиялық жұмыстар жүргізу кезінде Қ.И. Сәтбаев өткен дәуірлердің табылған айғақтарын қызығушылықпен баяндады. Олардың ішінде жекелеген жәдігерлер, жартастағы суреттер, көне кен орындары, қорған-

дар, балбалдар, кесенелер бар. Ғалым олардың орнын белгілеумен шектелмей, оларды кезеңге бөліп, тарихи контексті жаңғыртуға тырысты.

Қ.И. Сәтбаев тарихи тұлға Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорықтары кезеңіндегі тарихтың сан алуан мәселелерін әзірлеуге орасан зор еңбек сіңірген ғалымдардың бірі болды. Ол 1935 жылы Жезқазған облысының аумағынан 1391 жылы қазақ даласына жорық кезінде Темірлан қалдырған жазуы бар тасты тапты. Сол кезде Қ.И. Сәтбаев шығыстануда сенсацияға айналды, кейін ол Эрмитажға апарылды.

Қ. Сәтбаев өзінің тарихи зерттеулері мен тұжырымдарына жай ғана шолулық сипаттама берумен шектелмей, жинақталған материалдар негізінде «Темірдің Қарсақпай жазбасы» атты мақала дайындады.

1940 жылы «Казахстанская правда» газетінде Орталық Қазақстанды зерттеуге арналған «Өзгерген жер» атты жалпылама ғылыми еңбегі жариялан-



2 сурет. «Қазақстандағы ғылымның дамуындағы Қ. Сәтбаевтың рөлі» атты ғылыми-танымдық дөңгелек үстел.



ды. Бұл очеркте ежелгі металлургия туралы, Темір (екеуі де) тұрғызған пирамидалар және оның бұйрығымен салынған плиталар жайлы, капитан Н. Рычковтың экспедициясы, патша отаршылары мен «шетелдік жыртқыштар» туралы тарихи шолу жасайды.

Қаныш Имантайұлы 1941 жылы «Народное хозяйство Казахстана» журналында жарияланған «Жезқазған өңіріндегі тарихқа дейінгі ескерткіштер» атты мақаласында өзінің геологиялық қызмет атқарған жерлеріндегі өткеннің заттай айғақтарын көп жылғы зерттеу нәтижелерін қорытындылады.

Жезқазған кен орнының түкке тұрғысыздығы туралы мақаласында Қ.И. Сәтбаев Геродоттың еңбектерін, 12-13 ғасырлардағы араб, парсы деректерін зерттей келе, Орталық Қазақстанның өнеркәсіп мәдениетінің көнелігі және оның жер қойнауының мыс кенінің қорына байлығы туралы қорытынды жасайды және оларды зерттеу қажеттілігі туралы жазады. Қ.И. Сәтбаев былай деп жазды: «Жезқазған облысының кең байтақ аумағында көптеген және алуан түрлі тарихқа дейінгі ескерткіштер сақталған... Бұл мақала Жезқазған өңірінде бар көптеген тарихқа дейінгі ескерткіштердің барлығына толық және жүйелі сипаттама беруге арналмаған. Ол негізінен археологтар мен өлкетанушыларға осы саладағы зерттеушілерді қандай сан алуан материалдар күтіп тұрғанын көрсету үшін құрастырылған».

Бұл Орталық Қазақстанның осы бөлігіндегі тарихшылардың кейінгі зерттеулері үшін өзіндік нұсқаулық болды. Бұл мақала әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Мақала 1989 жылы «Наука» баспасының «Ғылым мен мәдениет туралы таңдаулы мақалалар» жинағына енді.

Академик Қ. Сәтбаев өмірінің соңғы күндеріне дейін өзінің көптеген ма-



3 сурет. «Қазақ ғылымының негізін қалаушы» атты көрме.

қалаларында тарихшы-биограф және бірқатар тарихи тұлғаларды, ғылым, әдебиет пен өнердегі ірі тұлғаларды үлкен насихаттаушы қызметін атқарды. Оның еңбектерінде Ш. Уәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың есімдері бар. 1940 жылы Сәтбаевтың бастамасымен Қазақстанда Тарих, тіл және әдебиет институты құрылып, ол кейін елеулі археологиялық қазбалар жүргізді, оның жетекшілігімен қазақ халқының тарихына қатысты аса бай мұрағат деректері зерттеліп, жүйеленді.

Соғыс аяқталғаннан кейін оның нұсқауымен көптеген өнер және мәдениет қайраткерлерінің мұрағаты алынды. Қазақстанда Ғылым академиясы ашылғаннан кейін тарихшылардың ғылыми кадрларын дайындау және академияның құрылымында арнайы ғылыми-тарихи бөлімше ашуды басты міндет деп санады. Көп ұзамай бұл тапсырма орындалды.

Қаныш Сәтбаев ғылыми кадрларды дайындауға аса көңіл бөлді. Өзі ғылымға әкелген бірқатар тұлғалар кейіннен ірі ғалым болып, Қазақстан ғылымының дамуына елеулі үлес қосқанын атап өтуге болады. Олардың ішінде белгілі ғалымдар Ш. Шөкин, Ә. Марғұлан, Е. Бөкетов, Ш. Есенов және т.б. болды.

Қаныш Имантайұлы көптеген деректі материалдар мен жеке әсерлерге





4 сурет. Орталық қызметкерлерінің БАҚ-на сұхбат беру сәті.

сүйене отырып, ғылым мен техниканың көрнекті қайраткерлері туралы қызықты очерктер жазып, олардың көпшілігімен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Ол 1957-1959 жылдары жарық көрген, республика жұртшылығының жақсы бағасын алған «Қазақ КСР тарихы» екі томдығын дайындау жөніндегі комиссияның жұмысын басқарды.

Қ. Сәтбаев өмір бойы өлке тарихына қызығуды жалғастырды, ежелгі дәуірдегі металлургияның тәжірибесі

туралы құнды мәліметтерді жинап, жинақтады, жергілікті топонимиканы, тас мүсіндерді, жартастағы суреттер мен жазуларды, ежелгі және ортағасырлық қорымдарды зерттеді.

Сонымен, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев индустриялық Қазақстанның, жалпы отандық ғылымның, әсіресе, оның тарихи саласының қалыптасуына үлкен үлес қосты. Бүгінгі күні ұлы ғалымды еске түсіріп қана қоймай, оның ғылыми-тарихи зерттеулерін жалғастыруымыз керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Биография. Сәтпаев Қ.И. Qazaqstan tarihy Порталы. - <https://e-history.kz/ru/prominent-figures/show/12634>
2. Габдулина А.Ж. История Казахстана в исследованиях Каныша Сатпаева – Материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С. Сейфуллина. – Астана, 2019. – Т.1, Ч.2 - С.302-308.
3. Сатпаев К.И. Собрание трудов. В 8-ми т. Алматы: Ғылым, 1998. - <http://library.kz/ru/elektronnaya-biblioteka-ru/resursy/elektronnaya-biblioteka-kanysh-satpaev.html>
4. Бедельбаева М.В. Вклад К.И. Сатпаева в становление археологической науки Казахстана – Археология Казахстана, №2 (4), 2019. С.89-103.

Резюме. В статье говорится о большом вкладе К.И. Сатбаева, великого сына казахской степи, во многие области науки, в том числе в развитие исторической науки.

Summary. The article discusses the significant contribution of K.I. Satbayev, a great son of the Kazakh steppe, to many fields of science, including the development of historical science.





Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

Пәрімбекова Кәмшат Пазылқызы

«ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНЫҢ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ»

Түйіндеме. Мақала Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының осы жылдың мамыр айында өткен «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты Қазақстан тарихына қатысты көне жазба мұраларды анықтап, зерттеу бойынша шетелде және өңірлерде жүргізген археографиялық экспедицияларының нәтижелері жөнінде есеп беруі мен әкелінген қолжазбалардың көрмесі жайында.

Кілт сөздер: Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы, археографиялық экспедиция, көне қолжазбалар, құнды жазба мұралар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында әлеуметтік, шаруашылық, идеологиялық және басқа да салалардағы бағдарымызды айқындап, нақты шараларды қолға алуымыз керек деп атап өткен еді. Соның ішінде еліміздің тарихын зерттеу мен насихаттауға, тіл мәселесіне, ономастика, тарихи мұралар мен тарихи тұлғаларға, табиғи және тарихи мекендерге, ерекше назар аударды. Құрылтайда Жошы ұлысы мен Алтын Орданың тарихын халықаралық аренада таныту жұмыстарын жүргізуге, сонымен қатар әл-Фараби мен Қожа Ахмет Ясауидің мұраларын шетелдік ғалымдардың қатысуымен терең зерделеп, дәріптеуге нақты тапсырмалар берілді. Мемлекет басшысы тарихи-мәдени жәдігерлерді, оның ішін-

де олардың көшірмелерін Қазақстанға қайтару жұмыстарын жандандыру да аса маңызды екенін атап өтті.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы қазіргі таңда Қазақстан тарихына қатысты құнды қолжазбаларды, сирек кітаптар және көне құжаттарды анықтап, олардың түпнұсқа мен көшірмелерін алу арқылы, еліміздің Ұлттық архив қорын толықтыру мақсатында үлкен жұмыстар атқарып келеді.

Алтайдан Атырауға дейін, Сыр бойынан Тобылға дейін созылған Ұлы даланың сан ғасырлық тарихының зерттелуі және зерделенуі қазіргі кезде де және болашағымыз үшін де аса маңызды. Тарихты танып білуде және зерттеуде көне жазбаларымыздың рөлі ерек-





1 сурет. Қараханидтер дәуіріндегі қасиетті Құран 10-12 ғғ.

ше. Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы шет елдердегі және өңірлердегі мемлекеттік және жеке қорларда сақталған жазба мұралар бойынша мәліметтер алу, анықталған қолжазбалар мен сирек кітаптарды жинау, оларды сақтаудың қаншалықты маңызды екендігін ел арасында насихаттау үшін облыстар мен қалаларға іссапарлар ұйымдастырды.

Ұлттық орталықтың мамандары биылғы жылы шетелдік іссапар бойынша Ұлыбританияның Лондон, Оксфорд және Манчестер қалаларында болып, Қазақстан бойынша көне қолжазбалар мен кітаптардың сирек қорларын анықтау және түпнұсқа мен көшірмелерін бір орталыққа жинау жұмыстарын жүргізді.

Ғылыми іссапар нәтижесінде Манчестер университетінің Джон Райландс, Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханаларынан халқымыздың рухани қазынасы болып табылатын, еліміздің ерте тарихына қатысты құнды деректер беретін қолжазбалардың көшірмелері алынды. Манчестер қаласынан алынған құнды қолжазбалардың бірі – алғаш түркі тіліне аударылған қасиетті Құран кітабы (шамамен X-XII ғғ.). Ол түркі-ислам мәдениетінің ескерткіші ретінде үлкен құндылыққа ие.

Ұлттық орталық мамандары Қазақстан аумағында тұңғыш рет жеке қорды анықтау, кітаптарды алу жұмыстарын жүргізіп, бұрын анықталмаған қолжазбаларды анықтады. Ел ішіндегі іссапар бойынша үш айдың ішінде Қызылорда, Түркістан, Тараз және Семей қалаларында болып, бүгінгі таңда 150-ге жуық құнды қолжазба мен сирек кітаптардың түпнұсқасын әкелді.

Оның ішінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының бірнеше данасы, Бурхан ад Дин Рабгузидің «Қысас әл Әнбийя» литографиялық баспасынның бірнеше нұсқасы, Сүлеймен Бақырғанидың «Бақырған кітабы», Софы Аллаяр өлеңдерінің қолжазбасы және баспа нұсқасы, Физули мен Хафиздің өлеңдері, Шахаб ад Дин Марджанидің, Шамсуддин Сарахидің, Садр аш-Шарианың еңбектері және басқа да құнды шығармалар бар.

Аталған экспедициялардың нәтижелері жөнінде есеп беруі үшін Ұлттық орталық осы жылдың 24 мамыр күні «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» атты іс-шара ұйымдастырды.

Іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, ҚР Сыртқы істер министрлігінің өкілдері, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының





2 сурет. Құнды қолжазба мен сирек кітаптардың түпнұсқасы

өкілдері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері және БАҚ өкілдері, сонымен қатар сала мамандары шақырылды.

Іс-шара барысында жоғарыда айтылған жұмыстардың нәтижесін көпшілікке көрсету, таныстыру мақсатында жүргізілген экспедициялар нәтижесінде анықталған және әкелінген жазба мұралар туралы ақпараттар беріліп, ұлттық құндылықтарымызды жинақтап, оларды келер ұрпаққа сақтаудың маңыздылығы мен осы салада бүгінгі күні туындаған өзекті мәселелері бойынша мамандар баяндамалар оқыды. Ұлттық орталық басшысы Ж. Болдыков Ұлыбританияның Лондон, Оксфорд және Манчестер қалаларында жүргізілген экспедициялар туралы айтып өтті. Бас сарапшы А. Абсаликов Манчестер университетінің Джон Райландс, Оксфорд

университетінің Бодлиан кітапханаларынан алынған құнды қолжазбаларға тоқталды. Ел ішінде жасалған экспедициялар бойынша Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы Г. Бисенова Қызылорда облысы бойынша, Реставрация және консервация бөлімінің басшысы С. Ботабеков Түркістан облысы бойынша, Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К. Пәрімбекова Жамбыл облысы бойынша, Есепке алу, сақтау, көрме және оқу залдарының жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің біліктілігі жоғары деңгейлі маман археографы Ә. Жабықбай Абай облысына жасалған экспедициялар бойынша баяндамалар жасады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің кеңесшісі Е. Алшынбай орта-



3 сурет. «Ұлы дала тарихының жазба мұралары» іс-шарасының қатысушылары.





4 сурет. Көрмеден көрініс

лықтың жазба мұраларды жинау бойынша атқарып жатқан жұмыстарына оң баға беріп, орталық үлкен жұмыстар атқарып жатқандығын жеткізді. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ т.ғ.д., профессор Т. Садықов жазба мұраларға елімізде әлі де толық деңгейде көңіл бөлінбей жатқандығын айта келе, орталықтың мамандарын көбейтіп, жеке ғимарат беріп, жинақталып жатқан жазба мұралардың ғылыми айналымға енуіне мүмкіндіктер қарастырылу керектігін айтып өтті. ҚМДБ «Халықаралық қатынастар және хаттама» бөлімінің бас маманы М.Бектазинов Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы арасында тығыз байланыс орнату және ұлтымыздың мәдени және жазба мұрасын сақтау аясында Өзара ынтымақтастық келісім шар-

тын жасау, болашақта ынтымақтастық аясында ҚМДБ көмегімен еліміздегі мешіттерде, жеке тұлғалардың қолында сақталған құнды жазба деректерді анықтау, жинау және зерттеп, ғылыми айналымға енгізу жұмыстарын бірлесіп атқару, халқымыздың рухани мұрасы болып табылатын жазба деректерді насихаттау мақсатында «Munara TV» телеарнасында бірлескен телевизиялық жобаларды ұйымдастыру және тағы басқа да маңызды жұмыстар бойынша ұсыныстарын білдірді.

Іс-шара барысында «Архив-2025» жобасы аясында шетелдерден жинақталған VII-XX ғасырлар аралығын қамтитын 70-ке жуық қолжазбаның сипаттамасы енгізілген «Шетелдік қорлардағы құнды жазба мұралар» атты каталог-альбомының және жаңа нұсқадағы «Uly dala murasy» ғылыми-танымдық журналының тұсаукесері өтті.

Резюме. В статье речь идет о мероприятии Национального центра рукописей и редких книг о результатах археографических экспедиций, проведенных за рубежом и в регионах по выявлению и исследованию древнего письменного наследия, связанного с историей Казахстана, под названием «Письменное наследие истории Великой степи», состоявшаяся в мае этого года.

Summary. The article is about the report of the National Center of Manuscripts and Rare Books on the results of the archeographic expeditions carried out abroad and in the regions to identify and research ancient written heritage related to the history of Kazakhstan called "Written heritage of the history of the Great Steppe" held in May of this year and the exhibition of imported manuscripts.





5 сурет. Каталог-альбом мен журналдың тұсаукесері.



«ШЕТЕЛДІК ҚОРЛАРДАҒЫ ҚҰНДЫ ЖАЗБА МҰРАЛАР» КАТАЛОГ-АЛЬБОМЫ



Биыл Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің қызметкерлерінің құрастыруымен «Шетелдік қорлардағы құнды жазба мұралар» каталог-альбомы жарыққа шықты.

Қазіргі кезеңде ұлтымыздың төл тарихына деген ынтасының өсуі заңды құбылыс. Отандық тарих ғылымы еліміздің тәуелсіздігімен бірге келген терең түбегейлі өзгерістер мен жаңаруларды басынан өткеруде. Бүгінгі таңда қазақ тарихы түркі өркениетінің ажырамас бөлігі ретінде зерттеліп, дала тарихындағы көшпелілердің орны айқындала түсуде. Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болмайтыны белгілі. Осы орайда, Мемлекет басшысы

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуы керек. Бөтен идеологияның жетегінде жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлтың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді» – деген сөзі біздің тарихи сананы жаңғыртудағы негізгі ұстанымымыз болуы тиіс.

Қазақстанның қасиетті Тәуелсіздігін тарихи тұрғыда баяндауда сирек мұралардың, яғни қолжазбалар мен сирек кітаптардың алатын орыны ерекше. Себебі, сирек жазба мұралар әр халықтың тереңге батқан тарихын, салт-дәстүрін көрсететін бірден-бір негіз. Сондықтан да, Отан тарихын тереңірек ұғынуда және зерт-



теп-зерделеуде деректік құжаттардың, қолжазбалар мен сирек те құнды кітаптардың маңызы зор екендігі баршамызға мәлім. Өткен ғасырларда жазылған әрбір қолжазба - халықтың рухани мұрасы. Руханият тарихы халық тарихымен тікелей тұтастықта дамитыны анық. Сонымен бірге ол – халқымыздың материалдық мәдениетінің маңызды айғағы. Қолжазбалардың құндылығы хатқа түскен шығарманың мәнділігімен, бағалылығымен шектелмейді, олардан көптеген мәлімет, құнды деректер алуға болады. Халықтың ұлылығын, даналығын, тарихын танытатын көне мұралардың бірі де бірегейі ол – қолжазба деректері.

2019 жылғы 20 желтоқсанда Үкіметтің қаулысымен Ұлттық архив қорларын отандық және шетелдік архивтерде, музейлерде, кітапханаларда және ғылыми орталықтарда сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттармен толықтыруға арналған «Архив-2025» жобасы қабылданды.

Аталмыш жоба аясында Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы жанынан құрылған ғылыми экспедиция тобы Ресей Федерациясының Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары, Татарстан және Башқұртстан Республикалары, Түркия, Венгрия, Үндістан, Иран Ислам Республикасы, Мысыр және Катар мемлекеттерінде іссапарда болып қайтты. Нәтижелі жүргізілген ғылыми ізденіс жұмыстарының арқасында Ұлттық архив қоры қоры араб, парсы, шағатай, татар тілдеріндегі еліміздің тарихына қатысты құнды деректерге бай қолжазбалармен, сирек кітаптармен толықтырылды.

Аталмыш жоба аясындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының іссапар барысы Мәскеу қаласының ғылыми мекемелерінен басталған болатын. Ресми тарихы XIX ғасырдан бастау алатын, әлемдегі ең бай ұлттық кітапханалардың бірі – Ресей мемлекеттік кітапханасы болып табылады.



Ресей мемлекеттік кітапханасының қолжазбалар бөліміндегі №179 қор «Араб тіліндегі қолжазбалар жинағы», №185 қор «Парсы және тәжік тілдеріндегі қолжазбалар жинағы», №789 қор «Шетелдерде сақталған қолжазбалар жинағы», №180 қор «СССР халықтары тілдеріндегі қолжазбалар жинағы» бойынша ізденіс жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, Ибн Умар ат Тафтазани, Хамдаллах Мустауфи Казвини, Искандербек Муншидің, атап айтар болсақ, Қазақ хандығының тарихына қатысты құнды деректері бар XVII ғасырға жататын Шах Махмуд Чуростың тарихи қолжазбасының көшірмесі алынды.

Қорларында 73 мыңға жуық шығыс қолжазбалары, 50 мыңға жуық баспа басылымдары сақталған Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласында орналасқан Сүлеймание кітапханасының тарихы сонау 1557 жылдан басталады. Аталмыш жоба аясында, Сүлеймания кітапханасынан қазақ даласынан шыққан ортағасырлық авторлардың, атап айтар болсақ, Хусамеддин Сығнаки, Али ибн Мухаммад Исфиджаби, Әл-Фараби, Ибн Араби, Наджмуддин Насафидің теология, шариғат мәселелерін қамтыған қолжазбаларының көшірмелері алынды.

Парсы тіліндегі қолжазбалар тарихы өте бай, олай болатын себебі ортағасырлардан бастап парсы тілінде тарих жазу дәстүрі қалыптасқан. Әдебиет пен ғылымның тілі болып табылатын парсы тілі тарихи еңбектерді жазуға әбден бейімделіп бір қалыпқа түсетін кезі де осы ортағасыр. Сондықтан болса керек моңғолдар, түріктер, араб халифаты мен жалпы тарихқа қатысты мәліметтер парсы тілінде толық әрі көп жазылған және бүгінгі күнге дейін жеткен. Қазақстан тарихына қатысты құнды парсы дереккөздері құндылығы мен қолжазбаның жазылған тақы-

рыбына қарай, бүгінгі таңда әлемнің ең танымал кітапханаларында сақталған.

Иранда ғылымның әр саласына байланысты әрбір құнды дүниені қолжазба етіп жазып қалдыру және болашақ ұрпаққа жеткізу ісі маңызды болып табылады. Ирандағы Астан Кудс Резави қоры 1,1 миллионнан астам томы бар және тек кітаптар жинағы ғана емес, сонымен қатар Ислам тарихына қатысты көптеген қолжазбалар мен сирек кездесетін шығармаларды қамтитын халықаралық исламтану орталығы. Кітапхана қорларындағы ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде, мемлекеттілік мәселесін зерттеуде маңызды роль атқаратын, қазақ хандығының негізі болып табылатын – Жошы Ұлысы мен Ақ Ордаға қатысты құнды деректер беретін, «Мунтахаб ат Тауарих» Муин ад Дин Натанзи және «Тарих Джахон Ара» Кази Ахмад Гаффари еңбектері анықталды. Тегеран қаласындағы Мәлік кітапханасынан Ислам пайғамбарының немересі Имам Хасан (а) қолымен жазылған VII ғасырдағы қолжазба Құран, XVI ғасырға жататын Қазақ хандарының шежірелерінен құнды деректер беретін Хасанбек Румлудың «Ахсан ат Тауарих», Искандербек Муншидің «Алам Арай Аббаси» атты қолжазбаларының көшірмелері алынды. Кітапхана қорында 19 000 құнды және бірегей қолжазбалары бар Мәлік кітапханасы әлемдегі ең үлкен рухани байлық көзі болып табылатын қолжазба қазынасының орталықтарының бірі болып табылады.

Каир (Мысыр) қаласындағы Әл-Азхар Шариф кітапханасынан ханафи мәзһабына негізделген шариғат мәселелерін қамтитын XIII-XIX ғғ. Фахр ад Дин Узджанди (Узганди), Тафтазани Саид ад Дин, Мансур ибн Ахмад Муид аль Хорезми, Шамс ад Дин Махмуд аль Исбахани және т.б. авторлардың қолжазбаларының көшірмелері алынды.







Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің жетекші сарапшысы, т.ғ.к, доцент.

Бисенова Гүлсім Алдабергенқызы

БРИТАНИЯ ҰЛТТЫҚ АРХИВ ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Түйіндеме. Мақалада Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы мамандарының Британия ұлттық архив қорларынан әкелінген Қазақстан тарихына қатысты құнды архив құжаттарына талдау жасалады.

Кілт сөздер: Британия ұлттық архиві, құжаттар, Түркістан, Мұстафа Шоқай, Түркістан автономиясы, Серәлі Лапин, большевик.

Еліміз егемен ел ретінде әлем қауымдастығы қатарынан орын алып, тәуелсіздікке қол жеткізген өзгерістер заманында өткен тарихымызға деген көзқарас жаңа сипатқа ие болды. Саяси тұрақтылықты қамтамасыз етіп, Қазақстанның әлем тарихындағы орнын айқындауды мақсат тұтқан елімізде төл тарихымызды толықтыра түсуге барынша жағдай жасалып жатыр. Бүгінгі таңда, алыс-жақын шет мемлекеттердің архив қорлары мен кітапханаларында сақталған Қазақстан тарихына қатысты құнды деректер еліміздің ұлттық архив қорларын толықтыруда. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, ҚР Сыртқы іс-

тер министрлігі мен Қазақстанның Ұлыбританиядағы елшілігінің қолдауымен Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары 2024 жылдың наурыз айында Ұлыбританияның Манчестер университетінің Джон Райландс, Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханалары мен Британия Ұлттық архив қорларында жоспарланған іссапар бойынша ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген ізденіс жұмыстарының нәтижесінде егемен еліміздің тарихына қатысты құнды жазба деректер мен тың архив құжаттарының көшірмелері алынды. Ғылыми экспедиция барысында нәтижелі ізденіс жұмыстарын



жүргізу мақсатында Ұлыбританияның ғылыми мекемелерінің ресми сайттары бойынша алдын-ала ізденіс жұмыстары жүргізілді. Ұлыбританияның кітапханалары мен ұлттық архивінің мамандарымен онлайн форматта кездесулер өткізілді. Атап айтар болсақ, Британия ұлттық архивінің халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы, доктор Джульетт Десплат Қазақстан тарихына қызығушылық таныта отырып, ізденіс жұмыстарына барынша қолдау көрсетті.

Ұлыбританияның ұлттық архиві – 1000 жылдан астам уақытқа созылған ұлттық маңызды құжаттардың сақтаушысы болып табылады. 1838 жылы құрылған Ұлыбританияның ұлттық архиві – негізгі Мемлекеттік құжаттарды сақтауға және олардың зерттеушілерге қолжетімділігін қамтамасыз етуге арналған. Бүгінгі таңда, Ұлттық архив қорларында Британ аралдары мен Таяу Шығыс халықтарының крест жорықтарынан отаршылдық билікке дейінгі кезеңдер тарихын қамтитын 11 миллионға жуық құжаттар жинағы сақталған. Еуропа тілдеріндегі құжаттардан басқа араб, осман-түрік және парсы тілдеріндегі маңызды құжаттар архив қорларының құнды бөлігі болып табылады.

Британия ұлттық архив қорларынан Орталық Азияда Ресей билігінің кеңейуі мен Түркістанға қатысты (1918-1920 жж.) маңызды мәліметтер беретін архив құжаттарының көшірмелері алынды. Атап айтар болсақ, Британия ұлттық архив қорларынан көшірмелері елге жеткен ағылшын тіліндегі FO 881/2150 Asia and Russia, Central Asia. Russian encroachments In Western Turkestan. (Азия және Ресей, Орталық Азия. Батыс Түркістанға қатысты орыстардың саясаты», 1873 ж.), WO 106/60 Railway construction in Russian Turkestan, (Ресейлік Түркістандағы темір-

жол құрылысы, 1914-1916 жж.), WO 106/61 Economic situation in Turkestan, (Түркістандағы экономикалық жағдай, 1918 ж.), WO 106/61 «Russian Revolution in Turkestan», (Түркістандағы Ресей революциясы 1919 ж.), WO 106/60 «Anti-bolshevik – Shere Ali Mury Aitbas Lapian», (Большевиктерге қарсы – Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин ісі 1919 ж.), FO248/1318 Correspondence: Turkestan – Turkey. Vol.44. Date 1920, (Хат алмасулар; Түркістан – Түркия», 1920 ж.) архив құжаттары Түркістанда орын алған саяси оқиғалар жөнінде жан-жақты мәліметтер береді. Британия ұлттық архив қорларындағы ұлттық орталық мамандарының ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижесінде – бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған, Қазақстанның тәуелсіздік тарихындағы маңызды тұлғаларының бірі – Мұстафа Шоқайға қатысты архив құжаттары анықталды. Тарихи шындықты тура жеткізудің бірден-бір жолы – өз уақытында халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген тұлғаларымыздың қызметі мен артында қалдырған рухани мұраларын жарыққа шығарып, болашақ ұрпаққа жеткізу болып табылады. Бүгінгі таңда, М. Шоқайдың қоғамдық-саяси көзқарастары мен эмиграция жылдарындағы қызметін зерттеу өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жақында, Мимар Синан Көркем Өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбдіуақап Қараның «Кеңес одағының Түркі әлемі саясаты» атты кітабы (Мұстафа Шоқайдың француз тіліндегі таңдаулы мақалалары жинағы) жарық көрді. М. Шоқай жалғыз Түркістан емес, әзірбайжан, грузин, украин, татар, башқұрт халықтарының ұлттық мүдделері туралы мәселені олардың жетекшілерімен бірге әлем сахнасына шығаруға атсалысады. Осы мақсат жолында ол Әзірбайжан мен




Грузияда, 1921 жылы Францияға барып орналасқаннан кейін де баспа беттерінде ұлт болашағы үшін күресін одан әрі жалғастырды.

Мұстафа Шоқайдың Түркістандағы қызметін талдай келіп, Англияның Орталық Азияны зерттеу қоғамы былай деп баға береді: «М. Шоқайдың қызметі мұсылман халқының санасын оятуға бағытталды... Оның барлық күш-жігері бүкіл Түркістанды біріктіруге арналды» десе, Француз ғалымдары А. Беннигсен мен Ш. Лемерсье-Келькеже де Мұстафа Шоқайды Орталық Азияның саяси өмірінде «маңызды рөл атқарған, Қоқан автономиясының» негізін қалаушы ретінде таниды [1]. Британия ұлттық архив қорларының Сыртқы істер министрлігі бөлімі бойынша анықталған ағылшын тілінде, FO248/1318 Correspondence: Turkestan – Turkey. Vol.44. Date 1920, (Хат алмасулар: Түркістан – Түркия, 1920 жыл) атты құжатында, Түркістан автономиясы таратылғаннан кейін Тифлис (қазіргі Тбилиси) қаласын-


дағы М. Шоқайдың саяси-ғылыми-баспагерлік қызметіне қатысты маңызды мәліметтер келтірілген. Өзін Түркістандағы Құрылтай жиналысын құру комитетінің төрағасы деп атаған М. Шоқайдың Грузияның Тифлис қаласында жарық көрген «Слово» газетінде Түркістандағы соңғы әкімшілік өзгерістерге қатысты ой-пікірлері жарияланған [2].

Британия ұлттық архив қорларынан анықталып, көшірмелері елге жеткен маңызды құжаттардың бірі – алғашқы қазақ шығыстанушысы, ағартушы, қоғам қайраткері Серәлі Мұңайтпасұлы Лапинге қатысты деректер. Киелі Сыр өңірінен шыққан ұлт жолындағы еңбегін аямаған тарихи тұлға – Серәлі Лапин араб, парсы және т.б. шығыс тілдерін білген. Ол тұңғыш рет Гури-Эмир, Регистан, Шахи-Зинда кешендеріндегі, Көкілташ медресесі және т.б. көне архитектуралық ескерткіштертегі арабтың көне емшелерімен өрнектелген көркем жазуларды (эпиграфикаларды) оқыды, оларды



1 сурет. Хат алмасулар; «Түркістан – Түркия», 1920 ж.
(М. Шоқай жөнінде деректер)





2 сурет. Большевиктерге қарсы – Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин ісі, 1919 ж.

орысшаға аударып ғылыми айналымға қосты. Жәдігерлердің тұрғызылған уақытын, оларды салдырған сәулетшілердің есімдерін (мысалы, Регистан ансамбліндегі Шери-Дор, Тилля-Кари медреселерін әйгілі қазақ қайраткері Жалаңтөс баһадүрдің салдырғанын) анықтады. Серәлі Мұңайтпасұлы сондай-ақ, «Шаһнама», «Туһрат әл-Хани» дастандарының парсы тіліндегі қолжазбаларын тауып, шығыстану ілімі айналымына қосты. Тарихи деректер бойынша, Қоқан автономиясы таратылғаннан кейін, Түркістанның азаттығы үшін күресін шетелде жалғастыру мақсатында 1918 жылы Түркия арқылы Германияға өткені белгілі. Британия ұлттық архив қорларындағы «Әскери операциялар және әскери барлау басқармасы. Хат алмасулар және құжаттар. Түркістан бөлімі бойынша» ағылшын тілінде WO 106/60 «Anti-bolshevik – Shere Ali Mury Aitbas Larian», (Большевиктерге қарсы – Серәлі Мұңайтпасұлы Лапин ісі) атты архив құжаты – тарихи тұлғаның қо-

ғам қайраткері ретіндегі тұлғасын аша түседі. Серәлі Лапин – ұлты түрік, 1917 жылдың қазан айына дейін Ташкенттегі мұсылман ұйымының басшысы қызметін атқарған. Германия үкіметі басшыларымен келіссөздер жүргізу мақсатында, Германияға келген. Сонымен қатар, аталмыш құжатта Түркістандағы большевиктермен күресте көмек сұрап хат жолдағаны туралы маңызды мәліметтер де келтірілген [3].

1917 жылы ақпанда патша өкіметін құлату Ресей мен оның ұлттық шет аймақтарындағы саяси күштердің орналасуын түбірімен өзгертті. Ақпан революциясының нәтижесінде қос өкімет қалыптасты, бір жағында буржуазия мен буржуазияланған помещиктердің Уақытша үкіметі пайда болса, екінші жағында жұмысшы және солдат депутаттарының мүддесін көздейтін кеңестер құрылды. Қос өкіметтің мәні мынадай болды: нақты билікке ие Уақытша үкіметтің күшті әлеуметтік базасы болмады, ал Кеңестер әлеуметтік күшке ие



бола тұрып, нақты билікке қол жеткізе алмады. Соңғысының үміті – әлеуметтік жағынан төмендегілердің тікелей қолдауына сүйене отырып, билікті революция арқылы басып алу еді. Ресей мен Қазақстанның саяси өмірінде соңғы үрдіс басымдыққа ие болды. Жергілікті жерлерде қазақ және мұсылман халықтары комитеттерінің жүйесін құру мәселесі бойынша едәуір белсенді жұмыстар жүргізілді [4]. Британия ұлттық архив қорларынан алынған ағылшын тілінде WO 106/61 «Russian Revolution in Turkestan», (Түркістандағы Ресей революциясы, 1919 ж.), құжатындағы мәліметтер бойынша, 1917 жылғы ақпаннан 1918 жылғы шілдеге дейін және одан әрі монархия құлатылғаннан кейін Ресейдің Уақытша үкіметі Түркістан генерал-губернаторы Куропаткинді отставкаға жіберді және оның орнына Керенскийдің жақтасы Кравченконы Түркістан комиссары етіп тағайындады. Ол бұл қызметті большевиктер толық жеңіске жеткенге дейін, 1917 жылдың қарашасына дейін атқарды, оның орнына өзін Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы деп жариялаған Ф.И. Колесов тағайындалды [5]. Түркістан өлкесінің орталығында және Сырдария облысының Ташкент қаласында саяси өмір жандана бастады. Тұтастай еуропалықтардан тұратын және жергілікті (мұсылман) халықтардың өмірімен санаспайтын жұмысшы, солдат депутаттарының ташкенттік Кеңесіне қарама-қарсы өлкеде әрқайсысы өз алдына Түркістанның жергілікті халықтарының мүдделерін қорғайтын екі саяси партия құрылды. Олардың алғашқысы жәдиттердің, яғни ұлттық-демократиялық қозғалыстың күшімен құрылып, «Шура-ислами» («Ислам кеңесі») деп аталды. «Шура-исламидің» жұмысына 1917 жылы сәуірде Петроградтан Түркістанға оралған М. Шоқай да ара-

ласты. «Шура-исламылықтар» тұтастай алғанда Уақытша үкіметтің саясатын қолдады және Түркістанның демократиялық жолмен дамуын құптады.

Екінші бір партия – өзін «Шура-улема» («Діни қауым кеңесі») деп атап, Серәлі Лапиннің жетекшілігімен 1917 жылы маусымда «Шура-исламидің» құрамынан шыққан мұсылмандардың топтасуымен құралды. Бұл әлсіз әрі, мүшелерінің саны аз ұйым іс жүзінде Оңтүстік Қазақстан тұрғындарының өміріне айтарлықтай ықпалын тигізе алған жоқ [6]. Британия ұлттық архивінің WO 106/61 «Russian Revolution in Turkestan», (Түркістандағы Ресей революциясы, 1919 ж.), атты құжаттың Ташкент мұсылман қауымдастығының саяси бағыты бөлімінде Ресейде мұсылман саясатының екі нақты анықталған бағыты пайда болды деген мәліметтер келтірілген. Біріншіден, “прогрессивті” саясат жалпы айтқанда, кадеттермен азды-көпті ортақ тенденциялары бар демократтар партиясы және “Шура-ислами” деп аталатын жартылай саяси, жартылай діни партия. Ол исламды діни тұрғыдан насихаттауға ғана емес, оны саяси билік ретінде бір орталыққа біріктіруге бағытталған. Бұл партияның басты мақсаты: 1. Мұсылман халықтарын бір орталыққа біріктіру. 2. Құранды зерттеу арқылы қоғамдық өмір мен адамгершілікті жандандыру және реттеу. Бұл діни-саяси партияның жетекші қайраткерлері, ықпалды дін өкілдері болды.

Большевиктер мен «Шура-ислами» партиясының қарым-қатынастары арасында қарама-қайшылықтар орын алды. Большевиктердің билікке келуімен «Шура-ислами» да билікке келді. «Шура-исламидің» салтанат құруы ұзаққа созылмады, көп ұзамай большевиктермен арасында діни негізде келіспеушіліктер туындай бастады, ал



«Шура-исламидің» саяси жағы дінмен тығыз байланысты болды, большевизм саясат пен діннің мүлдем бөлінуін талап етті, сондықтан бұлар екі ұйым қатар жұмыс істеу мүмкін емес деп тапты. Алайда, мұндай өзара келіспеушіліктің діннен гөрі нақты себептері басым болды. Олар өздерін мұсылман үкіметі деп жариялады, өйткені олар халықтың басым көпшілігінің сайланған өкілдері болды және түркістандықтар мемлекеттің жоғарғы билігін оларға беруді талап етеді. Большевиктер мұсылман үкіметін мойындаудан бас тартты және мұсылмандардың жұмысшы табына жүгінді, алайда олар өзінің діни жетекшілеріне адал болып, биліктің талабын қолдады, сонымен бірге Түркістан автономиясын жариялады, осылайша большевиктерге оларды құлатудан басқа шешім қалмады. Олар осылай жасады [7].

Тарихи деректер бойынша, 1917 жылы қарашада Түркістан мұсылмандарының IV төтенше съезі шешімімен, аймақ мұсылмандарының өзін-өзі басқаруын мақсат тұтқан «Ресейдің автономиялы өлкесі» ретінде Түркістан автономиясы жарияланды. Оған қазіргі Өзбекстан, Түркіменстан, Қазақстанның кейбір аймақтары кірген. Түркістан Құрылтайы шақырылғанша саяси билік 54 адамнан тұратын Уақытша Кеңеске беріледі. Түркістан Уақытша Кеңесі 12 орыннан тұратын Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітеді. Бас Министр болып Мұхамеджан Тынышбаев, ол отставкаға кеткеннен кейін (бұған дейін Сыртқы істер министрі болған) Мұстафа Шоқай бекітіледі. Дегенмен кеңестік тарихнамада Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» аталып келді. Сонымен бірге, бұл автономия жергілікті халықтың қолдауын тап-

пай құлап қалды, ал оның басшылары қашып кетті деген пікір қалыптасты. Шындығында олай емес. Ташкендегі жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі өзін бірден-бір билік иесі деп есептеп, 1918 жылдың қаңтарында Қоқандағы Мұсылман автономиясына қарсы қанды қырғын ұйымдастырды, өйткені оны контрреволюцияның ошағы деп санады. Мұны Түркістан халықтары Совет өкіметінің өздеріне қарсы жасалған шовинистік акциясы деп қабылдады. Бұл шара жалпыхалықтық қарсылық туғызып, ол кеңестік тарихнамада «басмашылық», яғни бандалар қозғалысы деп теріс бағаланды [8]. Британия ұлттық архив құжаттарында Түркістан автономиясының жариялануы мен оның қысқа мерзім ішінде таратылу себептері жөнінде жан-жақты мәліметтер берілген. Британия ұлттық архив қорынан көшірмесі алынған WO 106/61 «Russian Revolution in Turkestan», (Түркістандағы Ресей революциясы, 1919 ж.), атты құжаттың Қоқан автономиясына қатысты деректерінде, 1917 жылы желтоқсанда Қоқан қаласында Құрылтай жиналысы құрылғанға дейін уақытша шара ретінде автономды Түркістан үкіметі құрылды. Бұл үкімет мүшелерінің үштен екісі елден шыққан мұсылмандар өкілдері. Үкімет Ташкенттегі большевиктер Үкіметінің орнына жергілікті халықтың негізгі бөлігінің қолдауына ие болуға және Түркістанның орталық үкіметін құруға ұмтылды. Бұл жаңа үкімет бірнеше айға ғана созылды. Ол әлсіз болды, өйткені ол тек 1000 адамнан тұратын нашар қаруланған отрядқа сүйенді. Қоқан автономиясы өмір сүруінің басынан бастап, қоқандықтар мен большевиктер арасында жанжал болды. Большевиктер Қоқанға қарсы тұрақты науқан жүргізуге әлі дайын емес еді, дегенмен Колесов қызыл гвардияшылардың шағын тобымен Қоқан



еріктілеріне кенеттен шабуыл жасады. Қоқан отряды оған шабуыл жасамас бұрын қашып үлгерді - бұл қаланы алу-дың алғашқы әрекеті болды. Екі ай өтті, большевиктер әскер жинады және бұл жолы Колесов ұйымдасқан шабуылды басқарды. Ташкент пен Қоқан мұсылмандарымен қақтығыстан кейін большевиктер жергілікті халықты жаппай қыра бастады. Бұл саяси қозғалыстарға қарағанда таза бұзақылыққа көбірек ұқсады, жалпы мұсылмандар контрреволюционерлер деп аталды. Жергілікті тұрғындар тоналып, Қоқан автономиясы таратылды [9].

Мұстафа Шоқай 1930 жылы жазылған «Автономиядан – тәуелсіздікке» атты мақаласында Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы өзінің ойларын былай қорытындылаған болатын: “Автономия біздің басымыздан кешкен бір тарихи құбылыс. Бүгін біз оны

еске түсіруменен ғана шектелеміз. Қайталамаймыз! Ересек адамдар өздерінің балалық дәуірін еске алатыны табиғи. Бірақ ол сол дәуірге қайта ораламын деп ойламайды. Сол сияқты бізде ұлттық саяси өміріміздің балалық дәуірі болған Түркістан автономиясын тек тарихи құбылыс ретінде ғана еске аламыз” [10]. Дегенмен Қоқан автономиясы сол кездегі қалыптасқан жағдайдың, азат ұлттық мемлекет құрудың алғашқы көріністерінің бірі болғаны даусыз. Мұстафа Шоқайдың өзі айтқандай, автономия Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бастау кезі болды.

Алдағы уақытта, Британия ұлттық архив қорларынан алынған Қазақстан тарихына қатысты тың архив құжаттары аударылып, талдау жасалып, ғылыми айналымға енгізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Л. Есмағамбетов. Әлем таныған тұлға. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 453-454 бб.
2. Британия ұлттық архиві, FO 248/1318.
3. Британия ұлттық архиві, WO 106/60.
4. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық, Т.4. – Алматы «Атамұра», 2010. – 88 б.
5. Британия ұлттық архиві, WO 106/61.
6. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін бес томдық, Т.4. – Алматы «Атамұра», 2010. – 98 б.
7. Британия ұлттық архиві, WO 106/61.
8. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Т.1. – Алматы «Қайнар», 1998. 13-14 бб.
9. Британия ұлттық архиві, WO 106/61.
10. Мұстафа Шоқай. Таңдамалы. Т.1. – Алматы «Қайнар», 1998. – 133б.

Резюме. В статье проводится анализ ценных архивных документов, относящихся к истории Казахстана, привезенных специалистами Национального центра рукописей и редких книг из национальных архивных фондов Великобритании.

Summary. The article analyzes valuable archival documents related to the history of Kazakhstan, brought by specialists of the National Center for Manuscripts and Rare Books from the national archival collections of United Kingdom.





Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының реставрация және консервация бөлімінің басшысы

Сырым Ботабеков

«ҚҰЖАТ РЕСТАВРАЦИЯСЫ: КОНСЕРВАТИЗМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК СЕМИНАРЫ ЖАЙЛЫ

Кітапханалар, архивтер және әртүрлі қор сақтаумен айналысатын мекемелер құжаттарды сатып алады, сақтайды, сандық форматқа өткізеді және оқырмандарға ұсынады. Жазба мұра – ғасырлар бойы әлемдік мәдениет пен өркениеттің жиналған қайнар көзі болып табылатындықтан, құжаттар қорының сақталуын қамтамасыз ету мекемелердің негізгі функцияларының бірі болып табылады. Оны дұрыс жүзеге асырмай, уақыт өте келе, оқырмандардың сұранысын толық қанағаттандыра алмай, ішінара немесе толық құжаттардан айрылып қалу қаупі бар. Бұл іс-шара бірнеше комплекстік жұмыстар негізінде жүзеге асырылады, реставрация және консервация жұмыстары да соның ішіндегі маңыздыларының бірі саналады.

Ұлттың рухани және материалдық байлығының, мәдени және ақпарат-

тық әлеуетінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын еліміздің архив, кітапхана қорын қазіргі және болашақ ұрпақ мүддесі үшін сақтау мәселесі жан-жақты, барлық деңгейде шешілуге тиіс.

Әрине, құрал-жабдықтар мәселесінің маңызды екендігі баршаға айтпай-ақ белгілі. Тиісті құрал-жабдықтарсыз, жұмысты сапалы орындау қиын, кей жағдайларда тіпті мүмкін емес. Сонымен қатар, жұмыстардың жүргізілу жылдамдығы да сапалы құралдар пайдалану арқылы әлдеқайда тез болмақ.

Бірақ, дегенмен тиісті мамандардың болуы, олардың біліктілік деңгейі мәселенің ең маңызды жағы болып табылады. Олар негізгі біліммен қатар, саладағы соңғы жетістіктерден құлағдар болып, жаңа тәсілдерді меңгеріп отыру керек. Тәжірибе көрсеткендей,



бұл мәселелерді бір-бірінен оқшаулап шешу әрекеті сәтті болмайды. Демек, кәсіби семинарлар мен конференциялардың маңыздылығы зор деген тұжырымға келеміз.

Қолжазбалар мен сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары, өздерінің кәсіби саласына байланысты іс-шараларды барынша жібермеуге тырысып, оларды өткізіп алмауды әрдайым қадағалап отырады. Бұл салада шетелдік қор сақтаушы мекемелермен әріптестік байланыстар орнатылған. Мұндай мекмелердің бірі – Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында орналасқан Ресей Мемлекеттік кітапханасы. Мұнда екі жылда бір рет өткізіліп отыратын «Құжат реставрациясы: консерватизм және инновация» ғылыми-тәжірибелік семинары әлемдік реставрация саласы мамандары үшін маңызды шаралардың бірі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастығы мемлекетаралық қорының қолдауымен ағымдағы жылдың 9-11 сәуір аралығында әдеттегі үрдіс бойынша, семинар VII рет өткізілді.

Семинардың бірінші күні Ресей мемлекеттік кітапханасының мәжіліс залында «Құжат реставрациясы: консерватизм және инновация» VII халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинарының ашылу салтанатында Ресей Федерациясының Мәдениет министрінің орынбасары Андрей Малышев құттықтау сөз сөйлеп, ұйымдастырушылар мен ғылыми-тәжірибелік семинарға қатысушыларды құттықтап, Ресей мемлекеттік кітапханасының саладағы жұмысының нәтижесін, өңірлердегі кәсіби мамандар санының артуының оң динамикасын атап өтті.

Ресей мемлекеттік кітапханасының бас директоры Вадим Дуда семинарға қатысушыларға алғысын білдіріп,

реставрация саласындағы бетпе-бет кездесулер мен кәсіби тәжірибе алмасудың маңыздылығын атап өтті. «Реставраторлар, кітапхана қызметкерлері және мәдениет қызметкерлері – біздің ең үлкен әлеуетіміз, ең құнды ресурсымыз. Оларға қолдау көрсету, біліктілігін арттыру, күн тәртібіндегі маңызды мәселе» – деді кітапхана басшысы.

Іс-шараның құрметті қонақтары ТМД Атқару комитетінің Экономика департаментінің директоры Михаил Мыскин, ТМД Атқару комитеті баспасөз қызметінің жетекшісі Сведана Малинина, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің гуманитарлық ынтымақтастық мемлекетаралық қорының кеңесшісі Камол Рахимов болды. Сондай-ақ Ресейдегі және әлемдегі ең ірі кітапхананың тарихи залында Түркия, Әзірбайжан, Армения, Беларуссия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты 10-нан астам елдің жазба мұра реставраторлары және 200-ден астам жергілікті мекеме мамандары жиналды.

Биыл, семинарға Орталығымыздың Реставрация және консервация бөлімінің басшысы С. Ботабеков пен реставратор-суретшісі Д. Төлегенова қатысып қайтты. Олар Орталықта кітап реставрациясының жүргізілу барысы және мекемеде ағымдағы жылдың ақпан айында өткен Иран реставраторларының мастер-класын өткізу тәжірибесі жайлы баяндамалар оқыды.

Семинарбағдарламасы аясында қатысушыларға реставрацияның өзекті мәселелері, мәдени құндылықтар мен тарихты сақтау бойынша әлемдік мамандардың кәсіби лекциялары мен шеберлік сабақтары өткізілді.

Қалыптасқан үрдіс бойынша іс-шарада түске дейін қатысушылардың баяндамалары тыңдалып, түстен кейін құжат реставрациясының әр-түрлі тұс-



тарын қамтитын тәжірибелік дәрістер өткізіліп отырды. Кейбір тәжірибелік дәрістерге сұраныстың көп болуы таңғаларлық жағдай емес, сол себепті дәрістерге жазылу семинар басталуына бірнеше күн бұрын жүргізіледі. Әр маман өзіне қажетті тақырыбын таңдап, мастер-класқа бекітілген орындар саны толып кетпей жазылып үлгеруге тырысады. Орталық мамандары шығыс қапталын тігу, қатты зақымдалып, үгілуге аз қалған құжат реставрациясы, құрғақ пигменттермен бояу тәсілі сияқты бірнеше тақырыптағы мастер-кларстарға жазылып үлгерді.

Д. Телегенова шығыс қапталын тігу мастер-класына қатысты. Дәрісті Өзбек Ұлттық кітапханасының рес-

таврация және консервация бөлімінің басшысы Норбоев Абдувохид жүргізді. Дәріс 3 күн бойы 3 сағаттан өткізіліп отырды. Дәріс басталмас бұрын қатысушыларға қапталдың түрлері, негізгі орындалу техникалары, пайдаланылатын құралдар және кейбір пайдаланылатын шығын материалдарының ерекшеліктері жайлы айтып өтілді.

Қапталдың дұрыс өрілуі үшін бірнеше шарттар бар. Олардың ең негізгісі – кітап дұрыс техникада тігілген болуы керек. Сондықтан, қатысушыларға кітапты дұрыс тігу тәсілдері көрсетілді. Тізбектей тігу және сыртқы жіпте тігу тәсілдері ең қолайлы болып саналады.

Кітап блоктары дайын болған соң қаптал тігу дәрісі басталды. Қаптал



1 сурет. Семинарға Қазақстаннан барған қатысушылар

өзінің тікелей функционалдық міндеттерімен қатар сәндік үшін де өте маңызды. Сондықтан оны түрлі-түсті жіптерден өреді, негізінен жібек жіптері қолданылатын болған.

Қаптал өру – орындаушыдан шыдамдылық пен мұқияттылықты ерекше қажет ететін жұмыс. Өру барысында түрлі-түсті жіптерден геометриялық формадағы орнамент жасалады. Бос өріп қоюға да болмайды, қатты тартып өрілсе, жіптер кітаптың парақтарына зақым келтіруі мүмкін.

С. Ботабеков семинардың бірінші күні қатты зақымдалып, үгіліп тұрған құжаттарға реставрация жүргізу дәрісіне қатысты. Дәрісті Ресей мемлекеттік кітапханасының қорды реставрациялау қызметінің реставратор маманы Омельчук Наталья жүргізді.

Қатты зақымдалған құжат өзіне ерекше күтімді қажет етеді, тіпті оны бір жерден екінші жерге апарудың өзінде аса мұқияттылық қажет.

Мұндай құжаттарға реставрация жүргізу үшін, Ресейлік мамандар арнайы реставрация қағазын, (Ресейдің жергілікті фабрикасында шығарылады) ұн желімін және 5 грамдық жапон қағазын қолданады екен. Реставрациядан өтуі қажет құжатты астынан жарық беру үстеліне қойып, толық ылғалдап, жетіспеушіліктерін реставрация қағазымен өсіреміз. Бұл процесс аяқталған соң, екі жағына да 5 граммдық жапон қағазын ұн желімін қолдану арқылы жабыстырамыз.

Дайын болған құжатқа екі жағынан арнайы желімге жабыспайтын қағаз салып, сыртынан сүзу қағазымен бірнеше қабат етіп қаптап, екі тақтай ортасына орналастырып, бастырма пресске 1 тәулікке қысып қоямыз. Сүзу қағаздары реставрациядан өткен парақтардың ылғалдылығын өзіне сорып алады, ал бастырма пресстің астына орналастыру нәтижесінде құ-

жатымыз деформациясыз, түзу болып кебеді. Құжатымыз қатты зақымдалып, үгілуге аз қалып тұрғандықтан, екі жағынан жабыстырылған 5 грамдық жапон қағазы оның механикалық беріктігін нығайтады.

Екінші дәріс арнайы пигменттерді қолданып, құрғақ тәсілмен бояу тақырыбында болды. Дәрісті Рязань университеті ғылыми кітапханасының превентивті консервация орталығының маманы Ирина Ушакова жүргізді.

Бұл тәсіл әрине күнделікті қолдануға жарамайды, бірақ құжаттарды көрмеге қояр алдында оған эстетикалық жағымды түр беруде ыңғайлы екен.

Дәріс барысында екі түрлі техника көрсетілді: акварельді қарындаш қолдану және арнайы пигменттер қолдану. Қарындаш қолданғанда бояу штрих түсіру арқылы жүргізіледі. Штрихтар неғұрлым жиі болса, соғұрлым бояу реңкі қоюлау болмақ. Ал, пигмент қолдану тәсілі мақта таяқшаларын қолдану арқылы жүргізіледі. Пигмент қолдану тәсілінің тағы бір ерекшелігі, алдына ала пигменттерді араластырып, қажетті түсті дайындап алуға болады. Қарындаш қолданғанда үстінен басқа түспен бастыру арқылы ғана түсті шығарамыз. Кемшілігі: қажет түстегі қарындаш болмай қалса, түсті келтіру қиын.

Екі тәсіл де құжаттарға эстетикалық түр беруде қолданылатын болғандықтан, көп жағдайда кітаптардың сыртына қолданылады. Яғни, экспозициялау аяқталған соң, пигменттерді құрған матаның көмегімен мұқият тазалап алып тастаған жөн. Қарындашты қолдану арқылы жүргізілген тонировканы қалдыруға болады. Өйткені, ол пигменттерге қарағанда сүйкелу арқылы тез жұқпайды.

Мастер-кластардан бөлек шетелдік әріптестердің баяндамалары тыңдалып, сұрақ-жауап жүргізілді.





2 сурет. Тәжірибелік дәріске қатысушылар

Ресейлік әріптестердің Реставрация және консервация бөлімінің басшысы С. Ботабековтың Иран шеберлерінің қатысуымен өткен семинар тәжірибесі жайлы баяндамасына қызығушылықтары жоғары болды. Ресей мемлекеттік кітапханасының қызметкерлері өздері де Ирандық реставраторлармен байланыс орнатып, бірлескен мастер-класс ұйымдастыруға қызығушылықтары бар екендігін айтты.

Елімізде реставрация саласының мамандарына арналған Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы жыл сайын жүйелі түрде өткізіп отыра-

тын «Қазақстандағы жазба мұралардың реставрациясы және сақтау мәселелері» семинары бар. Өкінішке орай, қазіргі таңда аталған семинар еліміздегі реставрация саласы мамандарының басын қосып, ортақ проблемаларды талқылайтын жалғыз платформа болып отыр. Орталық жыл сайын өз күшімен өткізетіндіктен, қатысушы елдер ауқымы да кең бола алмай келеді. Онсыз да кенжелеп отырған реставрация саласына көбірек көңіл бөлінуі керектігін заман талабы көрсетіп отыр. Бабалардан қалған асыл мұра – жазба деректерді зерттеу, дұрыс сақтау әрқашан маңызды болып қала бермек.





Қолжазбалар және сирек кітаптар
ұлттық орталығы
Есепке алу, сақтау, көрме және
оқу залдарының жұмыстарын
ұйымдастыру бөлімінің басшысы
Баймағамбетова Анар Романқызы

ӨРКЕНИЕТТІҢ ОРДАСЫ БОЛҒАН КӨНЕ ТАРАЗ ШАҒАРЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖАЗБА МҰРАЛАР

Түйіндеме. Мақалада Тараз қаласының қысқаша тарихы және Жамбыл облысына жасалған археографиялық экспедиция нәтижелері туралы айтылады.

Кілт сөздер: Тараз шаһары, археографиялық экспедиция, қолжазба, сирек кітап, тарих.

Екі мың жылдан астам бай тарихы бар Тараз шаһары ежелден өркениеттің ордасы болған көне мекен. Мұнда өткен қилы кезеңдер, түрлі оқиғалардың куәсі болған көне Тараз талай ғасырдың куәгері, абыз шежірешісі ретінде күні бүгінге дейін жасап келеді.

Көне Тараз жайында ежелгі қытай, араб саяхатшыларынан бастап, батыстың және орыстың атақты ғалымдары Тараз турасында тағылымды еңбектер жазып қалдырған. Бұл қала әр кездерде Талас, Тараз, Яны-Тараз, Наманган-Көше, Әулиеата, Мирзоян, Жамбыл деген аттармен аталған. Қаланың 2000 жылдық тарихы тікелей осы аттармен байланысты. 2002 жылы Тараздың 2000 жылдық мерейтойы тойланды. Тараз қаласында және маңында осы

өңірдің тарихымен тығыз байланысты тарихи орындар көп орналасқан. Олар тарихта белгілі қазірге дейін сақталған қасиетті орындарға айналып отыр.

Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Кесене Тараз қаласынан 18 км қашықтықта Жамбыл облысы Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сән түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ.

Қарахан кесенесі – Қазақстанда XI ғасырдан сақталған сәулет өнері ескерткіші. Қазіргі Тараз қаласының батыс шетінде орналасқан. Кесене



Қарахан әулетінен шыққан белгілі хан Ша-Махмуд Бұғра Қарахан қабірінің басына орнатылған. Күмбезі ғана құлаған кесененің төрт қабырғасы мен жылтыр кірпішпен өрнектелген қос мұнарасы XIX ғасырдың 90-жылдарына шейін сақталған. 1905 жылы оның құлаған бөлігі түгелдей бұзып алынып, орнына 1906 жылы жаңа кесене салынған.

Тектұрмас кесенесі – Тараз қаласының оңтүстік-шығыс шетінде, Талас өзенінің оң жағалауында орналасқан XIV ғасыр сәулетінің ескерткіші. Бұл өңірдің діни ескерткіштерінің бірі. Кесене сәулетшісі мен құрылысшылары белгісіз. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған күмбезді төртбұрышты ғимарат. Сүйір аркалы кіреберісі ба тысқа Тараз қаласына қарап тұр.

Қали-Жүніс аталатын Шығыс моншасы XIX ғасырдың аяғында салынған. Тараз қаласының бай тұрғыны көпес Жүніс Ферғана мен Бұқара шеберлеріне салдыртқан. Құрылыс кезінде ортағасырлық шығыс моншаларының архитектуралық жиынтығы мен жылу жүйесі негіздері пайдаланылған.

Тарихы тереңде жатқан көне қаланың ескерткіштерден басқа да құндылықтары жетерлік. Оның бірі осы өңірде сақталған тарихи жазба мұралар.

Еліміздің сан ғасырлық рухани, саяси өмірінен, мәдениеті мен тарихынан мол мағлұмат беретін баға жетпес мұраларымыздың құндылығы қашанда жоғары бағаланған. Өйткені сирек кездесетін қолжазбалар мен алуан түрлі сирек басылымдардың түпнұсқалары – бағзы заманнан бүгінге дейінгі тарихи ұзақ мерзімді қамтитын, әртүрлі тілдерде жазылған баға жетпес, құнды жәдігердің бірі. Сондықтан бабаларымыздан қалған құнды мұраларымызды жүйелі түрде жинап зерттеу, оны ғылыми айналымға енгізіп дәйектеу – Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының басты міндеттерінің бірі.

Үстіміздегі жылдың сәуір айының 15-19 күндер аралығында мемлекеттік мекемелерден (кітапхана, музей, архив, ғылыми орталықтар) Республика бойынша жасалып жатқан орталықтандырылған сирек қорлардың реестріне енгізілетін сирек кітаптар мен қолжазбалардың тізімін алу, орталықтың жалпы атқаратын қызметімен таныстыру, ел арасынан, жергілікті тұрғындардан қолжазбалар мен сирек кітаптарды жинау (ақпараттар жинау, байланыс орнату) мақсатында Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ-нің Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К. Пәрімбекова және Есепке алу, сақтау, көрме және оқу залдарының жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А. Баймағамбетова Жамбыл облысында арнайы іссапарда болды. Іссапарда Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Ш. Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында, «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» КММ-де, «Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі» КМҚК-не, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығына, Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығында, сондай-ақ Жамбыл облысының «Һибатулла Тарази» орталық мешітімен қатар жеке қорлармен зерттеу жұмыстары жоспарланған болатын.

Іссапар 250 мыңға жуық қоры бар Ш. Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан басталды. Кітапхана басшысы Э. Абдинованың бастамасымен кітапхана қызметкерлерімен кездесу ұйымдастырылып, ұлттық орталықтың та-



рихы, бөлімдерінің қызметтері, соның ішінде ерекше реставрация-консервация бөлімінің қызметі туралы түсірілген бейнеролик көрсетіліп, көне жазбаларды жинаудың басты мәселелері, көне кітаптарды қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша құжат реставрациясының маңыздылығы туралы айтылды. Кітапхана қорына ұлттық орталықтан шыққан кітаптар мен журнал сыйға берілді. Ал кітапхананың сирек қорынан ұлттық орталық қоржынына 1924 жылы Ленинградта шыққан А.Н. Анненскаяның «Путешествие Свена Гедина», С.Н. Боголюбскийдің 1929 жылы Алматы қаласынан шыққан «Происхождение верблюдов», Н.А. Себерцовтың 1947 жылы Москвадан шыққан «Путешествия по Туркестанскому Краю» және басқа да жалпы саны 11 дананы құрайтын сирек кітаптардың электронды нұсқасы алынды.

Тарихымызды тереңнен танып білуге, өнеріміз бен мәдениетімізді, әдебиетіміз бен салт-дәстүрімізді жаңғыртар, рухымыздың өзегі болар бірден-

бір мекеме Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығы. Орталық басшысы Сауран Қалиұлы орталықтың атқарылып жатқан жұмыстары жайында біраз ақпараттарымен бөлісіп, 1928-29 жылдары байқулактардың тізіміне ілігіп, тәркілеуге ұшыраған Бошай Оразалыұлының деректері мен сол заманнан сақталған төте жазуымен жазылған қойын дәптерін Ұлттық орталық қызметкерлеріне зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін өткізді.

«Ғибатулла Тарази» орталық мешітінде Жамбыл облысына қарасты аудандар мен ауылдардың имамдарымен кездесу өткізіліп, ел арасындағы жергілікті тұрғындардың қолында сақтаулы тұрған көне жазба мұраларды жинау мақсатында келген іссапардың түпкі мақсаты түсіндірілді. Оларға бірнеше жүз жылдар бұрын шыққан кітаптардың қандай ауруларға ұшырайтыны, оларда кездесетін бактериялар, микробтар мен әртүрлі жәндіктердің адам ағзасына тигізетін зияндары, кітаптардың арнайы орындарда сақ-



1 сурет. Көне қолжазбалар мен сирек кітаптар




талуын, дезинфекция, дезинсекция жұмыстарының жүргізіліп қалпына келтіру арқылы келер ұрпаққа жетуін қамтамасыз ету керектігі айтылды.

Бүгінде еліміздің тарихына қатысты маңызды жазба деректер мемлекеттік есепке алынып, еліміздің бірнеше аймақтарына осындай зерттеу, анықтау экспедицияларының іске асырылып жатқандығы туралы сөз болды. Мешіт имамдары көне кітаптардың ел ішінде бар екендігін, олармен түсіндіру жұмыстарын жүргізетіндігін және қолдарынан келгенше жинауға көмектесетіндерін жеткізді.

Осы іссапар барысында мешіттің наиб имамы Ғалымбек Жапеков үлкен қолдау көрсетіп, Ұлттық орталық қорына араб, парсы, шағатай тілдеріндегі және төте жазудағы 40-қа жуық көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды өткізді.

Көне кітаптардың ішінде Қазанда басылған Қасиетті Құран Кәрімнің бірнеше данасы, түрік-осман авторы Мухаммад Челебидің 1894 ж. Қазанда басылған «Мухаммадия» кітабының бірнеше данасы, «Мәуліт» (ардақты пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дүниеге келген сәттегі ғажайыптарын, балалық және жастық шағындағы ерекшеліктерін, пайғамбарлық міндетінен алдыңғы өнегелі істерін, жеке тұлғасының қадір-қасиеті мен мінез-құлқын және тағы басқа қасиеттерін насихаттайтын еңбек) кітабы, XVIII ғ. ортасында өмір сүрген Аллаяр Сопының өлеңдері жазылған қолжазба, Физули өлеңдері, Ханафи мазһабы бойынша іргелі еңбектердің бірі «Шарх әл-Викая», 1893 жылы Ыстамбулда басылған «Шарх әл-Кафия ли-Исфахани», Қожа Хафиз Ширазидің парсы тіліндегі ғазалдары, Мухаммад Салыхтың 1902 ж. Қазанда басылған «Тарджам Мухтасар әл-Викая» еңбегі, сондай ақ Ислам тарихына қатысты, Шариғат жайындағы, араб, түркі грамматикасына қатысты кітап-



2 сурет. Аллаяр Сопының өлеңдері жазылған қолжазба



3 сурет. Физули жырлары жазылған қолжазба

тар мен мұсылман күнтізбесі сияқты түрлі кітаптар бар. Мешіттің наиб имамы аталған кітаптармен бірге қара былғарымен қапталған сандықшаны қоса сыйға берді.

Жеке қорлармен жұмыс барысында Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бес ағаш ауылының тұрғыны Ибрагимов Жеңіс деген азаматтың үйінде 1913 жылы Қазан баспасынан шыққан Құран кітабы, Қанәпиева Ақмаралдың үйінде 1900 жылы Ташкентте татар тілінде жазылған Шариғат кітабы анықталды. Тұрғындар сирек басылымның ата-бабаларынан келе жатқан аманат екенін жеткізді. Кітаптардың күйі нашар, бет парақтары жыртылған.





4 сурет. «Ғибатулла Тарази» орталық мешітінің наиб имамы Ғалымжан Төлебайұлымен бірге

Ауыл азаматтарына орталықта қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін арнайы реставрация-консервация бөлімінің жұмысын бейнероллик арқылы таныстырып, кітапты сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Тұрғындар алдағы уақытта баба аманатын реставрациядан өткізетіндіктерін жеткізді.

Осы іссапарлар барысында байқанымыз еліміздің әрбір аймағында жазба дүниелер сақталып отырғанды-

ғын байқауға болады. Сақталған көне жазбалардың жағдайы өте нашар, құрып кету алдында тұрғанын көресің. Халық бұл жазбалардың аз уақытта жоғалып кету қаупі бар екенін түсінуі қажет сонымен қатар, бұл мұралар шетел асып кетпеуі керек. Бұл жағдайларды болдырмас үшін жазба мұраларымызды жинақтау жұмыстарын жалғастырып, еліміздің барлық өңірлеріне ұйымдастыру қажет деп ойлаймыз.

Резюме. В статье описана история города Тараз и результаты командировки по поиску, выявлению и сбору письменного наследия этого региона.

Summary. The article describes the history of the Taraz and the results of a business trip to search, identify and collect the valuable heritage of this region.





**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Қазақстан-Беларусь
ғылыми-техникалық
ынтымақтастық орталығының
директоры, педагогика
ғылымдарының кандидаты
Дүйсен Сейітқали**



**Педагогика ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған
профессор
Жабай Қалиев**

«ҰЛЫҚ ҰЛЫС» ЖӘНЕ ЖОШЫ ТҰЛҒАСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Түйіндеме. Мақалада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей қолдауымен отандық тарихшы ғалымдардың әлем тарихында Алтын Орда мемлекеті аталып келген түрік-моңғол мемлекетінің тарихын жаңаша зерделеуге кірісуінің басталуы баяндалады. Сонымен қатар Алтын Орданы неліктен отандық тарихшылар «Ұлық ұлыс» немесе «Жошы ұлысы» деп атауға көшуін және Жошы ханның мемлекеттік қайраткер, қолбасшы ретінде тарих ғылымында сипатталуы суреттеледі.

Түйін сөздер: Ұлы Дала, Алтын Орда, Ұлық ұлыс, Жошы ұлысы, Шыңғыс хан, Жошы, Бату, Қазақ хандығы, Жошы ұлысының 800 жылдығы.

Қазіргі уақытта еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі оң өзгерістер отандық тарих ғылымының дамуына, оның теориясы мен методологиясына, әсіресе Қазақстан тарихын зерттеп жазудың, оны оқу орындарында оқыту, сол арқылы азаматтардың бойында жаңа қоғамдық, тарихи сананы қалыптастыруға бағытталуда. Оқу орындарында тарихи білім берудің мазмұны тарих

ғылымының даму деңгейіне тәуелді. Сондықтан президент тапсырмасымен жазылып жатқан Қазақстан тарихының жаңаша зерделенген жеті томдық тарихы осы жылы аяқталады деп күтілуде. Отандық және әлемдік тарих ғылымының соңғы жаңалықтарына сүйеніп жазылатын жеті томдықты жазуға қазақстандық 200-ден астам, шетелден 60-қа жуық танымал ғалымдар тартылғаны белгілі [1].



Кейінгі он жылдықта Қазақстан тарихының үлкен өзгеріске түскен, жаңаша зерделеніп жатқан бір кезеңі – бұрынғы кеңестік ұғыммен алғанда «Алтын Орда» тарихы. Қазақ елінің тарихына тікелей қатысы бар бұл мемлекеттің екінші атауы «Ұлық ұлыс». Тарихи әдебиеттерде, әр елдің деректемелерінде Жошының құрған осы мемлекетін әртүрлі атады.

Ресейлік еңбектерде «Алтын Орда», «Царство татар», Татарстан ғылымдары «Олуг Орда» («Великая держава»), «Олуг Джучи», араб деректерінде «Дешті Қыпшақ», латын деректерінде «Тартария» деп аталды. Патшалы ресейлік және кеңестік тарихнамада «Ұлық ұлыс» атауы сирек қолданылды және жағымсыз мемлекет сипатында баяндалды. Кеңестік заманда компартия идеологтары «адамзатқа қайғықасірет әкелген басқыншы, жыртқыш, жауыздық мемлекеті» ретінде бағалап Алтын Орда тарихын зерттеуге тиым салған болатын.

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың қолдауымен қазіргі уақытта қазақстандық тарихшылар Алтын орда – қазақ атымен аталған ұлттық мемлекеттігіміздің бастау негізі және оның іргесін қалаушы Жошы хан екенін ғылыми негізде дәлелдеп зерттеу үстінде.

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев 2019 жылы Ұлытауда сөйлеген сөзінде «Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазақ жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Сондықтан біз Алтын Орданың негізін қалаған Жошы ханның есімін ұлықтауды міндетті түрде қолға алуымыз қажет. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет» деп атап өткен болатын [2].

Осы жылдың басында басында «Егемен Қазақстан» газетіне берген

сұхбатында да Президент Жошы ұлысының іргесі қаланғанына 800 жыл екенін, мемлекеттігіміздің тамыры тым тереңде жатқанын әйгілейтін айтулы датаға орай кең ауқымды зерттеулер жүргізілетініне тоқталды [3].

Осы бағытта алғашқы жұмыстар басталып та кетті. Ұлт тарихшылары Алтын Орда тарихын зерттеуге кірісе бастады және кейінгі жылдары «Жошы ұлысы» деген тарихи атауға бет бұрды. Танымал тарихшы ғалым Бүркітбай Аяған 2020 жылы «Ұлық Ұлыс-Алтын Орда мемлекеті тарихы» оқулығын шығарғаны көпшілікке белгілі. Айболат Көшкінбаев, Канат Ускенбаев сияқты тарихшы ғалымдардың Жошы ханға қатысты ғылыми мақалалары жарық көрді. Талантты жас тарихшы Жақсылық Сәбитовтің жетекшілігімен 2023 жылы «Жошы ұлысын зерттеу ғылыми институты» жұмысын бастады. Жоғарыда есімдері аталған және басқа да қазақ тарихшылары Алтын Орда мемлекетін енді «Жошы ұлысы» деп атауға көшуде.

Республиканың жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерінде Жошы ұлысының 800 жылдығына орай конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар ұйымдастырылуда.

Тарихшылардың жазуына қарағанда, Алтын Орда тарихы 200 жылдан бері зерттеліп келеді. Тарихи еңбектерде Жошының тегі және өлімі туралы ертеден айтылғанымен оның жеке басына қатысты, оның іс-әрекеттері, көзқарастары туралы мәліметтер мардымсыз.

Жошының туған жылы және тегі туралы зерттеушілер арасында әртүрлі болжамдар бар. Ал өмірге келуіне қатысты француз тарихшысы К. Д'Оссон мынадай мәлімет жазған. Меркіттер тұтқынынан босаған соң Шыңғыс ханның тапсырмасымен Бөртеңі әкеле жатқан адам нәрестені ұннан жасалған қамырдың ішіне тығып, сырт



киімінің етегіне орап жеткізіпті. Бұл автордың жазуынша бала жол үстінде туғандықтан «қонақ» деген мағынада есім берілген. [4,172]. Кейбір қазақ зерттеушілері Жошының атын қазақы түсінікке бейімдеп «жолшы» деген сөзбен де байланыстырады.

Жошы ханның (1179-1225) тегі, балалық шағы, есею кезеңі туралы Моңғолиядан атамекенге оралып, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында көп жыл еңбек етіп, өмірден өткен тарих ғылымдарының докторы Зардыхан Қинаятұлы біршама толық баяндап жазған.

3. Қинаятұлы моңғол тарихшысы Саган Сэцэннің 1663 жылы жазыл-

ған «Эрденийн Эрх» еңбегіне сүйеніп Шыңғыс пен Бөрте 1178 жылы жаз айында отау құрған, сол жылдың тамызында, яғни бір айдан соң Бөрте меркіттердің қолына түсіп қалды деп жазады. Тұтқын кезінде Бөрте меркіт Чилгер палуанның әмеңгерлігінде болады.

Ертеректе Шыңғыстың әкесі Есукей батыр меркіттің рубасы Их Чилэтуден қалыңдығы Өгелен Ужинді ұзатылып бара жатқан жолында тартып алған болатын. Шыңғыс ханның үйленгенін естіген меркіттер ескі кекті қайтару үшін Бөртені күшпен алып кетеді. Шыңғыс хан ол кезде жас, әрі әлсіз болғандықтан қорғай алмайды.



1 сурет. Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде орналасқан Жошы ханның кесенесі



жөнінде ғылыми-танымдық мәліметтері мен өзіндік пайымдарын жан-жақты көрсетеді. Хайдар мырза Кашмирді он жылдан астам уақыт билеген. Ол өзіне қараған қалалар мен қоныстардың әл-ауқатын көтеріп, жолдарын жақсартты. Әдебиет пен мәдениеттің өркендеуіне жағдай жасады. Кашмир өлкесін гүлдендіріп абат баққа айналдыру ойымен талай жерлерге өкілдерін аттандырып, қолынан іс келетіндерді өзіне шақырды. Бірте-бірте ол Тибетті де өз иелігіне қосып алды. Оның ірі мемлекет басшысы, мемлекет қайраткері, ірі әскери қолбасшылық келбеті, әсіресе Кашмирде билік еткен жылдары анық көрінді.

Кашмир өлкесі М.Х. Дулати кезінде де, тіпті бүгінде де біртұтас әкімшілік-территориялық бірлестік болған емес. Оның көптеген саяси, этникалық және діни себептері бар. Соның нәтижесінде





1 сурет. Сринагар қаласындағы «Мазар-и Салатин» қорымындағы қайта жөндеуден өткен М.Х. Дулати зираты (2018 ж.)

қазіргі таңда Кашмирдің негізгі бөлігі Ладак провинциясымен бірге Жамму-Кашмир штатын құрып, Үндістанға қарайды. Мұндағы территорияның көлемі – 101387 км² халқының саны – 10 млн. Олардың 67% мұсылмандар, 30% үнділер, 2% синктер, 1,1% буддистер. Пәкістанға қарайтын жартылай автономды Азат Кашмирдің жер көлемі 85846 км², ондағы халықтың саны 1,3 млн. Қытай халық Республикасына қарайтын аумақтың жер көлемі 37555 км², тұрғындардың саны бірнеше мың адамды құрайды. Сондықтан да, тарихтың барлық кезеңдерінде Кашмир өлкесінде үнемі әскери қақтығыстар болып тұрады. Үндістан мен Пәкістан, Үндістан мен Қытай арасындағы түрлі деңгейдегі әскери қақтығыстар мен соғыстар бүгінгі күні де орын алып келеді. Нәтижесінде Жамму-Кашмир штатындағы үнді әскерінің саны 1,3 млн-ға жетіп отыр. Осындай күрделі тарихы бар Кашмирді 10 жылдан ас-

там уақыт билеген М.Х. Дулатидың бойынан ерекше табандылықты, ер-жүректілікті, дарынды қолбасшы мен мемлекет қайраткерін көруге болады.

Әбу-Фазл Әллами «Акбар-наме» еңбегінде былай деп жазады: «...М.Х. Дулати Кашмирді жаулап алғаннан кейін, он жыл бойы шын пейілмен бұл елге қызмет етті. Ертегі секілді, қараусыз және бағусыз қалған елге қалалар салып, мәдениетін өркендетті. Әлемнің түкпір-түкпірінен сәулетшілер мен қолөнершілер шақыртып, барлық іс-әрекеттерін тек Кашмирдің даңқын шығарып, гүлденуіне бағыттады». М.Х. Дулати Кашмирді алғашқы рет Сарышаян шоқ жұлдызы туған мезгілдің ортасында Жумада-и сани айында (29 желтоқсан 1532 ж. – 26 қаңтар 1533 ж.) Зужа асуы арқылы қашқарлық Саид ханның ұлы Ескендір сұлтанмен бірге алған болатын. Үш ай Кашмирде болып, өлкенің билеушісі Мұхаммед шахтың қызын Ескендірге



әперіп, көптеген сыйлықтарын Саид ханға жөнелтеді. Мырза Әли Тағайдың опасыздығынан Кашмирде ұзаққа қалмайды, кашмирліктермен келісім жасап, кейін қайтады. «Кашмирді сипаттау», «Кашмирдің ғажайыптары жайында әңгіме» және 100-104 тарауларында М.Х. Дулати Кашмирдің ғажайып табиғаты, қалалары мен халқы, ондағы діни ахуалды нақты фактілер келтіре отырып жазғандығы «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде белгілі. М. Дулатидың екінші рет Кашмирге келуі Хұмаюн патшаның Ганга өзенінде ауғандық Шершартан жеңілгеннен кейін 1540 жылдың қараша айында болды. Алғашқы кезеңде Кашмирді ешқандай соғыссыз алған болса, кейінірек билік үшін кашмирліктермен бірнеше рет соғысуына тура келді.

Жергілікті мәліктер (әкімдер) арасындағы өзара алауыздықты айла-тәсіл, ақылмен жеңіп, Кашмирдің толық билеушісіне айналады. «Тарих-и Рашиди» еңбегіндегі барлық жайттар автор тарапынан шынайылықпен жазылады: «Кашмир – әлемнің ең мәшһүр қалаларының бірі. Әр түрлі таңқаларлық әрі, сирек кездесетін жерлерімен мәлім. Солай бола тұра оны ешкім білмейді. Бұрынғы авторлардың кітаптарында ол туралы қысқаша жазылған. Шынында да ондай қысқа мәліметте Кашмир жөнінде дерек мүлде аз. Бүгін, 950 жылдың (1543 ж., сәуір-мамыры) Мухаррам айында, осы тамаша елдің билеушісі болып отырған кезімде, бұл елді барлық жағынан зерттеп білдім, Кашмир жайында жазғанымның бәрі өзім көріп куә болған нәрселер», – деп жазады.

Кашмирдің билеушісі ретінде басқару саясатын М.Х. Дулати жергілікті саяси-әскери жағдаймен сабақтастырып жүргізіп отырды. Оның біздің пайымдауымызша бірнеше себептері болды. Біріншіден, Кашмирді автордың өзі жазғандай, «Мен екінші рет Кашмирге

келіп, әлі түгелдей оны басып алған жоқ едім». Сондықтан М.Х. Дулати алғашқы уақытта Кашмирдің бір бөлігін Қажы шаһқа, екінші бөлігін Исмаил шаһқа, ал үшіншісін Саид Ибрагимнің басқаруына берді. Екіншіден, жергілікті халықтың сеніміне ие болу үшін және өзіне дейінгі билеушілерге деген сыйқұрметтің болуынан Кашмирдің билеушісі Назик шаһ атынан, кейінірек Хұмаюнның атынан да теңге соғып, олардың атынан хұтба оқыған. Бұл жөнінде Әллами өз еңбегінде жақсы жазған.

Белгілі үнді ғалымы, профессор Мансура Хайдар өзінің «Мирза Мухаммед Хайдар Дулат в персидских источниках» атты еңбегінде Абул-Фазлдың деректеріне сілтеме жасай отырып, «Мирза Хайдар Дулат Кашмирді билеген он жылда осы бір адамдар аз қоныстанған, бірақ берекелді жерде жаңа қалалар мен өркеніетті құруға барлық күш-жігерін салды», – деп жазады. Өлкенің гүлденуі мен даңқының артуына жан-жақтан суретшілер мен қолөнершілерді шақырып, көптеген жаңа құрылыстар жүргізді. Жаңа үлгідегі сарай, моншалар, бақтар салынып, тіпті үйлердің есігі мен терезелері өзгертілді. Аса білімді, мәдениеттің озық үлгісін көрсете білген М.Х. Дулати жас балаларды оқытты, білімді адамдарға қолдау көрсетті, дарынды ақындар мен музыканттарды өз төңірегіне жинап, оларға үнемі қамқорлық жасап отырды. М.Х. Дулати атақты тарихшы болумен қатар, оның үздік ақындық қабілеті де болатын. Бірнеше тілді терең меңгерген ұлы бабамыз «Тарих-и Рашиди» еңбегін парсы тілінде жазса, «Жаһан наме» еңбегін түркі тілінде жазғаны тарихтан белгілі.

М.Х. Дулатидың Кашмир билеушісі ретіндегі қызметіне тарихи баға берсек, ол ең алдымен ішкі және сыртқы қақтығыстардан әбден күйреуге жа-





2 сурет. Үндістанда М.Х. Дулати зиратындағы Ақпараттық тақтаның ашылуы.

қындаған Кашмирді бір орталыққа бағындырып, әлеуметтік-экономикалық, әскери жағынан күшейген өлкеге айналдырды. Кашмир Ұлы Жібек жолы бойындағы үлкен сауда орталығының біріне айналып, тоқыма өндірісі дамып, бәрімізге бүгінге дейін белгілі кашмир матасы әлемге танылды. Ондаған жаңа бақтар, соның ішінде бүгінгі күн-

ге жеткен Шалимар, Нишот бағы бүгінгі Сринагар қаласының мәдени-тарихи және демалыс орны ретінде өз қызметтерін атқаруда. Мұхаммед Хайдар Дулатидың Кашмирді билеуші ретінде атқарған көптеген жасампаз еңбегін үнді мемлекеті үшін ғана емес, жалпы адамзат өркениеті тарихына қосқан зор үлесі деп қарастыруымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А. Абдуалы, Б. Әбілдаұлы. М.Х. Дулат және Кашмир. – Тараз, 2011. – 41 б.
2. М. Калиекова. Мұхаммед Хайдар Дулати. Өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 2020. – 65 б.
3. М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди». – Алматы, 2003. – 466 б.
4. М. Хайдар. Мирза Мұхаммед Хайдар Дулат в персидских источниках. – Алматы, 2010. – стр.65.

Резюме. В статье рассказывается о периодах правления М.Х. Дулати в Кашмире. Несколько исторических работ дают историческую оценку деятельности М.Х. Дулати как правителя Кашмира.

Abstract. The article discusses the periods of M. H. Dulati's rule in Kashmir. Several historical works provide a historical assessment of M. H. Dulati's activity as a ruler of Kashmir.





Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының біліктілігі жоғары деңгейдегі маманы, археограф

Жабықбайұлы Әділәлі

ТЫНЫБАЙ МЕШІТІ – ЕЛІМІЗДЕГІ ТАРИХИ НЫСАНДАРДЫҢ БІРІ

Түйіндеме. Мақалада Тыныбай қажы және Тыныбай мешітінің тарихи маңызы және онда сақталған құнды жазбалар зерделенеді.

Түйін сөздер: Тыныбай мешіті, Меңдібай, гиль, көпес, саудагер, мешан, Уақ, старшина, Алаш Орда, Ертіс, Шоқан Уәлиханов, Құнанбай Өскенбайұлы, Ф. Достоевский, барон Врангель.

Еліміздің сан ғасырлық рухани мәдениеті мен тарихынан мол мағлұмат беретін баға жетпес мұраларымыздың құндылығы қашанда жоғары бағаланған. Сол ұлттық құндылықтарымызды дамытудың негізгі көзі – құнды қолжазбалар мен сирек кітаптарды анықтау, зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізу, дерек көздерін ғылыми айналымға түсіру негізінде олардың ортақ тізімін жасау, оларды мемлекеттік реестрге алу және қазіргі сақталу жағдайын білу. Осы мақсатта «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында» экспедициялық жұмыс топтары құрылған. Сондай бір жұмыс тобының құрамында Есепке алу, сақтау, көрме және оқу залдарының жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің

жоғары деңгейлі маманы, археограф Жабықбайұлы Әділәлі, Қалпына келтіру және сақтау бөлімінің меңгерушісі Сырым Сайлауұлы, Ғылыми-зерттеу бөлімінің аға сарапшысы Назерке Жақан сияқты орталық қызметкерлері 2024 жылдың 22-27 сәуір аралығында Қазақстанның мәдени-рухани, һәм тарихи орталығы – Семей қаласы мен Абай облысында іссапарда болып қайтты.

Экспедиция мүшелері бірнеше тарихи орындарды, мешіттерді аралады. Бір мұнаралы ағаш мешітте XIX-XX ғасырға жататын мыңдаған сирек құнды қолжазбалардың бар екені анықталды. Университет, кітапхана, архив, музей, мешіттерден саралап, сұрыпталып алынған жалпы 27 сирек кітап Ұлттық



орталық қорына табысталды. Алдағы уақытта аталған құнды жазбаларға зерттеу және реставрация жұмыстары жүргізіледі.

Ғасырлар куәсі болған Тыныбай мешітінен Абдулла Румидің «Ескі түркі тілі» кітабы, «Қырық хадис» тәржімасы, кеңестік кезеңдегі барлық мұсылмандарға мүдждрах және төте жазудағы өлеңдер, т.б. мұралар бар.


Тыныбай мешітінің жай-жапсары туралы толық мағлұмат алу үшін, біз ең әуелі осы мешіттің негізін қалаушы Тыныбай тарихта қандай адам болғандығын, оның ел игілігі үшін атқарған жұмыстарын анықтаудан бастадық.

Тыныбай Кәукенов Семей өңірінде аты аңызға айналған тарихи тұлға. Ол 1789 жылы туылып, 1887 жылы 98 жасында қайтыс болған.

Тыныбай Кәукенов XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда товар-ақша қатынасы дамып, қанат жая бастаған кезеңде Семей өңірінде, қазақ арасында алғаш саудамен айналысып, 2-ші гильді (дәреже) көпес атағын алған ірі саудагер, бай. Руы – уақ, Көкен болысының старшинасы. Сонымен бірге Семей көпестері қоғамына мүшелікке қабылданып, мешанин атанған қазақ. Ол уақытта мешандардың отбасы мүшелері де түгелдей осы атаққа ие болған. Мұндай атақ патшалық Ресейде 1785 жылдан ресми түрде қолданыла бастаған. Мещандар құрамын әлеуметтік тап ретінде ұсақ буржуазия өкілдері құраған. Олар көпестер қауымдастығына мүшелік жарна, ал қала бюджетіне алым-салықтар төлеп тұрған. Сондай-ақ, мүдделері заң жүзінде қорғалып, мешан екендіктерін айғақтайтын арнайы төлқұжаттар берілген. Және де бұл мешандық атақ әкеден балаға мұрагерлікке қалдырылған. 1897 жылғы Ресейдегі халық санағы бойынша мешандар саны 13386,4 мыңға жетіп, ең ықпалды әлеуметтік топ болып саналған [1].



1 сурет. Құран, 1903 қазан, Араб тілі



2 сурет. Абдулла Румидің «Ескі түркі тілі» кітабы.

Тыныбай Семей өңірінен Меккеге барып қайтқан алғашқы қажылардың бірі. Оның қажы екені 1888 жылы жазылған Семейдегі №7 жамиги мешіттің имам-хатибі Ахметуәли Мунасыповтың қолжазбасында айтылады. Бұл ескі қолжазбаға осы мақаланың соңында нақты тоқталатын боламыз.

Тыныбай өзі өмір сүрген сол кездің өзінде-ақ орыс патшасының жоғары лауазымды шенеуніктері А. Трофимов, барон Врангель мен әйгілі орыс жазушысы Ф. Достоевский, қазақтың тұңғыш ғұлама ғалымы Шоқан Уәлиханов, семейлік өлкетанушы Иван Земляницынның назарына ілініп, олардың ресми ақпарларында, естеліктері



мен ғылыми зерттеу еңбектерінде, мақалаларында жазылып қалған зиялы адам. Сонымен қатар, Қашғар сапары барысындағы шығыстанушы ғалым Шоқан Уәлихановтың күнделік дәптерінен де Тыныбай есімін бірнеше рет кездестіруге болады. Ол өз күнделігінде: “28 июль – Тыныбайдың керуені келе жатқанынан хабар алдым. Приказчигі – Боранбай. 2 август – Тыныбайдың керуені келді. Қойларын айдап әкелді” деген т.б. жазулар қалдырған. Демек, бұдан Тыныбайдың өз кезінде қырдағы қалың қазақ арасында ұсақ-түйек сауда жасап қана қоймай, сонау бір шеті Ресейдің ішкі Ірбіт, Нижегород, Түмен, Тобыл, екінші шеті көршілес Қытайдың батысындағы Шәуешек, Құлжа сияқты қалалардағы ірі сауда базарларына түйе керуендерін жөнелтіп отырғанын көреміз [2].

Барон Врангель секілді жоғары лауазымды патша шенеунігінің Ф.М. Достоевский есімін ауызға ала отырып, әкелі-балалы қазақ байла-

ры Тыныбай мен Меңдібай туралы “наши приятели, богачи Мендыбай и Тинибай”, “мы охотно приняли приглашение наших друзей-киргизов Тинибая и Мендыбая” [3]. деп айтып, жандарына жақын тартуы, көп жайды аңғартса керек. Біріншіден, бұл Тыныбай мен Меңдібайдың өз заманында беделі биік, өте ірі бай, мәрт адамдар болғанын байқатады. Екіншіден, Федор Достоевский мен Шоқан Уәлиханов секілді ұлы тұлғалардың арасында адами тұрғыда ерекше сыйластық пен достықтың болғанын білеміз. Ал оның барон Врангель берген қанжарды өзінің сүйікті досы Шоқанға сыйға тартқаны да есімізде. Олай болса, Достоевскийдің Шоқанды Семейдің атақты бай көпестері Тыныбай және оның баласы Меңдібаймен таныстырғанына, тіпті керек десеңіз, олардың үйінде бірге қонақта болғанына да ешқандай күмән жоқ. Семейдің көнекөз қарттарының әңгімесіне және кейбір әдеби-ғылыми деректерге қарағанда,



3 сурет. Семейдегі Тыныбай мешіті.



ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов өзінің Қашғарияға жиһангерлік, ал аға сұлттан Құнанбай Өскенбайұлы мен оның немере інісі дарынды ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы Меккеге қажылық сапарларына осы Тыныбай үйінен дәм татып, Тыныбай мешітінде ғибадат етіп аттанғаны жайлы айтылады [4].

«Тыныбай мешіті» – Ертістің сол жақ жағалауында орналасқан діни-тарихи ғимарат. Мешіттің мекен-жайы: Жамбыл көшесі, 48-үй, қасында Семей өзен вокзалы орналасқан. Мешіт XIX ғасырдың 30-40 жылдары, яғни 1840 жылы 2-реттік қазақ көпестері одағының мүшесі, көпес Тыныбай Кәукеновтің қаржысына салынған. Ғимараттың іргесі тастан қаланған. Мұнара күмбезіне дейінгі қабырғалары ағаштан жасалып, күмбезі мен сырт қабырғасының үштен бірі әртүрлі пішінде ағаштан ойылып нақышталған. Ғимараттың іші үлкен екі қабатты залдардан тұрады. Төменгі қабаты ерлер үшін, жоғарғысы әйелдерге арналған. Қазіргі таңда ғимараттың сол жақ тұсында, ақ кірпіштен салынған, дәрет алынатын жай мен қосымша оқыту бөлмелері орналасқан.

Тыныбай Кәукеновты жалпы Семейдің сол жақ, қазіргі Жаңа Семей қаласы бөлігіне, тура Қара Ертістің жағасына қазақтан шыққан алғашқы дәулетті көпестердің бірі болып, ағаштан биік еңселі үй тұрғызып, сауда орындарын ашқан, сөйтіп Тыныбай слободкасы атты елді мекеннің тұңғыш іргетасын қалаған және онда өз қаражатына мешіт-медресе салдырған, мұсылманша бала оқытқызып, халқын имандылыққа уағыздаған тарихи тұлға ретінде де жоғары бағалауымыз керек.

Біріншіден, сол заманда ақ патшаның арнайы Ертістің оң жағалауына он шақырымдай жерге қазақтарды қоныстандырмау туралы жарлығы болды. Сондықтан да жергілікті халыққа Ертістің оң жағынан өздеріне баспана

салып, шаруашылық жүргізуге мүлде рұқсат берілмеді. 1850 жылы сауда-экономикалық мәдени интеграция тереңдеп дамуына байланысты жергілікті халықтың ағаштан мешіт тұрғызуға, сауда қоймаларын салуға патша өкіметі қарсы болды. Патша үкіметі тек, екінші гиль көпес атағын алған ірі саудагер Тыныбай Кәукенов пен Жоламан Жандарбеков тәрізді санаулы адамдарға ғана рұқсат берген. Семейлік өлкетанушы Иван Земляницынның 1871 жылы “Семипалатинские областные ведомости” газетінде жарияланған «Семьпалат» мақаласында Ертістің сол жағалауына Тыныбай Кәукеновтің 1826 жылы, ал Жоламан Жандарбековтың 1829 жылы үлкен ағаш үйлер мен асхана, монша, сауда қамбаларын, сондай-ақ кейінде 1830-1840 жылдары мешіт-медреселерін салдырғаны туралы құнды деректер айтылады [5].

Қазіргі Жаңа Семей, бұрынғы Алаш қаласының ежелгі қалыптасу тарихы, міне дәл осы Тыныбай және Жоламан слободкалары деп аталатын қазақы шағын елді мекендерден бастау алатынын ерекше атап айтуымыз керек. Оның кейінде Алаш атануы, негізінен Алашорда қайраткерлерінің қызметімен тікелей байланысты болып келеді. 1917 жылдың 6 наурызындағы Семей облыстық қазақ комитетінің шешімі бойынша бұл қала Алаш деп аталады. Содан, 1927 жылдың 15 қыркүйегіндегі Семей облыстық халық депутаттары кеңестері атқару комитетінің шешімімен Жаңа Семей болып өзгертілгенше он жылдай уақыт өмір сүреді. 1918-1920 жылдары Семейдің Алаш қаласы бөлігіндегі Әбдірахмен Жүсіпов пен Қаражан Үкібаев сынды байлардың мектепке жалға берген үлкен ағаш үйлерінде Алашорда үкіметі мен Семей уездік Земствосы, Алашорда соты, «Сарыарқа» газетінің кеңселері орналасып, қызмет жасады.



Әу баста, Тыныбай және Жоламан есімдерімен аталған бұл елдімекендер, шын мәнінде тәуелсіздік жолында күрескен Алаш зиялыларының рухани ордасы болды.

Екіншіден, XIX ғасырдың басында ұлан-ғайыр қазақ жеріне патшалық Ресейдің ішкергі аймақтарынан жаппай қоныс аударған қарашекпендерге қоса діни миссионерлер де қаптап келе бастады. Орыс православиелік шіркеуінің Қасиетті Синодының жарлығымен 1829 жылы Сібір халықтарын шоқындыру мақсатында арнайы Алтай миссиясы ашылды. Кейінде ол өз діни қызмет аясын кеңейтіп, Алтайды мекендеген қазақтар арасында 1871 жылы Қосағаш миссиясын ашты. Сөйтіп, діни миссионерлер Семей жеріне қарай аяқ басты. 1882 жылы Қасиетті Синод Семей миссиясын ашып, оған басшы етіп священник Филарет Синьковскийді тағайындады. Ал кейінде 1894 жылы Ертістің сол жағалауындағы қалың қазақ арасына Қырғыз миссиясының шіркеуін әкеп салды. Міне, осындай аумалы-төкпелі

қиын кезеңде өз қаражатына арнайы мешіт-медреселер салғызып, қазақтың мұсылмандығын сақтап қалған жаңағы Тыныбай Кәукенов пен Жоламан Жандарбеков сынды зиялы азаматтар болды [6].

Тыныбай Кәукеновты, жалпы Семей өңіріндегі қазақтың бетке ұстар үлкен тұлғаларының бірі десек еш қателеспейміз. Ол кез келген орыс-татар сәу-даргерлерімен үзеңгі қағыстырып, тең дәрежеде сөйлесе алатын биік беделді адам болды.

Патшалық Ресейдің қазақ даласына жіберген діни миссионерлерден Ұлт бірлігін, ел тұтастығын сақтап қалудың бір жолы – мешіт пен медресе, мектеп ашып, бала оқытуда, имандылыққа тәрбиелеуде, сол арқылы өркениетті жұрттардың қатарына жетуде рөлі өте жоғары болды.

Семей өлкесінің тарихында өзіндік үлкен із қалдырған Тыныбай Кәукенов сияқты ұлағатты тұлғалардың есімдері ешқашан да ұлт жадынан ұмыт қалмауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Кенемолдин. Алаш (Семей) қаласы [Мәтін] / М. Кенемолдин; М. Кенемолдин // Абай. – 2014. – №5. – 26-33 б.
2. С. Шаянбаева. Семей қаласының айшықты тұстары. [Мәтін] / С. Шаянбаева // Ертіс өңірі. – 2010. 27 қазан. – 13 б.
3. Баронь А.Е. Врангель. Воспоминания о М. Достоевскомъ въ Сибири // 1854-1856 гг. – С-Петербургъ, 1912. – 85-86 сс.
4. Е. Сыдықов. Алаш (Семей) қаласының тарихы [Мәтін]: Зерттеу. Т.1 / Е. Сыдықов; Жалпы ред. Ескендіров М.Ф. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атынд. мемл. ун-ті, 2017. – 383 б.
5. С. Шаянбаева. Семей қаласының айшықты тұстары. [Мәтін] / С. Шаянбаева // Ертіс өңірі. – 2010. 27 қазан. – 38 б.
6. Ш.Б. Сейітова. Қазақ этнонимдерінің тарихи-лингвомәдени жүйесі (Шығыс Қазақстан аймағы материалдары бойынша) монография: Ш.Б. Сейітова. – Семей, 2019. – 313 б., 182-183 бб.

Резюме. В статье рассматривается историческое значение Тыныбая хаджы и «мечети Тыныбай», а также изучаются сохраняющиеся там ценные рукописи.

Abstract. The article examines the historical significance of Tynybay hajji and the «Tynybay Mosque,» as well as the valuable manuscripts preserved there.





Научный сотрудник
Государственного историко-культурного
музея-заповедника «Ботай»,
кандидат исторических наук
Игорь Прохоров

ЗАГАДКИ ДРЕВНИХ КОНЕВОДОВ КАЗАХСТАНА

Резюме. Статья об исследовании Ботайской культуры и об анализе новых находок и что новые находки Ботайской культуры дают современным исследователям не только понимание хозяйства древнего населения Казахстана, но и осмысление мировоззрения человека каменного и меднокаменного веков.

Ключевые слова: Ботайская культура, Индия, Конь, ритуал, раскопки, археологические памятники.

Археологический памятник «Ботай» расположен в Северном Казахстане между рекой Иман-Бурлук, лесом Кокшетау на севере и востоке и открытым степным пространством на западе. Такое расположение позволяло древним жителям заниматься одновременно коневодством, рыболовством, охотой и собирательством. Ботайцам первым в мире удалось приручить лошадь. Климат VI тысяч лет назад, когда расцвела эта древняя культура, был схож с современным.

С обнаружением элементов обряда кремации на ботайском поселении Краснояр, археологам стало многое понятным в их общественном устройстве и духовной культуре. Культ огня у древних коневодов Казахстана был намного сильнее, чем до этого представляли ученые.

Обряд совместной кремации коня и воина греками описан в «Илиаде». При сожжении Патрокла «трижды вокруг тела они долгогривых коней обогнали», а затем Ахиллес «четырёх коней гордовыйных с страшной силой поверг на костер, глубоко стеноя». Роль коня в этих ритуалах состоит в том, что конь выступает, прежде всего, как посредник между миром живых и небесной обителью предков. Эта роль коня очень ясно охарактеризована в гимне индийских гимнах Ригведы, где коня просят провезти умершего на небо для последующего воскрешения.

Для обозначения коня в Ригведе употребляется не менее пятнадцати синонимов. Конь занял видное место и в духовной культуре Древней Индии, особенно в мифологии и ритуальной деятельности. Образ коня в целом со-



ответствует общим индоевропейским представлениям, согласно которым конь как древний зооморфный символ солнца считается атрибутом или символом целого ряда божеств, прежде всего небесных, солнечных. Так, в ведийской мифологии колесницу бога солнца Сурьи влекут благодатные рыжие кобылицы, яркие, пестрые, вызывающие восторг и достойные поклонения. Поднявшись «на спину неба», они в один день объезжают небо и землю. Сурья проделывает дневной, видимый, путь, и ночной, невидимый: «Бесконечно светла одна его сторона, другую, черную, собирают его кобылицы». Сработанную божественными мастерами Рибху, колесницу Индры, влекут рыжие или гнедые кони с развевающимися золотыми гривами. Светоносная, огненная природа коня подчеркивается его связью с Агни, богом огня.

В древнеиндийской литературе встречаются различные осмысления коня, которые чаще даются в символическом ключе. Так, в Брихадараньяка упанишаде части тела жертвенного коня последовательно отождествляются с разными частями вселенной, а сам конь уподобляется этой вселенной: «Поистине, утренняя заря – это голова жертвенного коня, солнце – его глаз, ветер – его дыхание, его раскрытая пасть – это огонь вайшванара; год – это тело жертвенного коня, небо – его спина, воздушное пространство – его брюхо, земля – его пах, страны света – его бока, промежуточные стороны – его ребра, времена года – его члены, месяцы и половины месяцев – его сочленения, дни и ночи – его ноги, звезды – его кости, облака – его мясо; пища в его желудке – это песок, реки – его жилы, печень и легкие – горы, травы и деревья – его волосы, восходящее солнце – его передняя половина, заходящее солнце – его задняя половина» [Брихадараньяка упанишада 1964: 25].

Одним из проявлений бога Вишну в пураических текстах является Хаяширас – Конноголовый бог. Бог богатства и владыка якшей Кубера также связан с лошадью: она служит его ваханой, транспортным средством.

Посредническая роль коня хорошо отражена в греческом искусстве: на вазе дипилонского стиля представлена похоронная процессия, внизу идут плакальщики, а кони погребальной колесницы уносят тело умершего на небо.

Однако, конь в погребальном ритуале играет не только посредническую роль. Значение коня состоит в том, что он является силой, способной обеспечить человеку возрождение к новой бессмертной жизни на том свете.

В индийском эпосе Сомадева конь асуров Уччайхшравас – царь всех коней – наделен способностью воскрешать мертвых. В этой роли коня слышны отголоски древних представлений, к которым, по всей видимости, одними из первых пришли ботайцы. Ведь именно они первыми приручили лошадь, а новые открытия использования ими обряда кремации как пути на небо вместе с конем подтверждают эти знания.

Конь – атрибут загробных богов, посланник с того света, средство для совершения последнего путешествия мертвого. Конь – личина, принятая душой покойного. Провожатый умерших – конь провожает души в загробное царство.

Между тем в древних аккадских сказаниях об Адапе, Этане, Гильгамеше героям не удается достичь неба и бессмертия. В сказаниях народов Сибири и Северной Америки только шаманы, выполняющие функцию посредничества между всеми мирами, могут подниматься с земли на небо и возвращаться обратно.

В других архаических сказаниях между небом и землей прокладывается путь по растущему вверх дереву, по столбу, по горе, по цепи из стрел,



запущенных таким образом, что коней одной втыкается в хвост другой, по радужному мосту, по лучу. Древние индийские сказания о людях-конях воплощает полубожество Гандхарва, страж небесной сомы, обитающий в воздушных пространствах и связанный с солнечным светом. Как и индоиранский Гандарева в «Авесте», в Ригведе он упоминается в единственном числе. В поздних ведах Гандхарвы, названные во множественном числе, образуют особый класс мифических персонажей, а в послеведийский период они считаются небесными певцами и музыкантами. Некоторые исследователи сближают Гандхарвов по имени и отчасти по функциям с греческими кентаврами.

Ботайцы не были кочевниками. В условиях оседлой жизни у них появляется керамика, как универсальный показатель неолитической эпохи, в которой произошли главные изменения в древнем обществе, позволившие человеку заложить первые камни в фундамент будущей степной цивилизации.

Как отмечал первооткрыватель Ботайской культуры Виктор Зайберт,

археологи, занимающиеся древней историей степной Азии, понимали, что между неолитом и эпохой бронзы должен быть временной промежуток. Это время энеолита или меднокаменного века.

В Казахстане к 1980 году энеолит был мало известен. Поэтому одной из проблем, которую решала Петропавловская группа исследователей, была периодизация первобытных культур северного региона страны. Для этого нужно было изучить энеолитические памятники.

По воспоминаниям археологов, работников музея-заповедника «Ботай», первооткрыватель Ботайской культуры Виктор Зайберт летом 1980 года с товарищами заканчивал раскопки стоянок на степной речке Балга - Карасу. Нужно было решить, какой объект выбрать для дальнейших раскопок. Низовья реки Иман-Бурлук проходят по живописной местности, сочетающей облесенный мелкосопочник с равнинными участками. Березовые перелески там соседствуют с реликтовыми сосновыми борами. Одно место у села Никольское в том самом 1980-м



1 рисунок. Ботайское селение.



году особенно приглянулось исследователям: крутой обрывистый берег, с ровной открытой площадкой, окаймленной хвойными борами. Был вечер, нужно было определиться с ночевкой. Возвращаться в село Никольское, которое уже прошли, археологи не хотели. По темноте добрались до следующего села Кирилловка. Утром был общий сбор «разведчиков», где намечался следующий маршрут. Пригласив молодых сотрудников Олега Мартышока и Владимира Байтова, Виктор Зайберт попросил: «Друзья, нам всем ужасно надоело копать на жаре. Поезжайте на реку Иман-Бурлук, у села Никольское есть лес и красивый берег. Там, по моим приметам, должна быть стоянка жителей энеолита».

Ребята вернулись через три дня с обломками керамики и кремневых изделий: «Виктор Федорович! Материал интересный, но стоянка разрушена оврагом, это сборы из него».

Он понял, что видит принципиально новые, незнакомые археологические материалы, что это новый этап в археологической жизни и его приближение нельзя затягивать. В течение двух часов свернули лагерь, загрузили в старенький «Кубанец» оборудование. Экспедиция тронулась в путь.

К месту новой стоянки прибыли уже глубокой ночью. Расположились в сосновом бору. Опьяненные лесным воздухом, все мгновенно уснули. Виктор Зайберт проснулся с первыми лучами солнца. Выйдя на край леса, он удивился: внизу развернулась величественная панорама – ровная глинистая площадка на высоком обрывистом берегу речки, окаймленная зеленой лентой хвойного леса. Солнце высвечивало многочисленные неглубокие округлые, покрытые травой впадины. Через несколько минут он уже осматривал их. В обрыве очень ясно выделялся мощный, до 2 метров, культурный слой с многочисленными костями животных, обломками керамики и каменными

предметами. Зайберт не сомневался в том, что перед ним уникальный археологический памятник, раскинувшийся на 20 га. Памятник, который действительно стал уникальным в Приишимье. Археологи ликовали, они совершили новое открытие!

Прежде чем приступить к раскопкам памятника Ботай, вся его площадь была разбита на условные участки (10x10 м.). Затем большие квадраты разбивались на части (2x2 м). Данная сетка служила основой для обозначения координат раскопов. В центральной части поселения, обозначена нулевая «0» нивелировочная отметка, используемая в процессе раскопок всех лет исследований. Затем были начаты работы по сбору находок в разрушенной части поселения (в оврагах и под обрывом реки). Условно, от берега, в сторону поля поселение было разбито на десять зон и собранный инвентарь учитывался согласно данной разметке. Это давало возможность, хотя бы территориально, учитывать местоположение находок на плане. Всего в «зонах» было собрано более тридцать тысяч археологических находок, десятки тысяч костей животных, а также единичные экземпляры человеческих костных остатков.

После этого в береговой части на мысе, образованном двумя оврагами, был заложен первый раскоп участками 2x2 м, с оставлением бровок через 4 м. Ширина стратиграфических бровок составляла 30-40 см. Исследование культурного слоя велось горизонтами по 10 см, по всей площади раскопа с выносом земли за его пределы. Для выдерживания определенного горизонтального уровня вскрытия культурного слоя регулярно производились контрольные замеры нивелиром. Находки наносились на планы раскопа с интервалом через 20 см. Найденные кости животных фиксировались на отдельном плане. Очертания жилищно-хозяйственных конструкций также





2 рисунок. Экспонат музея – заповедника «Ботай»

фиксируются через 20 см, начиная с глубины 30-40 см. В ходе раскопок особое внимание было уделено методике выявления и регистрации элементов построек.

На территории археологического памятника четко просматриваются контуры двух невысоких холмов диаметром в 50 метров. На их поверхности визуально фиксируются силуэты жилищ. В 2013 году на одном из них были проведены раскопки «кумысханы», и в 2021-м реконструировано ботайское жилище с отдельным с загоном для коней. Вследствие высокой плотности расположения жилищных здесь повсюду распространен культурный слой древесного угля.

- Наиболее интересным оказалось пространство между жилищами, где, работающие с нами британские ученые на глубине 40 см нашли три черепа лошадей, – говорит Куаныш Абилямаликов, старший научный сотрудник музея – заповедника «Ботай». - Они были расположены в ритуальном порядке – один череп перевернут вниз, второй – сверху на нем, третий лежал сбоку в 30 см. Рядом нашли восемь

фрагментов керамики, кости лошадей и диких животных, тут же обнаружили и костяные орудия – проколки. Очевидно, что среди жителей ботайских селений был широко распространен культ коня. От его силы, выносливости, здоровья зависело качество приплода и, в конечном счете, благополучие людей. Видимо, основные магические обряды с участием коня совершались всем поселком. Виктор Зайберт ранее отмечал, что у ботайцев конь был не только пищей, но и объектом поклонения. Головы, ноги, шкуры коней древние жители Казахстана широко использовали в погребальной обрядности. На эту мысль ученых навели десятки тысяч конских костей, сделанные из них хозяйственный инвентарь и различные украшения, обнаруженные во всех поселениях ботайской культуры.

По его словам, в коллекции, собранной Виктором Зайбертом на протяжении с 1980-го по 2020-е годы, много изделий из кости, украшенной орнаментом. Исходными заготовками служили фаланги лошадей, мелких парнокопытных, ребра. Рисунки на костях



выполнены кремневыми инструментами техникой прочерчивания в виде зигзагообразных, прямых, параллельных линий, ритмичных нарезок. В некоторых случаях орнамент представлен сложными композициями из ромбов, треугольников, прямых и ломаных линий, ромбической сетки. Есть в коллекции и подвески из клыков хищников. Для их крепления в одном случае была пропилена канавка в верхней части клыка, в другом - просверлены сбоку и сверху отверстия. Изделия «тупики» использовались в различных хозяйственных целях. Скребки были сделаны из нижних челюстей лошадей, они имеют дугообразную форму рабочего края. На кромке лезвия четко фиксируются следы обработки в виде полировки. В некоторых случаях визуально наблюдаются линейные следы перпендикулярного или диагонального направлений. Концы орудий, служившие рукояткой, имеют следы трения о руки.

Особое место в коллекции ботайских находок занимает керамика. По форме выделялись два варианта полуяйцевидных сосудов: 1-й – с закрытым горлом, 2-й – с вертикальными стенками. По технике нанесения рисунка керамика делится тоже на две большие группы: сосуды, орнаментированные гребенчатым штампом и – «веревочкой».

Керамика характеризуется ленточным способом изготовления, окислительным низкотемпературным обжигом. Глина использовалась местная, ожелезненная, с естественной примесью кварцита и полевого шпата. Толщина фрагментов от 0,6 до 0,9 см, но встречаются экземпляры толщиной менее или более указанного интервала. Орнамент наносился в основном «веревочкой» и гребенчатым штампом.

Есть сосуды с текстилем на внешней и внутренней поверхности. Характер текстильных отпечатков позволяет представить назначение и способ использования ткани при

формовке сосудов. Относительно равномерная четкость и глубина следов текстиля на поверхности позволяет полагать, что отпечатки образовались вследствие прижимания текстиля к глиняной ленте в процессе изготовления сосуда, а не наоборот. Это предположение подкрепляется следами расчесов на внутренней поверхности сосудов гребенчатым штампом. Судя по характеру этих расчесов, формовка производилась внутри тканевого мешочка, помещенного в какой-нибудь шаблон (например, ямку в земле или песке). Археолог Е.М. Черпай считал, что выравнивание стенок посуды было основным назначением гребенчатого штампа. Одной из особенностей орнамента является так называемая «гусеница», украшающая венчик или верх внутренней поверхности сосуда.

Особо необходимо сказать об орнаменте, который обнаружен только на талькированной керамике. Оттиск гребенчатого штампа на этих сосудах в отличие от массового материала выделяется более тщательной техникой и изящностью. Часто применялся зубчатый штамп. Статистическая обработка показала, что орнамент наносился в основном четырьмя способами: широкий с крупным шагом (2-2,3 мм), широкий с мелким шагом (0,8-1 мм), узкий с крупным шагом (2-2,2 мм) и узкий с мелким шагом (0,7-1 мм). Одним из самых распространенных элементов является зигзаг. За шаг принимается расстояние между зубцами штампа. В данном случае – между витками веревки, намотанной на жесткое основание. Остальные элементы сопутствуют или дополняют его. Довольно часто встречаются заштрихованные треугольники.

Таким образом, производство в евразийских степях было тесно связано с традиционными занятиями – рыболовством, охотой, собирательством, иначе в суровой природе нашим древним предкам было не выжить.



Выживание предполагало, кроме того, и наблюдение за годовыми циклами и передачу накопленной информации о погоде потомкам. Эти знания сохранялись в мелкой пластике, живописи, гравировках на камне, костях животных, орнаменте на костях лошадей.

Таким образом, новые находки Ботайской культуры дают современным исследователям не только понимание хозяйства древнего населения Казахстана, но и осмысление мировоззрения человека каменного и меднокаменного веков.

Большой знаток египетской художественной культуры Хильда Кинк отмечала, что при изучении древнейшего искусства приходится мысленно переходить из мира современного в мир древний. Иной общественный строй и иной быт древнего населения этих стран затрудняют и понимание их искусства. К древнему искусству надо подходить с другими требованиями и мерами. Многие из того, что определяет произведения искусства более позднего времени, еще отсутствует в нем. В некоторых случаях мы в той или иной степени можем догадаться, что изготовителями этих памятников руководили те или иные представления, верования, но в других случаях вещи изготовлены исходя из эстетических потребностей.

- К примеру, ботайские дома копируют структуру мира, – говорит Куаныш Шакшаков, директор государственного историко-культурного музея-заповедника «Ботай». – Округло-многоугольная форма дома, шаровое перекрытие имитируют небесный свод, в центре жилища располагается очаг с огнем – это образ солнца. Днем лучи солнца проникают через круглое дымовое отверстие, ночью костер-очаг освещает жилище. При этом дымовое отверстие играло магическую роль воссоединения искусственного (очаг) и настоящего солнца. Отголоском этого явления можно счи-

тать использование формы колеса в качестве купола мавзолея у казахов. Специалисты считают, что проявление культа колеса-солнца – наследие древнейших верований.

По его словам, свидетельством символического значения ботайских жилищ может служить и тот факт, что в условиях сохранения традиций коневодческого хозяйства у населения степей, вплоть до современности, сохранился принцип ботайских сооружений (использование глины, куполообразное перекрытие, округлая форма). Этот метод стал использоваться в сооружениях, носящих сакральный характер. В ботайское время хозяйственные и священные функции жилища совмещались в мировоззренческом и бытовом единстве. Яркий тому пример – использование в культовых целях черепов людей с глиняными масками, а также обычай обряда принесения жертв при закладке жилищ, так называемые строительные жертвы.

Как в свое время отмечал первооткрыватель Ботайской культуры Виктор Зайберт, не все дома ботайцев были одинаковой формы и однотипны по внутреннему расположению очагов, хозяйственных ям и ниш. Кроме многоугольно-овальных форм площадью до 70 кв. м, были и небольшие жилища квадратной формы площадью до 25 кв. м.

Часто очаги в них находились не в центре, а у стен (пристенного типа). Эти постройки известны у ряда скотоводческих народов и могли использоваться как бани. Некоторые большие жилища могли использоваться ботайцами в общественных целях. Так, в одном из домов, расположенных в центре поселения, на полу у очага археологами были найдены 12 гравированных путевых костей лошадей. Фаланги покрыты по продольным и иногда по венечным краям насечками, а по одной из плоских поверхностей – геометрическим орнаментом. Анализ загадочных пред-



метов ведется сейчас в трех аспектах: функция, числовая обусловленность, смысловая значимость.

Таким образом, изучение жилищ древних оседлых коневодов Казахстана позволило ученым понять их общественное устройство и мировоззрение.

Итак, казахстанские археологи подтвердили, что VI тысяч лет назад степные просторы Центральной Азии были заселены не бродячими рыболовами - охотниками, а оседлыми коллективами, жившими в долинах рек и озер

в небольших поселках. Население прекрасно ориентировалось в окружающем пространстве и вырабатывало оптимальные формы жизнедеятельности. Представители Ботайской культуры впервые в мире приручили лошадь и научились изготавливать кумыс.

Истоки духовности современных народов уходят глубоко в древность. На протяжении палеолита-неолита - бронзового века прослеживаются достаточно близкие по сути проявления в артефактах культуры разных стран - от Индии до Казахстана.

Список литературы

1. Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009.
2. Зайберт В.Ф. «Атбасарская культура». – Екатеринбург, 1992.
3. Зайберт В.Ф. «Энеолит Урало-Иртышского междуречья». – Петропавловск, 1993.
4. Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Кулаков Ю.В., Задорожный А.В., коллективная монография «Тайны древней степи». – Кокшетау, 2007.
5. Полевые отчеты 2004-2006 гг., Зайберт В.Ф., Тюлебаев А.Ж., Кулаков Ю.В., Задорожный А.В.
6. Зайберт В.Ф. Охранные работы Северо-Казахстанской археологической экспедиции // Сибирь в прошлом, настоящем и будущем. – Новосибирск: Изд-во ИИФиФ АН СССР. 1981.
7. Зайберт В.Ф. Сложение энеолитической ботайской культуры в Урало-Иртышском междуречье // Использование методов естественных и точных наук при изучении древней истории Западной Сибири. – Барнаул: Изд-во ИИФиФ АГУ. 1983.
8. Г. Чайлд. «У истоков европейской цивилизации». – М., 1952.
9. Зайберт В.Ф. Природно-экологические и общественные факторы в развитии производящего хозяйства в степях Казахстана // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций / Тез. симп. // – Алма-Ата: Наука, 1987. Массон В.М. Основные направления культурно-исторического процесса. Становление производства в эпоху энеолита и бронзы. – М., 1981.
10. Зайберт В.Ф. «Энеолит Урало-Иртышского междуречья». – Петропавловск, 1992.
11. Кинк Х.А. Как строились египетские пирамиды. – М., 1967.

Түйіндеме. Мақала Ботай мәдениетін зерттеу және жаңа олжаларды талдау туралы қазіргі зерттеушілерге Қазақстанның ежелгі тұрғындарының шаруашылығын ғана емес, сонымен бірге тас және мыс ғасырлардағы Қазақстан халқының дүниетанымын да түсінуге мүмкіндік береді.

Abstract. The article discusses research on the Botai culture and an analysis of recent discoveries, highlighting how these new findings not only contribute to the understanding of the economy of ancient populations in Kazakhstan but also provide insight into the worldview of Stone and Copper Ages people.





М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті
«Дулатитану және Өңір тарихы»
ғылыми-зерттеу орталығының
ғылыми қызметкері

Иманбекова Гулшат Медетбекқызы

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨРКЕНДЕУІ

Түйіндеме. Мақалада Орта ғасырда Қазақстан территориясында Ұлы Жібек жолы бойында дамыған көне Тараз және Баласағұн қалалары жөнінде және бұл қалалардың сол заманда материалдық, рухани мәдениеттің ошақтары болып, экономикалық дамуға зор үлес қосқандығы туралы айтылады.

Кілт сөздер: мәдени мұра, көне Тараз, Айша биби, Қарахан, сәулет өнері, мешіт, медресе.

Қазақстан Республикасындағы «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес Тараздағы ескі базардың маңында, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру мақсатында, археологиялық ғылыми-зерттеу қазба жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі кезеңде тоғыз жолдың торабында түйіскен қасиетті, әулиелі, тарихы қазынаға толы Тараз қаласы – мыңжылдық өркениеттер тарихының тоғысында орналасқан. Ежелгі Тараз қаласы көне археологиялық ескерткіштер мен ірі мәдени орталықтың ошағы болған. Бүгінде «Көне Тараз» қалашығы тарихи кешенінің қазба жұмыстары ерекше қарқын алуда.

Қазіргі таңға дейін мұнда 40 мыңнан астам құнды жәдігер табылған. Ежелгі қазба жұмыстарының алғаш-

қы ірі олжасы ретінде ортағасырлық шығыс моншасының табылуын атап өтсек болады. Көне монша маңынан ескі тиындар мен құмыра бұйымдар көп көлемде табылған. Ескі заттарды табуға археолог ғалымдарға соңғы технологиямен жабдықталған арнайы құрал жабдықтар көп септігін тигізіп жатыр. Табылған жәдігерлер «Ашық аспан астындағы мұражай» жобасын іске асыруға сеп болмақ. Ал, «Көне Тараз» қалашығының толықтай нұсқасын шығару үшін барлық қазба орындарын біріктіру жұмысы көзделуде. Қоғамдық-мәдени ошақтар мен қонақ үйлер соғылып, қаламыз тарихи-мәдени және туристік орталыққа айналып отыр. Дүниежүзілік көрмеге қатысатын қонақтарға Тараз қаласындағы «Көне Тараз» қалашығын тама-





1 сурет. Ескі Тараз қалашығы.
<https://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=68> сайтынан алынған

шалауға, мұражайды көрсетуге дайын. Қазіргі уақытта археологиялық қазба жұмыстарының барысына шетелдік және отандық ғалымдар да қызығып жатыр. Табылып жатқан құнды көне бұйымдар мен заттар Тараз қаласының Ұлы Жібек сауда жолының бойында орналасқандығын дәлелдейді. «Қазақстан археология орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, профессор К.Байпақов: «Бұлардың барлығы – Тараз өңірінде мұсылман діні орнағаннан кейінгі кезеңнің жәдігерлері, ендігі жоспар – мұсылман дінін қабылдағанға дейінгі дәуірлердегі тарихты ашу», – дейді.

Ортағасырлық тарихта көрші елдермен сауда қарым-қатынасының дамуының нәтижесінде экономикасы дамып, қала мәдениеті өркендей бастады. Отырықшылық пен жер өңдеудің нәтижесінде ертедегі адамдар тұрақты қоныстанып, мәдени шаһарлар мен елді мекендер көбейді. Зәулім, биік архитектуралық ескерткіштер, көне күмбездер, мешіттер, бекініс орындары мен қамалдар көптеп салынды. Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың «Тарих-и Рашиди» атты мемуарлық кітабында біздің 2000 жылдық тарихы бар қаламыз «Йанги» Тараз

жайында жақсы жазылыпты. Айша бибі кесенесіне таяу орналасқан қазіргі Аса өзені ол кезде «Айша қатын» өзені деп жазылғанын осы кітабында берілген мәліметтерден білдік. Осы тарихи мемуарда жазылған қалалардың бірі – көне Тараз. Онда моғолдар Таразды «Йанги» деп атағаны белгілі. Бұл «Йангидің» Моғолстанда орналасқаны анық. «Йангидің» адамдары

Мауараннаһрда да көп, оларды «йангиліктер» деп атады [2. 495 б.]. Осы тарихи мәдениеттердің материалдық, рухани куәсі – екі мың жылдан астам тарихы бар Тараз өңірі киелі ордаға айналды. Ертедегі тарихқа көз жіберсек, көне Тараз қаласының өсіп өркендеуіне Ұлы Жібек сауда жолының маңызы көп рөл атқарды.

Ол Қытайдан Орта және Алдыңғы Азия арқылы Жерорта теңізінің шығыс жағалауы мен Батыс елдеріне шыққан. Қазақстан жеріндегі мемлекеттер мен ескелең мәдениет түрік тайпаларының атымен байланысты. Мемлекет басында қай тайпаның өкілі отырса, мемлекет аты сол тайпаның атымен аталады. Ата бабамыз жерінде ежелгі мемлекеттер өмір сүрді: Үйсін, Қаңлы, Сақ, Ғұн, Түрік, Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ, Найман, Керей, Қазақ т.б. Түрік қағанатының тұсында (VI ғасыр) Тараз қаласы үлкен мәдени орталыққа айналды. Бұл байланыс көпірінің маңызы зор болды, көрші елдер арасы материалдық сауда-саттықпен ғана шектеліп қалмай, оның шеңберінен алысқа кетіп жатты. Ол түрлі елдерді бір-бірімен байланыстырып, ерте заманнан бері идеялар алмасудың маңызды факторы ретін-



де мәдениет рөл атқарады. 630-жылы (сол кезде қытай саяхатшысы Сюань-Цзянь жүріп өткен) өз көлемі жағынан Самарқанд пен Шашу (Ташкент) қалаларымен қатар келген, тіпті Исфаджаб, Қасан және т.б. қалалардан асып түскен. Сюань-Цзянь жолжазбаларында: «Бұл жерде түрлі елдерден келген саудагерлер тоқтап, әртүрлі тауарлармен сауда жасайды...», – деп жазады [3, 35 б.].

Ежелгі Тараз ерте заманнан бастап, түрік тайпаларының сауда және мәдени орталығы болды. Қытайдан шыққан Жібек сауда керуендері Суяб, Невакет, Сары, Жол, Хорран-Жуан, Нұзкет қалаларын басып Аспараға келетін болған. Аспарадан Мерке, Құлан (қазіргі Луговой қаласы) арқылы Төменгі Барысханға соғып Таразға, Испиджаб, Отырарға барған. VII ғасырда Тараз Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалаға айналды. Ұлы Жібек жолының бойында керуен-сарайлар, қалалар, ауылдар, қыстақтар салынған, су арналары жүргізілген. Қолөнер кәсібі тез дамыды, ірі сауда орталықтарын құрып, зәулім сарайлар салған. Шығыстан батысқа, батыстан шығысқа сауда керуендермен ілесіп жазушылар мен ақындар, ғалымдар мен ойшылдар, өнер адамдары, дін уағыздаушылар мен пір тұтушылар келген. Олар өз халықтарының дінін, салтын, мәдениетін, әдеп-ғұрпын жүрген жерлеріне уағыздап таратты. Көрші елдер арасында өзара заттай және рухани құндылықтар, мәдениет алмасып жатты.

Тараз қаласы – ертедегі өте көне, тарихи ескерткіштері мен тұрғын үйлері сол замандағы ең үздік архитектураны көрсетеді. Айша бибі, Қарахан, Бабажа-қатын мавзолейлері, Тектұрмас әулие кесенесі – Орта Азия мен Қазақстандағы сәулет өнеріндегі ең көне тарихи жәдігерлер болып табылады. Тараз өңірінде дәнді дақылдармен қатар бау-бақша шаруа-

шылығы да гүлденіп дамыды. Тарихи деректерге қарасақ, Талас аңғарында VI-VIII ғасырларда бидай, арпа, күріш, бұршақ, тары, жүгері егілген. Сол сияқты көп жерлерге жүзім егіліп, жүзім шырынынан шарап ашытқан. Жүзім сабағын, анардың гүлі мен жемісін бейнелеу арқылы керамика ыдыстарды әшекейлегеніне қарағанда, бұл өлкеде бау-бақша мен жүзім шаруашылығы негізгі кәсіптің бірі болған. Нақты айтсақ, қазіргі археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан жерден жүзім шоқтары бейнеленген ыдыс-аяқтар, керамикалық құмыралар табылды. Керамика өнерінің озық үлгілері Отырар мен Тараздан (VII-VIII) көптеп табылған болатын. Сол сияқты мұндай керамикадан жасалған тамаша бұйымдар Құлан мен Мерке қалаларынан да табылды. «Тараздың үлкен сауда орталық болғанын әр заманда жұмыс істеген теңге сарайлары көрсетеді. Тараздан шыққан күміс теңгелер басқа да ескі қорғандарды қазғанда табылды. Мысал үшін айтсақ: VIII ғасырдың басында Түрік мемлекетінің Таразда шығартқан теңгелері осы күнге дейін бізге жеткен. Бұл теңгелердің бір жағында садаққа ұқсас таңба, ал екінші жағында «Түрік ханының теңгесі» деп жазылған белгілер табылған. Теңге сарайы XIII – XIV ғасырларда да жұмыс істеді. Тармашырынхан заманында (1326-34) Таразда күміс ақшалар басылып тұрған... Су қалаға Талас өзенінен жерасты құбырлары арқылы келіп тұрған. Осындай құбырлар арқылы су тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға да тартылған. Үйлерге әдетте қарапайым канализация құрылғылары – тас науалар орнатылды» [3. 33б.].

IX-X ғасырларда Тараз одан әрі гүлдене түсті. Оның дәл Ұлы Жібек сауда жолы бойында, егіншілікке қолайлы, бай өлкенің ортасында, Талас Алатауының күміс кеңдеріне жақын



жерде орналасуы экономикалық және мәдени өрге басуға жәрдемдесті. Тараз қаласының орнын тұңғыш рет ірі ғалым Әлкей Марғұлан француз ғалымдары А.Ромади, Шаванье Де Грата, академик В.В. Бартольд еңбектеріне сүйене отырып, көне екенін дәлелдейді. Жазба деректер бойынша Таразда 568 жылы Византияның емшісі Земархтың түркі қағаны Дизабұлдың қабылдауында болуынан кейін, бір ғасырдан соң 630 жылы Қытайдың монахы Сюань «Цзянь-Июаньнан батысында (Долос) қаласы орналасқан, қаланың аумағы 8-9 ш/км, онда әр елдің саудагерлері мен соғырлар тұрады», - деп жазды. Осы уақыттан бастап қаланың аты көршілес мемлекеттерге белгілі бола бастады. Тараз қаласының IX-X ғасырлардағы экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне негізінен ықпал еткен Талас аңғарындағы бай егіншілік алқап пен Талас Алатауының маңындағы күміс өндіретін кен орындарының дамуы болды.

Тараз – Түркеш, Қарлық, онан кейін Қараханид мемлекеттерінің орталығы болып, өзінің бақыр ақшаларын шығарды. Ортағасырлық қалаға жүргізілген археологиялық қазбадан табылған сәулет өнерінің дамығандығын дәлелдейтін құрылыс орындарының қалдықтары, тас төселген көшелер мен тротуарлар және қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан көптеген бұйымдар, қаланың X-XI ғасырларда едәуір гүлдене өскендігінің куәсі. Қалада керуен сарайлары, ірі қоғамдық ғимараттар, қолөнершілердің шеберханасы, көпестердің дүкендері мен көптеген қала тұрғындарының қажетін өтейтін кішігірім сауда орындары болған. Тарихқа көз салсақ, ертедегі Оңтүстік Қазақстан жерінде жер өңдеу мәдениеті қарыштап дамыды. Тараз қаласына қазба жұмыстарын жүргізгенде табылған археологиялық мәліметтер VI-X ғасырларда бұл өлкеде өрік, шие,

алма, жүзім және қауын-қарбыз өсірілгенін көрсетеді. Адамзат тарихындағы қоғамның дамуында сауданың орасан зор маңыз атқаруының нәтижесінде Қазақстанда ертедегі және орта ғасырдағы қалалар тез өркендеп, дамыды. Жетісу өлкесіндегі қалалардың өркендеуіне Орта Азияның Шығыс мемлекеттерімен транзиттік сауда қатынасы үлкен рөл атқарды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византиямен, Иранмен, Орта Азиямен, Кавказбен, Алтаймен, Сібірмен, Шығыс Түркістанмен және Қытаймен тығыз сауда байланысы болды. Шаштан (Ташкент), Отырардан шыққан керуен Испиджабқа, одан бері Таразға келеді. Тараздан терістікке қимақ-қыпшақ мемлекетіне қарай бір жол кетеді. Үлкен Жібек жолы Тараздан Төменгі Барсханға, одан ары Қасрабасты, Жолшөп пен Көлшөпті басып Құланға, Меркеге және Аспараға қарай тартады. Одан ары қарай көптеген қалалар үстімен (Нұзкент, Хорран-Жуан, Жол, Сарығ, Суяб, Жоғарғы Барсхан) Шығыс Түркістанға және Қытайға барады. Қытай саяхатшысы Чжан Цяньның айтуынша, б.з.б. II ғасырдан бастау алатын Ұлы Жібек жолы б.з.б. I ғасырдың орта тұсынан бастап тұрақты дипломатиялық және сауда жұмыстарының күре тамырына айналды. Ертедегі ірі мәдениеттердің негізінен үлкен өзендердің аңғарларында дүниеге келгені белгілі. Міне, сол сияқты, іргетасы Жібек жолымен тұстас қаланған Тараз қаласының атауы да Талас өзенімен тікелей байланысты болса керек.

Академик В.В. Бартольд Тараз қаласының ежелгі атауының Талас екенін, алайда арабтардың келуімен бірге оның өзгеріске ұшырап, Тараз атала бастағанын жазады. Тараз қаласының Талас өзенінің екі жағына орналасқанын X ғасырда әйгілі жиһанкез әл-Мақсиди де айтып өткен. Ол өз жазбаларында Тараз туралы: «Тараз-



үлкен, бекінісі бар қала. Адамдар тығыз орналасқан, бау-бақшаға толы, төрт қақпасы бар және рабадта тұрғындары көп. Қаланың қақпасының алдында үлкен өзен бар, оның үстіне көпір салынған, тұрғындар өзеннің екі жағына орналасқан. Орталық базарда күмбезді мешіт салынған» – деп жазды. Сондай-ақ, Махмұт Қашқари де «Диуани-и лұғат ат-түрік» деп аталатын әйгілі сөздігінде Талас қаласының «Тараз» деген атпен белгілі екенін айтады [4. 107 б.]. Ежелгі Тараз – Ұлы Жібек сауда жолын жалғап жататын тұрақты дипломатикалық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре тамыры іспеттес. Көне Тараз арқылы Орта Азиядан Қиыр Шығысқа бағытталған «Ұлы Жібек» жолының маңызды бөлігі өткендігін, осы қаламыз арқылы көшпенділер мен отырықшылардың сауда және мәдениетінің ірі орталығы болғаны соған дәлел. Орталық Азиядағы ең көне қалалардың бірі ретінде Тараз қаласының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі мен тарихтан алар орны ерекше. Тарихын тереңге тартқан Тараз қаласы тоғыз жолдың торабына орналасқандықтан, бір кездері Тынық мұхит пен Жерорта теңізінің құрлық арқылы байланыстырып, Еуразия

кеңістігінде Шығыс пен Батысты жалғап тұрған, тарихта Ұлы Жібек жолы арқылы халықаралық саяси, экономикалық және мәдени байланыстарға дәнекер болған. Ол алуан түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір-бірімен байланыстырып, сонау ежелгі заманнан бері идеялар алмасудың тұрақты да маңызды факторы ретінде қызмет етіп келеді.

Өздері «Йанги» деп атайтын сол далада бірнеше қалалардың іздері, мұнаралардың, күмбезді медреселердің орны сақталып қалған. Келесі мәшһүр шаһарлардың бірі – Алмалық. Бұл қазіргі кезде де белгілі қала. Тоғылық Темір ханның мазары сол жерде, қала тіршілігінің белгілері сайрап жатыр. Хан мазарының күмбезі өте биік, әрі жазулармен көркемделген. Қазіргі уақытта Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жеті-сегіз айлық жол – деп айтады [4. 402 б.].

Тұңғыш тарихшы Шу өзені бойындағы ортағасырлық Баласағұн қаласы жайында мол деректер қалдырған. Тарихи шығармалар мен деректерде Баласағұнды Афрасиабтың салған қалаларының бірі деп айтылған: «Баласағұн қара қытай заманына дейін Афрасиабтың «ұрпақтарының» билігінде болған». Моғолдар Баласағұнды Қаралық деп атаған. Баласағұн – Шу өзені бойында болған, мәдениет пен өнердің көптеген оқымысты өкілдерін өрбіткен жер. Баласағұнда «Диуани лұғат-ат-түрік» шығармасының авторы Махмұт Қашғари өмір сүріп, еңбек еткен. Ұлы Омар Һайям замандасы, XI ғасырдың ғажайып ақыны, дүние



2 сурет. Ескі Баласағұн қалашығы.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyltourism/press/news/details/592875?lang=kk> сайтынан алынған



жүзіне белгілі «Құдатғу білік» авторы Хас Хажип Жүсіп Баласағұн да дүниеге келген.

Баласағұн қаласы туралы азды-көпті тарихи деректер ортағасырлық ғалымдардың, саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. VII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында өмір сүрген Хорезм жерінде дүниеге келген Мұхаммед Ибн-Мұса әл-Хорезми (IX) өзінің дүниежүзілік географиялық картасында Шу, Талас, Жетісу өңірлеріндегі түркі қалалары туралы сөз қозғаған және де оларды картаға түсіріп, координаттарын белгілеген. Солардың ішінде X ғасыр аяғы мен XI ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, Хорезм елінің ұлы ғалымы Әбу-Райхан Бируни жасаған дүние жүзінің географиялық картасында. Баласағұнды да дәл көрсеткен. Махмұд Қашқари өзінің дөңгелек картасында Баласағұн қаласы жетінші климатта орналасқанын көрсетіп, Талас қаласының шығыс-солтүстігінде орналасқанын жазған. Ертедегі орта ғасырда, мұсылман дүниесінде карта сызғанда, Меккені орталығы етіп алып келген болса, ал Махмұд Қашқари өзінің картасында Қашқар қаласын орталық етіп алып, картаның Батыс Түркістан жағының ор-

талығын Баласағұн қаласы етіп белгілеген. Кейінгі кездегі шығыстанушы кейбір ғалымдар Махмұд Қашқаридің картасын сызудағы кіргізген жаңалығы заңды құбылыс екенін атаған.

М. Қашқари «Түрік сөздігінде» Ұлы Жібек жолының солтүстік желісінің бойындағы қалалар мен елді мекендер, асулар сияқты орындарға сондай-ақ Баласағұн туралы мәлімет бере келіп: «Арғу: екі таудың арасы. Тараз бен Баласағұн арасындағы шаһарларды «Арғу» дейді. Ол жерлер екі тау арасында жатыр», – дейді. Қазірдің өзінде де, Ақтөбе (Баласағұн) қаласының орны екі таудың арасында орналасқаны байқалып тұр. Оның солтүстік шығысында Жайсан тауы, оңтүстігінде Қырғыз Алатауы жайласқан.

Қорыта айтқанда, ежелгі Тараз – Ұлы Жібек сауда жолын жалғап жататын тұрақты дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре тамыры іспеттес... Көне Тараз арқылы Орта Азиядан Қиыр Шығысқа бағытталған «Ұлы Жібек» жолының маңызды бөлігі өткендігін, осы қаламыз арқылы көшпенділер мен отырықшылардың сауда және мәдениетінің ірі орталығы болғаны соған дәлел.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә. Назарбаев. Тарих толқынында – Алматы: Атамұра 1999.
2. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди: әдеби-мемуарлық шығарма/аду. Мұхтар Қазыбек, Әбсаттар Нұралиев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2015. – 768 бет.
3. Сюань-Цзянь жолжазбаларында [2,336.]
4. Махмұт Қашқари. «Диуани-и лұғат ат-түрік»

Резюме: В данной статье рассказывается о древних городах Тараз и Баласагун, возникших в средние века на территории Казахстана вдоль Великого Шелкового пути, и о том, что эти города были центрами материальной и духовной культуры и внесли большой вклад в экономической развитии.

Summary: This article tells about the ancient cities of Taraz and Balasagun, which arose in the Middle Ages on the territory of Kazakhstan along the Great Silk Road, and that these cities were centers of material and spiritual culture and made a great contribution to economic development.





Қазақстан Республикасы
Ұлттық академиялық кітапханасының
Құжаттарды өңдеу қызметінің жетекшісі
Тауекелова Жанна Сериковна

ҚОЛЖАЗБА – ҒАСЫРЛАР МҰРАСЫ

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасындағы бұрын соңды анықталмаған құжаттар мен материалдарды жинау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда, оқырмандар мен Қазақстанның пайдаланушыларына анықталған құжаттардың онлайн-қолжетімділігін толықтай қамтамасыз ету жолында жасалып жатқан жұмыстар жөнінде айтылады.

Кілт сөздер: Қолжазба, Ұлттық академиялық кітапхана, қолжазба, кітап, электронды каталог.

Қолжазбалар – елдің тарихи-мәдени, қоғамдық-саяси өмірі туралы ақпарат тасымалдаушы құрал ретінде әрқашан ұлттың мұрасы болып саналды. Әр ел қандай жағдай болмасын ғасырлар бойы ежелгі дәуірден келе жатқан өзінің баға жетпес жазба ескерткіштерін саналы түрде сақтап келеді. Жазба мәдениетіне ерекше назар аударатын барлық мемлекеттерде қолжазбаларды кәсіби түрде зерттейтін кітапханалар, орталықтар және ғылыми-зерттеу институттары бар.

Қазақстан Республикасында қолжазбаларды зерделеу және сақтау саласындағы жетекші мамандандырылған, ғылыми-зерттеу орталықтардың бірі Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы болып табылады.

Ұлттық академиялық кітапхана электронды құжаттар қорын қалыптастыру бойынша Қазақстан Ұлттық электронды кітапханасының (ҚазҰЭК) негізін қалаушы және қор ұстаушы болып саналады.

Kazneb – «Қазақстан ұлттық электрондық кітапханасын» Қазақстан Республикасының Үкіметі электронды құжаттардың ұлттық кітапхана қорын қалыптастыру және олардың Қазақстанның біртұтас әлеуметтік-мәдени кеңістігін дамытудың жобасы аясында барлық санаттағы пайдаланушылар үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету, халықаралық ақпарат алмасу тиімділігін арттыру мақсатында құрды.

Кітапхана қорына келіп түсетін құжаттар электронды каталогта ғылыми өңдеуден өтіп, пайдаланушыларға қол-



жетімділігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда электрондық каталогты әлемнің 100-ден аса елдерден оқырмандар онлайн режимде пайдаланып отыр.

Дәстүрлі қорымыз 1 500 000 дана баспа және мерзімді басылымдар болса, 80 000-нан аса электрондық көшірмелерді құрап отыр.

Кітапхана қоры түрлі бағыттағы ресурстарды қамтиды, олар: баспа ісі, архивтік құжаттар, ескі қолжазбалар, бейнелеу және картографиялық материалдар, мультимедиялық мазмұндар (аудио және бейне жазбалар).

Электрондық каталогты қалыптастыру кезінде сандық коллекцияларды ұйымдастырудың және пайдаланудың коллекциялық принципі қолданылады.

Осы ғылыми-зерттеу жұмысының аясында Ұлттық академиялық кітапханада 2023 жылдан бастап «Қазақстанның ұлт мұрасы» атты халықаралық жоба жұмыс істеп келеді.

Ғылыми-зерттеу жұмысына бағытталған халықаралық жобаның негізгі міндеті Қазақстанда жоқ, шетелдік кітапханалар мен мұрағаттарындағы география, тарих, мәдениет, саясаты бойынша бұрын анықталмаған құжаттар мен материалдарды зерделеу-анықтау, сонымен қатар құжаттардың анықталған е-көшірмелерін ҚазҰЭК электрондық каталогына толықтыру, бекіту мақсатын атқарады.

Жоба жетекшісі Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғ.Қ. Нұрғалиева, орындаушылар Ж.С. Тәуекелова, Ғ.Т. Таукова.

Шетелде сақталған Қазақстан тарихы, мәдениеті бойынша сирек кездесетін құжаттардың 5000-нан астам е-көшірмелерін жинау жоспарлануда. Халықаралық жоба аясында проектін орындаушылар, кітапхана қызметкерлері қазақ тарихына қатысты жинақтау-ізвестіру жұмыстарын тоқтаусыз жүргізіп келеді, онлайн форматта шетел мемлекеттерінің ұлттық электрондық кітапханаларын зерттеп, зерделеуде.

Қазіргі уақытта онлайн режимінде шет мемлекеттердің кітапханалар каталогтары пысықталып, мұрағаттардан табылған құжаттар ресейлік ұлттық кітапханалардан: Б. Ельцин атындағы Президент кітапханасы (Санкт-Петербург қ.), Ресей Федерациясының Ресей мемлекеттік кітапханасы (Мәскеу қ.), А.С. Пушкин атындағы Омбы мемлекеттік облыстық ғылыми кітапханасынан Алтын Орда тарихы, Алтын Орда дәуірінің Солтүстік-Шығыс Каспий маңы тарихи географиясы, Жошы Ұлысының шығыс елдерімен сауда-экономикалық байланыстары, татар шежірелерінен Шыңғыс хан тарихы туралы материалдар және басқа да көптеген құжаттар анықталды.

Түркітілдес мемлекеттердің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері оқырмандар арасында әрқашан үлкен сұранысқа ие. Татарстан Ұлттық кітапханасынан, Түркия Ұлттық кітапханасынан (Стамбул қ.), «Turktav» Халықаралық қорынан 500-ден астам құжат табылды және алдағы уақытта кітапхана қорына келіп түспек, алмасу жолымен орналасатын болады.

Сонымен қатар Әлішер Науаи атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасы (Ташкент қаласы), Алықұл Осмонов атындағы Қырғыз Республикасының Ұлттық кітапханасынан (Бішкек қаласы), Н.К. Крупская атындағы Орынбор облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан, Түркіменстан Ұлттық кітапханасы (Ашхабад қаласы) мен Беларусь Ұлттық кітапханасынан (Минск қаласы) құжаттарды алу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, республикалық мекемелермен де келісімшарттар жасалды, олар: Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының кітапханасы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.

Жоба аясында кітапхана басшысы Ғазиза Құдайбергелқызы Нұрғалиева



Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласында орналасқан Б. Ельцин атындағы Президенттік кітапханасының директоры Ю.С. Носовпен, «Turktav» түркі тарихы мен мәдениетінің халықаралық қоры басшысы Омер Низаметин Айкурт мырзамен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетімен ынтымақтастық туралы халықаралық меморандумдарға қол қойды.

Ынтымақтастық туралы меморандумды жасасудың негізгі мәні – құжаттардың электронды көшірмелерімен алмасу. Осылайша, Қазақстандық Ұлттық электрондық кітапханасының қорына Б. Ельцин Президенттік кітапханасынан 70 е-көшірме, Түркия Республикасынан 400 құжат келіп түсті.

Кезекті жоба жалғасы А. Пушкин атындағы Самарқанд облысының ақпараттық-кітапханалық орталығымен меморандумға қол қою ісі жоспарда тұр, ол жерден түркітілдес мемлекеттер тарихы бойынша 60 қолжазба және сирек кітаптар алынады, А. Байтұрсынов институтынан тіл білімі тарихы бойынша 37 құжат келді, Эл-Фараби институтынан 60 сирек кітап алу жұмыстары жоспарда тұр. Қазіргі уақытта Татарстан мен Түркия елдерінің Ұлттық кітапханаларының электронды каталогтарынан ел тарихына қатысты құжаттар мен басылымдарды қарау жұмыстары жүріп жатыр.

Былтыр қыркүйек айында Санкт-Петербург қаласындағы Б. Ельцин

атындағы Президенттік кітапхананың ресурстарына қашықтан қол жетімділіктің ашылу салтанаты өтті. Іс-шара бағдарламасына Президенттік кітапхана әкімшілігі мен Ұлттық академиялық кітапхана басшылығы қатысты және ашылу барысында Президенттік кітапхананың цифрлық қорында сақталған Қазақстан тарихы мен мәдениеті бойынша ресурстардың тұсаукесерін өткізді, мұндай мүмкіндік ТМД елдері арасында Ұлттық академиялық кітапханаға ғана беріліп отыр.


Осылайша, Қазақстан ғалымдары мен зерттеушілеріне және пайдаланушылары мен оқырмандары үшін, Б. Ельцин атындағы Президенттік кітапхананың деректер базасында орнатылған құжаттардың миллионнан астам электрондық көшірмелеріне академиялық кітапханаға ғылыми өңдеуге мүмкіндік берді.

Жоба қызметкерлері құжаттардың е-көшірмелерін анықтап, қазіргі уақытта құжаттарды қабылдау мен тапсыру жұмыстары жолға қойылуда, бүгінде Қазақстанның ұлттық электронды каталог қорына құжаттардың е-көшірмелері алынған.

Академиялық кітапхананың халықаралық жобасы жақсы нәтижелерге қол жеткізуде, бір жыл ішінде ҚазҰЭК қорына 800-ден астам сирек кітаптар мен қолжазбалар келіп түсті және каталогталды, құжаттардың мазмұны оқырмандар мен ғылыми зерттеушілер және ғалымдар мен университет



1 сурет. Ынтымақтастық меморандумы



2 сурет. Құнды кітаптар

магистранттары үшін өзекті те күрделі мәселелердің бір.

Келіп түскен кітап жинақтары өте қызықты, өзекті. Мысалы, Қазан университетінің еңбек сіңірген профессоры Ф. Ердманның 1844 жылы жазылған «Шыңғыс ханның тарихынан» атты кітабында Ресей мен Моңғолияның қарым-қатынасы, Шыңғыс ханның тарихы, оның отбасы және жорықтары туралы сипатталады.

1843 жылы Н. Ханыков құрастырған «Бөкей хандығының сипаттамасы» оқырмандарға Бөкей хандығының нысандары, хандықтың орографиясы мен гидрографиясы, климаты, хандықтың халықтық тайпалары туралы айтып беретін құнды құжаттар қатарында.

Сондай-ақ, 1856 жылы шыққан «Орта Азияға жасалған саяхаттар мен экспедицияларға шолу», «Каспий теңізінің жағалаулары мен Амудария жолдарын зерттеу экспедициясы» және «Арал теңізі экспедициясы», «Маңғышлақ түбегін зерттеуге арналған саяхат экспедициясы» кітаптарынан тұратын тарихи сипаттағы кітаптар қатары бар.

ҚазҰӘК қоры 1933 жылы шыққан Н. Маевтың «Аш далаға саяхат»,

В. Даркевичтің «1886 жылғы Түркістан көрмесі», «Художественный металл Востока», «Формы глагола в языке тюркских рунических надписей», «Туркестанский альбом» сынды археологиялық бағыттағы кітаптармен толықты. 1872 жылы шыққан Л. Дмитриеваның «Материалы по истории таджиков и узбеков Средней Азии», «Описание тюркских рукописей института востоковедения», О. Сухареваның «История среднеазиатского костюма» және 1976 жылы жарық көрген «Вопросы археологии Урала», «Материалы и исследования по этнографии каракалпаков», 1956 жылы шыққан «Новые материалы по археологии и этнографии Казахстана», 1939 жылы шыққан «Путешествие Ибн-Фадлана на Волгу» атты кітаптар да келіп қосылды.

Кітапханамыз бұрын соңды анықталмаған құжаттар мен материалдарды жинау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда, оқырмандар мен Қазақстанның пайдаланушыларына анықталған құжаттардың онлайн-қолжетімділігін толықтай қамтамасыз етеді.

Резюме. В статье рассказывается о проделанной работе по организации научно-исследовательской работы по сбору ранее не выявленных документов и материалов в Национальной академической библиотеке Республики Казахстан, по обеспечению полного онлайн-доступа к выявленным документам читателям и пользователям Казахстана.

Summary. The article describes the work done to organize scientific research on collecting previously unidentified documents and materials at the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan, and to ensure full online access to the identified documents for readers and users in Kazakhstan.





«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ
Ғылыми-зерттеу жұмыстарын
ұйымдастыру бөлімінің аға сарапшысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі
Жақан Назерке Қанатқызы

ТАРИХЫ БАЙ, ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТҮРКІСТАН

Қазақ халқының төл мұрасы мен рухани қазынасының қайнар көзі болып саналатын бабалардан аманат болып жеткен қолжазба мұраларда халықтың бастан кешкен бүкіл өмір жолы, тағдыр-талайымы, арман-мұраты, қайғысы мен қуанышы, мұң-мұқтажы, жеңілісі мен жеңісі жатыр. Сол ел өмірінен көрініс беретін мәдени мұралардың жиналуы, жариялануы, зерттелуі тарихын нақты уақытпен дәл тауып айту әрине қиын. Ол қаншалықты көне болса, оның түп негізі де тым тереңге тамыр тартады. Біз тарихымызды, өткенімізді осындай жазбалар арқылы ғана біле аламыз. Ғасырлар қойнауынан үзіліп бүгінге жеткен халқымыздың баға жетпес асыл мұраларын елеп-екшеп, сүзгіден өткізу, дереккөздерін саралап, сараптап, ғылыми айналымға түсіру, оны ел игілігіне жарату – Ұлттық орталықтың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады.


Осы мақсатта Елордасы – Астана төрінде орналасқан Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат

министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында» ұйымдастырылып отырған ғылыми экспедициялық топ құрамында: Реставрация және консервация бөлімінің меңгерушісі Ботабеков Сырым Сайлауұлы, Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бас сарапшысы, парсы, араб тілдерінің маманы, тарихшы Абсаликов Алмат Амантайұлы және аға сарапшы, тарих магистрі Жақан Назерке Қанатқызы қатарлы қызметкерлер ағымдағы жылдың 19-23 ақпан аралығында киелі Түркістан облысында ғылыми іссапарда болып қайтты.

Сондай-ақ, биылғы жылдың жұмыс жоспарында Түркістаннан бөлек Қызылорда, Тараз, Семей қалаларына ғылыми экспедициялар бар.

Түркістан – ұлылар мекен еткен түркі дүниесінің рухани орталығы. Ол қаншама хандар мен билердің, сұлтандардың және әулие бабаларымыз Қожа Ахмет Ясауи мен Арыстан баб-





1 сурет. Бакырғани Кітабы, Қазан баспасы (Түркі тілінде)

тың мазары қасиет қонған текті мекен.

Ғылыми экспедиция мүшелері алғашқы күні Түркістан қаласындағы Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы директоры Мәулен Жарылқасынұлымен, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Түркология, ғылыми-зерттеу институтының директоры Бүлент Байраммен, сондай-ақ, Ясауитану ғылыми-зерттеу институтының директоры Нұрлан Берденұлымен кездесті. Кездесу барысында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейі» қорындағы 661 қолжазба мен сирек кітаптардың тізімі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Түркология, ғылыми-зерттеу институтынан Түркология институтындағы қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы каталогының 3 томы, және қордағы құнды 3 көне жазбалардың электронды көшірмесі алынды. Сонымен қатар, Ясауитану ғылыми-зерттеу институтынан Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің қолжазба каталогы, Бустан ул-Мухиббин Шайх Худайдад ибн Таш-Мухаммад ал-Бухари кітабы алынды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазак-Түрік Универ-

ситеті, Ғылыми директоры Кітапхана директоры Абсеметова Ақмеруерт Абсадыққызы, Түркістан облыстық Farab әмбебап кітапханасы директорының орынбасары Ернұр Әлімбайұлымен жүздесіп, кітапхана қорындағы көне кітаптардың тізімі алынды.

Ғылыми жұмыстың мақсатын түсіндіру және жүргізу бойынша экспедиция мүшелері Түркістан телеарнасының басқарушы директоры Тельман Әбдібекұлымен, бас директор Жанахмет Жәнібекұлымен кездесіп, «Жаңа толқын» ақпараттық бағдарламасында тікелей эфирге шығып, ғылыми экспедиция жұмысының мақсаты жайында сұхбат берді.

Экспедиция жұмысы одан әрі Түркістан облысы Отырар ауданындағы Шәуілдік ауылындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейінде жалғасты. Музей директоры Айбек Қыстаубайұлымен кездесу ұйымдастырылып, қордағы кітаптар тізімі алынды. 2 көне кітаптың электронды көшірмесі жасалынды. Руханият Әбу Нәсір әл-Фараби музейі директоры Алмас Абдуллаұлымен кездескеннен кейін мұражай қорындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар каталогы алынды. Сондай-ақ экспедициялық топ Есен ана мен Арыстан баб мешіттерінде де болып қайтты.

Көшпелі өмір салты мен отырықшылықты, яғни, қос мәдениетті қатар ұстанған арғы ата-бабаларымыздың төл жазба мәдениеті ықылым заманнан біздің жыл санауымызға дейінгі дәуірлерде қалыптасты деуге толық негіз де, дәлел де бар. Көненің көзі, асылдың сынығы болған рухани мұра-



ларымызды, әсіресе, көне араб әріпімен жазылған кітаптарды ұлтымызда қасиетті Құран деп танып, көзінің қарашығындай қорғап, ерекше қастерлеп, қадір тұтатын болған. Оны таза шүберекке орап, адам аяғы баспайтын биік жерге іліп қоятын әдеп нормасы сақталған.

Осы тұста біз экспедиция мүшелері ауыл халқы және Түркістанда болған мекемелерден ел ішінде өз аталарынан қалған құнды мұраларды сақтап отырған ұрпақтар бар, алайда құнды мұраларды сақтап отырған бүгінгі ұрпақтар, сол жазбаларды мемлекет қарамағына тегін өткізгісі келмейтіндігін (әр қолжазбаға қажетті төлемақы сұрауы) немесе мүлдем бергісі келмейтіндігі жөнінде әңгіме құлағымызға еміс, еміс шалынып қалған болатын. Істің анық-қанығына жету үшін Төрткүл, Елшібек батыр, Қызылжар, Қарақұм, Қарнақ (Атабай) ауылдарын аралауды жөн көрдік.

Елшібек батыр ауылынан Байсейітұлы Болғанбай молданың құнды мұралары анықталды. Байсейітұлы Болғанбай молда өзі 1 жыл бұрын дүниеден озған екен. Немересі Нұржан атасының көзі тірі тұрғанда мұндай құнды жазбалардың мол болғандығын, дүниеден өткен соң, бұл мұралардың біразы ауыл мешітіне тапсырылғандығын атап өтті.

Байсейітұлы Болғанбай молданың біз анықтаған мұралары үйінің төбесінде (чердақта) қапшықта жатқан жерінен оларды төбеден жерге түсіріп, сұрыптап,

анықтап, реттегенбіз.

Естуімізше, мұндай құнды мұралардың біразы осылай үйдің төбесінде, немесе сандықта не болмаса басқа бір жерде шашылып жатқаны анық. Тарихымыз бен мәдениетімізге қатысты құнды мұраларымыздың әр жерде осылай көзден таса, елеп-ескерусіз жатқаны әрине жаныңа бататын, көңіл құлазытарлық жайт. Экспедиция барысында біраз ауыл ақсақалдарымен тілдесу барысында, құнды жазба мұраларды ауыл халқы үйлерінде әлі қапшықтарға тиеп сақтап отырғандығы, ешкімнің құнды жазба мұраларды мемлекеттік есепке тапсырғысы келмейтіндігі анықталды.

Иа, расымен ата-бабадан қалған мұраны келешек ұрпаққа аманаттап жеткізу мемлекет деңгейінде қолға алып, қарастырылатын күн тәртібіндегі негізгі жұмыстардың бірі болып, саналуы тиіс. Бұған тарихшы ғалымдарды жұмылдыру ауадай қажет. Ауыл ақсақалдарымен сөйлесу барысында кей жазба мұраларды тиісті бағасына мемлекетке сатқысы келетін адамдардың да бар екендігі белгілі болды. Бір жағынан қазіргі нарық заманында ешкім қолындағы затын тектен тек бере



2 сурет. Жергілікті тұрғандардан құнды қолжазбаларды алу сәті





3 сурет. Жергілікті тұрғандардан алынған құнды мұралар

Мұзаффаров, Шоқай Ералы сияқты азаматтар табылды.


Жоғарыда ел ішінде сақталып отырған әр түрлі пікірлерді саралай келе, ел аумағында қолжазба мәдениетін қалыптастыру, қолжазба тек жеке бір адамның ғана емес, халықтың, жүйеден бір ұлттың, елдің ортақ рухани қазынасы екендігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қолжазба мен сирек

кітаптардың сипатын, мақсатын, функциясын, рөлін жұртшылық қауымға кең көлемде насихаттау тиіс.

Ел арасынан тапқан қолжазбалар ішінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет», «Китаб әл Мустафад әл Ахбар Фи Ахвали Қазан және Бұлғар» тарихи кітабы және Теология туралы араб, парсы, түрік тілдеріндегі кітаптар кездеседі.

Қорытып айтқанда, ғылыми экспедиция жұмысы өте нәтижелі аяқталды. Жалпы 29 дана құнды жазба мұра, оның ішінде халқымыздың мәдениеті мен тарихы үшін маңызды 8 қолжазба жиналды, Ұлттық орталықтың қоры толығып, молая түсті.

Орталықта ел арасынан жиналып жатқан көне жазба мұраларды сұрыптап, зерделеп, зерттеп ғылыми айналымға енгізу бойынша жұмыстар қауырт жүріп жатыр. Міне мұның өзі ел тарихына қосқан бір үлесіміз болып табылады.



4 сурет. «Кысм аваль мин Китаби Мустафад аль Ахбар фи ахвал Казан ва Булгар»

салғысы келмейді. Көрші Өзбекстан мемлекетінде халықтан көне қолжазбаларды мемлекет тұрғысынан сатып алу мәселесі қарастырылған. Бізге де ел тарихы үшін мұндай тәжірибені енгізу жөн деп санаймын.

Ата-бабаларынан қалған құнды мұраны мемлекет меншігіне табыстаған Түркістан облысының тұрғындары Байсейітұлы Болғанбай молданың немересі Нұржаннан басқа Райымжан





Есепке алу, сақтау, көрме және оқу залдарының жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бас сарапшысы

Омарова Бақытжан Төкенқызы

ҒАСЫРЛАР РУХАНИЯТЫ АСТАНА ТӨРІНДЕ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ-де 2024 жылдың сәуір-мамыр айларында алғаш рет Сыр өңірінің рухани-мәдени орталығы Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Ғасырлар руханияты» атты көрмесі ұйымдастырылып, салтанатты ашылуы өткізілді.

Көрменің мақсаты – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорларында сақталған халқымыздың рухани қазынасы болып табылатын көне құнды жазба мұраларымыз бен тарихи жәдігерлерімізді және киелі Сыр өңірінің рухани-мәдени тарихын насихаттау.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі 1939 жылы ашылған. Бүгінде облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорында 51239 көрме қойылымдары бар. Көрме қойылымдарында археология мен этнография, нумизматика, мүсін, қолданбалы өнер бұйымдары, фотосуреттер мен құжаттар, сирек кездесетін кітаптар топтамала-

ры, өлкенің өсімдік және жануар әлемі заттары бар. Музей қоры археологиялық, этнографиялық жинақтарға, зергерлік әшекей бұйымдарға, сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларға да бай.

«Сыр – Алаштың анасы» деп аталатын киелі өңір көне дәуірлерден бері жарқын өркениеттердің ошағы. Сыр өңірінің ежелгі және ортағасырлық тарихы Еуразия құрлығының, оның ішінде қазақ халқының тағылымды тарихының іргетасы болып саналады. Көрмеде көненің көзіндей сақталып келген тарихи мұралар мен жазба деректер, яғни XVIII-XX ғғ. жарық көрген араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар, Сыр өңірінің тарихи тұлғаларының мөрлері және де өнер иелерінің өздері қолданған музыкалық аспаптары орын алды.

Атап айтар болсақ, музей қорында сақталған XVIII-XX ғғ. Стамбул, Каир, Қазан, Ташкентте жарық көрген араб, парсы, шағатай тілдерінде жазылған сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалармен танысуға бо-





1 сурет. Көрменің ашылу сәті



2 сурет. Көрмеге қойылған музыкалық аспаптар

қарақалпақ, тәжік елдеріне танылған Сыр бойынан шыққан жыр сүлейі Тұрмағанбет Ізтілеуовтің қолжазбалары да көрмеден орын алады. Тұрмағанбет Кіші жүздің Кетеруынан тараған. Алғаш Алдашбай ахуннан сауатын ашқан, кейін медреселерде оқуын жалғастырған.

лады. Сонымен қатар, Сыр өңірінен шыққан түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға Қорқыт атаның жазба ескерткіші – «Қорқыт Ата кітабының» Дрездендік және Ватикандық нұсқалары және бүгінгі таңда авторлық төл қолтаңбасы сақталған «Шығыстың тірі сөздігі» атанған шайырлық даңқы қазақ жерінен асып, көршілес өзбек,

Араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген. Өзі медресе оқи жүріп Қарақалпақ елінде бала оқытқан екен. Сыр сүлейі жазбаша айтыстың дамуына өзіндік үлес қоса отырып, Сыр бойындағы жазба айтыс мектебін қалыптастырушылардың бірі болған.

Сыр өңірінің тарихи тұлғалары Марал ишанның ұлы Қалмұхаммедтің,



Ер Сейітпенбет әулиенің, Сердәлі бидің мөрлері, Қазанғап күйшінің, айтыскер ақын Манап Көкеновтың, жыршы Алмас Алматовтың және басқа да Сыр бойынан шыққан өнер иелерінің өздері қолданған музыкалық аспаптары мен қойылды.

XIX ғасырда әйгілі үш жүздің пірі болған, Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық көтерілісінің рухани көсемі Марал ишан Құрманұлының үлкен баласы Қалқай ишанның мөрі, араб жазуынан аударғанда «Қалмұхаммед ибн Марал ишан, хиджраның 1247 жылы» деп жазылғаны анықталған.

Қалқай ишанның қазақ тарихында аса жоғары беделге ие болған діни қайраткерлердің бірі екені сөзсіз. 1815-1870 жылдары өмір сүрген Қалқай ишан Бұқара мен Бағдат қалаларының медреселерінде ілім алып, елге келгеннен кейін мешіт-медресе ұстап, жастарды руханиятқа сусындатып қана қоймай, елді еңбекке баулыған екен.

Ер Сейітпенбеттің мөрінде арабшадан аударғанда «Сайд Мухаммед бин Қожажан» деп жазылғаны анықталған. Мөр күмістен жүзік тәрізді етіп жасалған. Жәдігер XIX ғасырда қасиетті Мекке қаласында арнайы жасалған, бүгінгі күнге дейін құнды жәдігер ешқандай ғылыми айналымға енбеген.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры



3 сурет. «Сияр Шариф» кітабы



4 сурет. Көрмеге қойылған жәдігерлер

С. Көзейбаев Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығына қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді, және де Түркиядан арнайы келген Докуз Әйлүл университетінің жалпы тарих кафедрасының профессоры Ерман Гөксу көрме қатысушыларына жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар, көрмеге Астана қаласының мемлекеттік Архивінің, Юнус Әмре түрік мәдениет орталығының, Еуразия ұлттық университетінің, Аманат партиясының өкілдері, ғалымдар мен сала мамандары, БАҚ өкілдері, студенттер мен Астана қаласының тұрғындары және қонақтары қатысты.

Сондай-ақ, қонақтар қазақ халқының рухани қазынасы болып саналатын өзге де көне, құнды жазба мұралар мен тарихи жәдігерлер туралы мәлімет алды.



«ULY DALA MURASY» ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында тоқсан сайын «ULY DALA MURASY» атты ғылыми-танымдық журнал басылып шығады.

Мақалаларға қойылатын талаптар:

«ULY DALA MURASY» ғылыми-танымдық журналының редакциясы әрбір нөмірінде шетелдік авторлардың мақалаларын, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ғылыми мақалаларды қабылдайды. Журналдың бір санына автордың тегімен (немесе қосалқы авторлықта) бірден артық емес қолжазба беру ғана қарастырылған. Барлық талаптарға сай рәсімделген мақалалар талқылауға қабылданады, редакциялық алқа қолжазбаны іріктеп жариялауға құқылы. Мақалаға автордың келісімінсіз (стилистикалық) шағын түзетулер енгізіледі, ал маңызды түзетулерді талап ететін мақалалар қайта қарау үшін авторға қайтарылады.

Автор (авторлар) журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті. (rarebooks.kz)

Мақаланы редакцияға жолдамас бұрын, ережемен таныс екеніңізге көз жеткізіңіз және ғылыми мақаланы жариялау үшін қойылатын талаптардың толық орындалуын ескеріңіз. (rarebooks.kz)

Мақала мазмұны үшін автор (авторлар) жауапты.

Мақаланы рәсімдеу ережесі: Электрондық нұсқада MS Word (кез келген нұсқада) форматында, Times New Roman, 14 қарпімен интервал – бір, шеті – 2 см., азатжол – 1,25 см.

- көлемі – 0,5 б.т. кем емес (7-8 компьютерлік парақша);
- бірінші парақтың үстіңгі сол жағында ЭОЖ индексі көрсетіледі;
- келесі жолдың оң жағында – автордың тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі, жұмыс орны;
- келесі жолда мақаланың атауы БАС әріппен жазылады;
- аңдатпа (аннотация) берілуі керек (180-200 сөз); қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
- түйінді сөздер. 10-ға дейін кілт сөздерді көрсету керек.
- екі интервал арқылы мақаланың мәтіні орналасады;
- әдебиеттер тізімі, ГОСТ 7.1-2003 талаптарына сай рәсімделеді (әдебиеттер тізімінде дереккөз бір рет беріледі, «Сонда» деген сілтеме қабылданбайды);
- сілтемелер мен нұсқамалар нөмірленген дереккөздерге тік жақшаларда дәйексөздердің соңынан беріледі (үлгі: [1,28 б.]);
- кестелер, формулалар, суреттер беруге рұқсат етіледі. Мақала мәтініне сурет және кесте астына жазылған жазумен бірге орналастырылады (үлгі: Сурет 1. Атауы; Кесте 1. Атауы);
- көрнекті материалдардың (сканерленген түрлі-түсті және ақ-қара графикалық суреттер, диаграммалар) көрінісі 300 dpi-ден кем емес, RGB түрлі-түсті, Gray ақ-қара түсті TIFF форматтарында электрондық тасымалдаушыларда жіберілуі қажет;
- мақала мәтіні автор тарапынан мұқият тексеріліп редакциялануы тиіс. Мақалаға автор туралы келесі қысқаша мәліметтер 3 тілде жазылуы керек. (қазақ, орыс, ағылшын)қоса тіркеледі: тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі, жұмыс орны, телефон нөмірі, e-mail.

Байланыстар: Астана қ., 010000, Нұржол желек жолы, 12 үй,
«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ.
Тел.: 8 (7172) 769027; 8 705 546 0545
E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalamura@mail.ru



**НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ ЖУРНАЛ «ULY DALA MURASY»
(Наследие великой степи)**

С 2019 года в Национальном центре рукописей и редких книг Министерства культуры и информации Республики Казахстан ежеквартально выходит научный журнал «ULY DALA MURASY».

Требования к статьям: Редакция научного журнала «ULY DALA MURASY» в каждом номере принимает статьи зарубежных авторов и научные статьи на казахском, русском, английском языках. В номер допускается подавать не более одной рукописи с фамилией автора (или в соавторстве). Статьи принимаются к рассмотрению при соответствии всем требованиям, редакционная коллегия оставляет за собой право отбора материалов для публикации. Небольшие исправления (стилистического или формального характера) вносятся в статью без согласования с автором, статьи, требующие серьезных исправлений возвращаются авторам на доработку.

Автор обязан представить сопроводительное письмо для публикации научной статьи в журнале. (rarebooks.kz)

Прежде чем отправить статьи в редакцию, убедитесь, что вы ознакомлены с положением и учитываете полное выполнение требований, предъявляемых к публикации научной статьи. (rarebooks.kz)

Ответственность за содержание статей несет автор (авторы).

Правила оформления статей: В электронном виде в формате MSWord (любая версия), Times New Roman, кегль – 14, интервал – одинарный, поля – 2 см., отступ строки абзаца – 1,25 см.

- объем – не менее 0,5 п.л. (7-8 компьютерных листов);
- на первой странице вверху по левому краю указывается индекс УДК;
- на следующей строке справа – инициалы и фамилия автора, ученая степень и должность, место работы;
- на строке ниже ПРОПИСНЫМИ буквами – название статьи;
- аннотация должна быть представлена (180-200 слов); на казахском, русском, английском языках.
- ключевые слова, должны указать до 10 ключевых слов.
- через двойной интервал располагается текст статьи;
- список литературы, оформленный в соответствии с ГОСТ 7.1-2003; (в списке литературы источник указывается один раз, не допускается указания «Там же»);
- сноски и ссылки на источники с нумерацией по мере упоминания даются в квадратных скобках после цитаты (образец: [1, с.28].);
- допускается наличие таблиц, формул, рисунков. Размещаются в тексте статьи, обязательно наличие подрисуночных подписей и подписей к таблицам (образец: Рис.1. Название; Таб.1 Название);
- иллюстративные материалы (отсканированная цветная и чернобелая графика, диаграммы) должны отображаться в наборах электронных данных в цвете RGB, черно-белых форматах TIFF с градациями серого и разрешением не менее 300 dpi;
- текст статьи должен быть тщательно проверен и отредактирован автором.
- сведения об авторе статьи должны быть написаны на 3 языках. (казахский, русский, английский): фамилия, имя, отчество, ученая степень, ученое звание, должность, место работы, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail.

Контакты: г. Астана, 010000, Бульвар Нуржол, д.12,
РГУ «Национальный центр рукописей и редких книг».
Тел.: 8 (7172) 769027; 8 705 546 0545
E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalamurasy@mail.ru



Бас редактордың орынбасары: *К.П. Пәрімбекова*
Жауапты редактор: *Т.Қ. Мағауиянова*
Корректор: *А.Б. Ермишова*

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
2019 жылғы 13 ақпанда тіркелген, оған № 17514-ж куәлігі берілген.
Шығу жиілігі: үш айда бір рет шығады.
Журналдың электронды нұсқасын төменде көрсетілген ресми сайттан
көре аласыз. Автордың көзқарасына редакция жауап бермейді.

Мекен-жайы: Астана қ., 010000, Нұржол желек жолы, 12 үй,
«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ.
Тел.: 8 (7172) 769027; 8 701 705 546 0545
E-mail: ulydalamurasy@mail.ru; sirek.kitap@bk.ru

sirek.kitap@bk.ru



<https://manuscript.kz/>

Қолжазбалар Орталығы



+7 7172 769027

@sirek_kitap



Қолжазбалар және сирек
кітаптар

«Шаңырақ-Медиа» ЖШС баспаханасында басылды
Астана қ., «Өндірістік» тұрғын алабы, Көкарал көш., 2/1
тел.: +7 (7172) 57 99 06
e-mail: info@smedia.kz
www.smedia.kz

Баспаға 19.06.2024 ж. қол қойылды.
Тапсырыс №393. Таралымы 500 дана.

